

ПАВЛОДАР УНИВЕРСИТЕТІ


МАГИСТРАТУРА

«Педагогика» кафедрасы

Магистерлік диссертация


**СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ШЕТ ТІЛІ
АРҚЫЛЫ ДАМУ**

540350 «Педагогика»

Орындаушы  Жұмакелдина Б.Қ.
(қолы, күні)

Ғылыми жетекші
профессор  Сатынская А.К.
(қолы, күні)

Қорғауға босатылды:

«Педагогика»
кафедрасының меңгерушісі
профессор  Мачнев Н.Ф.
(қолы, күні)

Павлодар 2005

ПАВЛОДАР УНИВЕРСИТЕТІ

МАГИСТЕРЛІК ДИССЕРТАЦИЯҒА ТАПСЫРМА

Магистрант Жұмакелдина Бағлан Қалымтайқызына

1. Тақырыбы «Студенттердің шығармашылық қабілеттерін шет тілі арқылы дамыту»
(Педагогика кафедрасында _____ 200__ ж. бекітілді)
2. Ақталған магистерлік жұмыстың тапсырылу мерзімі 5 мамыр 2005 ж.
3. Жұмыстың алғашқы мәліметтері: 1. ғылыми әдебиеттің анализі
2. бақылау, сауалнама жүргізу, жалпы ойлау жылдамдығын анықтау
4. Магистерлік диссертацияның мазмұны
 - ❖ «шығармашылық қабілеті» ұғымының маңызын анықтау;
 - ❖ студенттердің шығармашылық қабілетін қалыптастырудың шарттарын айқындау;
 - ❖ шет тілін оқыту процесіндегі студенттердің шығармашылық қабілетінің қалыптасу моделін жасау, оның құрамдас бөліктері, критерийлері мен деңгейлерін анықтау;
 - ❖ жоғары оқу орнындағы тұтас педагогикалық процесте студенттердің шығармашылық қабілетін дамытатын шет тілін оқытудағы әдістемелер тиімділігін тәжірибелік – педагогикалық жұмыстар арқылы тексеру.
5. Тапсырманың берілген күні 5 мамыр 2005 ж.

«Педагогика»

кафедрасының меңгерушісі

профессор

(қолы, күні)

Мачнев Н.Ф.

Ғылыми жетекшісі

профессор

(қолы, күні)

Сатынская А.К.

Тапсырманы ___ мамыр 2005 ж. алдым

(қолы, күні)

Жұмакелдина Б. Қ.

МАЗМҰНЫ:

Кіріспе	4
Бірінші тарау. ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТІ ДАМУДЫҢ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.	
1.1. Студенттердің шығармашылық қабілетін дамытудың жалпы ерекшелігі.	8
1.2. Жеке тұлғаның шығармашылық қабілетін дамытудың мазмұны.	14
1.3 Тұлғаның шығармашылық қабілетін дамытудың әдістемелік мәні.	21
Бірінші тараудың қорытындысы	37
Екінші тарау. СТУДЕНТТЕР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ДАМУҒА АРНАЛҒАН ТӘЖІРИБЕЛІК ЖҰМЫС	
2.1 Шет тілін оқыту арқылы студенттердің шығармашылық қабілеттерінің диагностикасы.	41
2.2 Шет тілін оқыту арқылы студенттердің шығармашылық қабілетін қалыптастыру.	52
2.3 Шет тілін оқытудағы студенттердің шығармашылық қабілетін дамытудың тиімді жолдарын анықтау.	61
Екінші тараудың қорытындысы	67
ҚОРЫТЫНДЫ	69
ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ	73
ҚОСЫМША	78

Реферат

«Студенттердің шығармашылық қабілеттерін шет тілі арқылы дамыту» деген тақырыпқа жазылған магистерлік диссертация 78 беттен тұрады.

Зерттеу жұмысының құрамында 4 кесте, 2 диаграмма, 7 схема қарастырылады.

Қолданылған әдебиеттерге философиялық, социологиялық, психологиялық, ғылыми-педагогикалық, әдістемелік еңбектердің 97 саны жатады.

Зерттеу жұмысы барысында көп қолданылған сөздер мен сөз тіркестері: қабілеттілік, тұлға, шығармашылық, шығармашылық психологиясы, шығармашылық қызметі, шығармашылық қаракет, шығармашылық қабілет, ойлау қабілеті, ой икемдігі, ерекшелік, шапшандық, ойлау икемдігінің жылдамдығы, шығармашыл тұлға, парасат, тәрбие, рухани байлық.

Зерттеу жұмысының мақсаты студенттердің шығармашылық қабілеттерін шет тілін оқыту арқылы қалыптастырудың қолайлы мүмкіндіктерін ғылыми-педагогикалық тұрғыдан тұжырымдау болып табылды. Осы мақсатқа жету үшін эксперимент кезінде әртүрлі әдістемелер: бақылау, эксперимент, өзін-өзі бағалау т.б. әдістемелер қолданылды.

Зерттеу барысында жасалған бағдарламадағы қолданылған әдістемелер шет тілін оқытудағы студенттер бойынан шығармашылық қабілеттерді дамытуға мүмкіндік берді және әрі қарай зерттелетін шығармашылық қабілетті дамытудың басқада мәселелерін айқындады.

Зерттеу кезінде алынған нәтижелерге сүйене отырып, шет тілін оқытудағы тиімді әдістемелер қолданылып, эксперимент арқылы олардың тиімділігі анықталды. Сонымен қатар екі топқа социограмма арқылы мінездеме берілді және оқу үрдісінде қолданылатын дәстүрлі емес сабақтардың құрамы айқындалды.

Студенттердің шет тілін оқудағы процесінде шығармашылық қабілетінің қалыптасу мазмұнының, сандық және сапалық сипатын көрсететін теориялық моделдері жасалынды.

Осы модельдің критерийлері мен көрсеткіштері арақатынасының әртүрлі дәрежеде көрініс беруіне байланысты зерттелетін шығармашылық қабілеттің мүмкін болатын төрт шартты деңгейі анықталды және әрқайсысына сапалық жағынан сипаттама берілді.

КІРІСПЕ

Зерттеудің көкейкестілігі. Қазіргі қоғам шығармашылық қабілеті бар, талантты іскер мамандарға мұқтаж. Оқу - ағарту ұжымының жалпы негізгі мақсаты баланың білім игеру кезінде ойлау қабілетін қалыптастыру, дербес жұмыс жасау қабілеттерін дамытудың маңыздылығын айқындайды.

Педагогика ғылымы және жоғарғы оқу орны жеке тұлғаның білім игеру кезінде ойлау қабілетін қалыптастырып, сол арқылы таным әрекетін белсендіру қажеттігін көрсетеді. Осы мәселелер жеке тұлғаның шығармашылық қабілеттерін, шығармашылық әрекеттерін, қырларын дамытудың өзекті екенін анықтайды.

Бүгінде қоғамдық қатынастардың нарықтық жағдайда қайта құрылуымен байланысты жеке тұлғаны мәдени кеңістікте тәрбиелеп, оның шығармашылық қабілетін жетілдіріп қалыптастыруға үлкен көңіл бөлініп отыр.

Қазіргі таңда нарықтық қатынастың өріс алуына байланысты еліміздегі әлеуметтік-экономикалық реформалар білім беру жүйесіне біршама ықпалын тигізуде.

Оқыту екі жақтың да, мұғалім – оқушы, бірдей еңбек етуін талап ететін үрдіс, сондықтан ұстаз өзінің іс-әрекетін ұйымдастырып, тек оның орындалысымен ғана қанағаттанып қоймай, оқушының да белсенділігін, білім игерудегі әрекетін дамытуға ықпалын тигізуі керек.

Осы мәселенің психологиялық жақтарын зерттегендер: А.Н.Леоньев, Л.С.Выготский, Н.А. Лук, М.А. Блох, Ю.К.Бабанский, Я.А.Понамарев сияқты ғалымдардың еңбектері белгілі.

Педагогикалық және әдістемелік тұрғысынан зерттегендер: И.Я.Лернер, М.Н.Скаткин, Н.Д.Хмель, В.И. Орлова, Г.И. Щукина.

Соңғы жылдары Республикамызда оқушылардың оқу – таным әрекеттерін белсендіру, проблемалық оқыту, оны ұйымдастыру, әдіс – тәсілдерін жетілдіру жайында зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Осыған мына ғалымдар еңбектерін жатқызуға болады: Қ.Б. Жарыкбаев, Г.Е. Алимухамбетова, А.Е. Абылқасымова, Ж.А. Қараев, Г.К.Нұрғалиева, Ғ.М. Құсайынов. т.б.

Осы уақытқа дейін сабақ - оқу жұмысын ұйымдастырудың негізгі формасы болып табылады. Сабақтың тиімділігін, сапасын түбегейлі жақсарту мақсатында белсенді оқытудағы дәстүрлі емес сабақ түрлерінің рөлі зор.

Бұл сабақтарды өткізу барлық оқу орындарында кездеседі, бірақ осы сабақтардың оқу – тәрбие саласындағы орны, маңызы мен жүйесі теориялық тұрғыда негізделіп, толық зерттелуін талап етеді. Сол себепті осындай сабақтар әдістемелік жағынан дұрыс ұйымдастырылып, нақтылы мақсатта өткізілуі тиіс.

Дәстүрлі емес сабақтардың бір ерекшелігі - баланың ойлау еркіндігінің шексіздігінде, өзін танытуға, даралануға, қиялдауға, шығармашылық еңбекке бейімделу мүмкіндігінің молдығында. Ғалымдар пікірінше шығармашылық ойлау жаңа пікірлер тудыруға жеткізеді. Қазіргі кезде шығармашылық ойлау аса маңызды, себебі әркімнің еркін ойлауын, жеке шығармашылығын қажет ететін уақыт келді. Осы көтеріп отырған мәселе жөнінде ғылыми материалдарға

жүргізілген теориялық талдауларымыз студенттер шығармашылығын дамытудың теориялық тұрғыда толық негізделмегенің көрсетеді.

Студенттер шығармашылығын дамыту қажеттілігі мен шығармашылықты дамытудың тиімді әдістемелік жолдарының жасалу деңгейінің жеткіліксіздігі арасындағы **қарама-қайшылық** айқын көрінеді. Осы қайшылықтарды шешу үшін **зерттеу проблемасы** былайша тұжырымдалды: шет тілін оқытудағы студенттерді шығармашылыққа, рухани, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы интеллектік байытумен қатар әлемдік және отандық мәдениет жетістіктеріне баулу жүйесін жетілдірудің педагогикалық тиімді шарттары мен тәсілдерін анықтау.

Зерттеу тақырыбымызды: Студенттердің шығармашылық қабілеттерін шет тілі арқылы дамыту деп айқындауға болады.

Зерттеудің мақсаты: Студенттердің шығармашылық қабілеттерін шет тілін оқыту арқылы қалыптастырудың қолайлы мүмкіндіктерін ғылыми-педагогикалық тұрғыдан тұжырымдау.

Зерттеу объектісі: жоғары оқу орнындағы тұтас педагогикалық процесс.

Зерттеу пәні – студенттерді шет тіліне баулудағы шығармашылық қабілетін дамыту.

Зерттеудің ғылыми болжамы.

Егер студенттерді шет тілін оқытуда жоғары оқу орнындағы тұтас педагогикалық процеске шығармашылық қабілетін дамытатын тиімді әдістемелік жүйелер еңгізілсе, онда зерттелетін шығармашылық қабілетінің даму деңгейін жоғарылату мүмкіндігі туындап, оқу процесінің тиімділігін арттыруға болар еді.

Зерттеу міндеттері:

- «шығармашылық қабілеті» ұғымының маңызын анықтау;
- студенттердің шығармашылық қабілетін қалыптастырудың шарттарын айқындау;
- шет тілін оқыту процесіндегі студенттердің шығармашылық қабілетінің қалыптасу моделін жасау, оның құрамдас бөліктері, критерийлері мен деңгейлерін анықтау;
- жоғары оқу орнындағы тұтас педагогикалық процесте студенттердің шығармашылық қабілетін дамытатын шет тілін оқытудағы әдістемелер тиімділігін тәжірибелік – педагогикалық жұмыстар арқылы тексеру.

Зерттеудің жетекші идеясы: студенттер белсенділігін арттырудың дидактикалық, ғылыми - теориялық негіздерін тұжырымдау арқылы, жас ұрпақтың шығармашыл адам болып қалыптасуын жоғары оқу орнындағы оқу процесінде мақсаткерлікпен жүзеге асыру қажет.

Біздің зерттеуіміздің жалпы **әдіснамалық** және **теориялық** негізі ретінде жеке тұлғаның жан - жақты және үйлесімді дамуы туралы классик - педагогтардың ой - пікірлері, жастардың шығармашылық қабілеттерін дамытудағы шет тілін оқытудың маңызы, әдістемелі - мұғалімдердің озық тәжірибелерін жинақтау, ғылыми әдістемелік басылымдарға теориялық талдау жасау, шет тілін шығармашылық қабілетпен біріктіру жөніндегі еңбектері алынды.

Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізі: жеке тұлғаның мәні мен оның дамуындағы шығармашылық әрекеттік, тұлғалық ізгілендірушілік қатынас туралы қазіргі философиялық қағидалар; табиғат, қоғам, адамның өзара байланысы мен шет тілін оқыту туралы ілімдерді қамтып көрсететін таным теориясы (және негізгі дидактикалық принциптер).

Зерттеу әдістері: зерттеліп отырған мәселеге қатысты бұрынғы Одақтағы, көрші шет елдердегі зерттеулерді, әдістемеші – мұғалімдердің озық тәжірибелерін жинақтау, ғылыми әдістемелік басылымдарға теориялық талдау жасау, педагогикалық эксперимент жүргізу, эксперимент нәтижелерін өңдеу және қорытындылау. Әдебиеттер, жинақтар және құжаттарды оқып – білу. Яғни, үкімет қаулылары, философия, педагогика, психология, дидактика, дербес әдістеме бойынша отандық және шет елдік ғалымдардың еңбектері.

Зерттеу нәтижесінде қорғауға ұсынылған негізгі қағидалар: студенттер шығармашылығын дамыту әдістемесі негіздерін теориялық тұрғыдан тұжырымдау; негізгі талаптарды анықтау, шет тілін оқуға және толық меңгеруге деген қызығушылығын арттыру, дәстүрлі емес сабақтарды өткізудегі тиімді әдістемелер жүйесі арқылы студенттер шығармашылығын дамытудың мүмкіндіктері.

Зерттеу нәтижелерінің дұрыстылығы және негізділігі: Шет тілін оқыту студенттерді шығармашылыққа бейімдеу мәселелерін әдіснамалық тұрғыдан қарап, осы саладағы философиялық, педагогикалық, психологиялық жетістіктерді қолданумен зерттеудің міндеттері мақсатына сай келеді.

Зерттеу базасы: Павлодар Мемлекеттік педагогикалық институтының “Шетел тілі” факультетінде шетел тілі мамандығында оқитын 2 курс студенттері.

Зерттеу барысында 40 студент қамтылды.

Зерттеудің негізгі кезеңдері:

Бірінші кезеңде жалпы оқудағы және шет тілін оқудағы шығармашылық қабілетінің танымдық әрекетін белсенді дамытуға арналған ғылыми - әдістемелік еңбектерді жинақтау, танысу, тұжырымдау. Шығармашылық қабілетін қалыптастырудың әдістемелері қарастырылды. Тәжірибе бағдарламасы мен зерттеу әдістері сараланды. (2003-2004ж.ж.)

Екінші кезеңде констатациялық эксперимент өткізілді, және қалыптастыру экспериментінің әдістемелері, кезеңдері анықталды. (2004, 2005ж.ж.)

Үшінші кезеңде шығармашылық қабілетін шет тілін оқыту арқылы қалыптастыру эксперименті жүргізілді. Жалпы зерттеу барысында алынған қорытындылар мен нәтижелерге талдау жасалып және олардың тиімділігі дәлелденді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- «шығармашылық», «шығармашылық қабілет», «шет тілі арқылы шығармашылық қабілетін дамыту» сияқты ұғымдарының мәні ашылды;
- теориялық негізге сүйене отырып жоғары оқу орнындағы тұтас педагогикалық процесте студенттердің шығармашылық қабілетін дамытатын шет тілін оқытудағы тиімді әдістемелік жүйелер қарастырылды;

- шығармашылық процесс құрылымы, студенттердің шет тілін оқудағы шығармашылығы жөніндегі ұғымдардың мән – мағынасы толықтырылды;
- педагогикалық озық тәжірибені зерделеу және жүйелеу арқылы, шет тілін оқытудың әдістері мен құралдары бойынша студенттер шығармашылығын дамыту бағыттары анықталды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

- студенттердің шет тілін оқудағы шығармашылық қабілетін дамытушы қырлары айқындалып, практикада қолданылды;
- шет тілін оқудағы шығармашылық қабілетін зерттеу әдістемелері тиімді түрде жасалынып, тәжірибе арқылы тексерілді.

Зерттеу нәтижелерінің дәлдігі:

Зерттеу әдіснамасы мен әдістерінің мақсатқа сай келуі. Олардың жүйелі түрде қолданылуы. Зерттеу кезінде жасалған ғылыми жорамалар эксперименттік зерттеулер арқылы дәлелденді.

Зерттеу нәтижелерінің мақұлдануы: зерттеу барысында жүргізілген жұмыстар мақала ретінде жарық көрді (екі мақала): (Тұлғаның шығармашылық қабілетін дамытудың жалпы ерекшелігі. «Вестник ПаУ» №1, 2005г.); (Тұлғаның шығармашылық қабілетін дамытудың өзекті проблемалары. «Педагогический Вестник» № 1, 2005г)

Жұмыстың құрылымы мен көлемі. Зерттеу кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшадан тұрады.

Кіріспеде зерттеудің көкейкестілігі негізделді, мақсаты мен міндеттері, ғылыми болжамы және зерттеу әдістері сараланды, жұмыстың ғылыми жаңалығы мен практикалық мәнділігіне сипаттама беріліп қорғауға ұсынылатын тұжырымдамалар баяндалды.

Бірінші тарау: Шығармашылық қабілетін дамытудың ғылыми – теориялық негіздері. Осы тарауда белсендіру мәселесі психологиялық – педагогикалық тұрғыда негізделді. Оқыту үрдісіндегі белсенді әдістер және оның зерттелу жайы мен оқытуды жетілдірудегі жаңа бағыттарға әдістемелік талдау жасалынып тұлғаның шығармашылығын дамытудағы орны анықталды.

Екінші тарау: шет тілін оқытудағы студенттер шығармашылығын дамытуға негізделген білім берудің әдістемелік мүмкіндіктері. Шығармашылық қабілетін дамытудың белсенді әдістемелеріне теориялық талдау жасалынып, зерттеу тақырыбына байланысты жүргізілген тәжірибелік – эксперимент жұмысы және оның нәтижесі баяндалды.

Қорытындыда эксперимент жұмыстарына жасалған қорытындылар, тәжірибе нәтижелерін сараптау және осы мәселенің тиімді жолдары қарастырылған.

Қосымшада эксперимент жұмыстарын жүргізгендегі нақты материалдар берілген.

Пайдаланылған еңбектер тізімінде зерттеу кезінде қолданылған философиялық, ғылыми-педагогикалық, психологиялық, әдеби, әдістемелік, социологиялық әдебиеттер.

1. ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУДЫҢ ҒЫЛЫМИ - ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1. ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУДЫҢ ЖАЛПЫ ЕРЕКШЕЛІГІ

Әрбір қоғамдағы әлеуметтік - экономикалық даму сол қоғамның дара жеке тұлғасының шығармашылық ой - өрісіне байланысты екені белгілі. Білімдер жүйесіне мәнді өзгерістер енгізе отырып қоғамның жаңа талап - тілектерін, жаңа әлеуметтік сұраныстарды қамтамасыз ету үшін шығармашыл ойлаушы, тәуелсіз жеке адамдарды, айрықша ұрпақтарды тәрбиелеу қажеттілігі бүгінде аса маңызды. Ғылыми – прогресс дамыған ғасырдағы өмір әр алуан және күрделі. Жалпы адамзат осы өмір талабына сай болуы керек.

Бүгінгі күннің негізгі бір талабы – білімді адамнан әлемнің бүтіндей бейнесін қабылдай алатын шығармашыл таныммен тікелей қатынас жасайтын адамды дайындау. Дүниеге адам биологиялық тірі ағза, биологиялық Homo Sapiens түрінің өкілі ретінде келетіні белгілі. Адам кейпіне айналу үшін ол өзінің іштен туа біткен үйренуге деген қабілетін жүзеге асыру негізінде, әлеуметтік мәдени ортада өмір сүріп, мәдениет құрылымында басқа адамдармен қарым - қатынас жасауы керек. Өзінің онтогенездік дамуы барысында индивид ретінде, жеке тұлға ретінде, дара ретінде қалыптасады.

Тарихқа көз жүгіртіп қарайтын болсақ, шығармашылық қабілетінің проблемалары қай кезде болмасын өзінің сан алуан ерекшелігімен адамдарды қызықтырған. Өткен ғасырдағы адамдардың шығармашылық қабілеттері әдейі зерттелмеген. Олар өздерінің туа біткен табиғи қасиеттерімен, дарындылығымен көзге түскен. Олардың қатарына топ жарып сөз сөйлеген шешендер, аңыз, дастандарды жырлаған жыраулар, әсем ән салып тамылжитқан әншілер, белгілі суретшілер, шеберлер жатады. Шығармашылыққа деген көзқарас әр ғасырда әртүрлі болып өзгерді. Мысалға: Ежелгі Римде тек ғана кітаптың жасалған материалы және түптелу жұмысы бағаланған. Автордың өз еңбегі бағаланбаған. Орта ғасырдағы шығармашыл адамдар колөнершілер қатарына жатқызылған. Тек XIX ғасырдағы суретшілер, әдебиетшілер, ғалымдар жұмыстары бағаланып, олар өздерінің шығармашылық табыстарының арқасында өмір сүре бастаған.

Көп жылдар бойына ғалымдар шығармашылық қабілетінің ерекшеліктерін анықтап, осы мәселені зерттеумен айналысып келеді.

Бірінші зерттеу нысаны болып ғылым және мәдениет қайраткерлері табылады. Ғалымдар олардың жазып қалдырған күнделіктерін, хаттарын, айтқан сөздерін сараптап, талдап түсінуге тырысқан. Көптеген әйгілі өнертабыс авторлары «шығармашылық процесінің» екі сатысын атап көрсеткен:

- бірінші сатысы – зерттелетін деректермен, құбылыстарды ұзақ ойлау;
- екінші сатысы – аз уақыттың ішінде ақпаратты жылдам түсініп, тез шешім қабылдау.

Өнертапқыш Томас Эдисон шығармашылық процесі туралы: «Өнертабудың 99 % пайызы маңдай термен, ал 1 % пайызы шабыттың арқасында табылады» деген.

Жалпы шығармашылық қабілет дегеніміз не? Осы сұраққа жауап беретін болсақ, біз қарастырып отырған “қабілет”, “шығармашылық”, “шығармашылық іс-әрекет”, “шығармашылық қабілет” деген сияқты ұғымдармен үнемі қатар жүреді. Және аталған ұғымдар бір – бірімен тығыз байланыста болады. Көп жағдайларда “шығармашылық қабілетті” әдемі сурет салумен, өлең жазумен, ән шығарумен байланыстырамыз. Адамның шығармашылық іс-әрекетінің нәтижесінде өмірге деген жаңа көзқарас пайда болады.

Шығармашылық қабілет адамның ойлау қызметінің арқасында туындайтын жаңа білім, жаңа көзқарас. Біз егер де адамның ойлау қызметін кез келген саладан алып қарасақ, продуктивті және репродуктивті болып екіге бөлінетінін білеміз. Репродуктивті ойлау қызметі шығармашылық қызметімен қатар жүріп, белгілі акпараттар арқылы жаңа іс - әрекет пайда болады. Ойлау қызметінің осындай түріне шығармашылық қабілет себеп болып, оның негізін құрайды. Шығармашылық қабілет кез келген саладағы шығармашылық іс-әрекеттің табысты орындалуын анықтайтын жеке дара адамның ерекшелігі.

Философиялық тұрғыда алып қарайтын болсақ қабілет – адам психикасының өмір сүруінің ішкі шарттары мен тәсілдері. Қабілеттің үрдіс табиғаты оны табиғи бірлік сәттеріне жетелейді. Қабілет психиканың сыртқы және ішкі көрінісі. Адамның табиғи жаратылысы болып табылатын психика оның белгілі бір жақтарын өзгеріссіз түрде сақтаумен ғана емес, сонымен бірге өмір шындығын психикалық бейнелеудің жаңа, тұтас жүйесін іске асырушы бола білу қабілетімен де сипатталады [1, 213].

Кез келген табиғи жаратылыстың (психиканың, қабілеттің, қажеттіліктің, мінездің, табиғи нышандардың және т.б.) өзгергіштік потенциал ауыртпалығын алуының осы фактісі адамның психикалық дамуының маңызды шарты болып табылады. Психикалық күйдің ішкі шарты ретіндегі қабілет әлеуметтік процесс жанама түрде туғызатын сапарлық өзгерісті өзінде жинақтап адам бойындағы жана қабілеттердің алғы шартына айналады, бұл қабілеттер ортамен белсенді түрде істестікте болады және ол осы істестіктің тек сыртқы тұрпатын ғана өзгертіп қоймайды, сонымен бірге, ең алдымен өзін - өзі өзгертеді. Пайда болған қабілет психикалық әрекеттің негізіне, шартына айнала отырып, солардың негізінде туындаған жаңа шарттар мен негіздерді алға тартады және осылайша шексіз жалғаса береді.

Қабілет (психологияда) – жалпы ұғым бойынша жеке адамның мінез – құлқын реттеп отыратын және оның өмір сүру жағдайына қызмет ететін психикалық қасиет. Қабілет мүмкіндік тұрғысынан алғанда белгілі бір іс - әрекетті орындауға бейімделетін морфологиялық жүйені ұйымдастырудан көрінеді. Адамның бірден – бір жалпылама қабілеті оның сезімталдығы. Арнайы ұғым бойынша қабілет деп тарихи түрде қалыптасқан кәсіби қызметке бейім ететін адамның психикалық қасиеттерінің жиынтығын айтады. Қабілетті қалыптастыру қоғамдық – тарихи даму процесінде адамзаттың басынан кешірген іс - әрекет тәсілдерін жеке адамның өз бойына сіңіруіне негізделеді. Осылайша тек жеке адамның тұқым қуалаушылық анатомиялық – физиологиялық ерекшелігімен, талабымен іскерлігімен, дағдысымен, яғни, оның ми қызметі тұрғысынан ғана емес, ең алдымен адамзаттың тарихи

дамуындағы жетістіктермен де анықталады. Бұл жерде қабілеттілік еңбектің қоғамдық ұйымдастырылуына және соған бейімделген білім беру жүйесімен тығыз байланысты. Қабілеттің ең шырқау шыңы дарындылық (іс барысында үлгі боларлық, жетілген, қоғамдық мәні бар нәтиже алуға мүмкіндік беретін қабілеттер жиынтығы) және кемеңгерлік (белгілі – бір шығармашылық саласында айрықша өзгерістер тудыру) деп аталады. Әрбір адамның әртүрлі мамандықтары мен қызмет фермаларына жол ашатын қабілеті жан – жақты дамыту - әрбір қоғамдық құрылыстың маңызды міндеті [1, 215].

Қабілеттілік (педагогикалық тұрғыдан қарастыратын болсақ) – белгілі бір өнімді іс-әрекетті табысты орындаудың шарты болатын тұлғаның индивидуумдық - психологиялық ерекшеліктері. Қабілеттілік тұлғаның жалпы бағыттылығымен, адамның белгілі бір қарекетке бейімділігінің орнықтылығымен тығыз байланысты. Қабілеттің түрлері: жалпы және арнайы. Қабілеттіліктің даму деңгейі талант, дарын ұғымдарымен байланысты. Қабілеттілік табиғи дарындылық, қандай да бір әрекетті жасауға ептілік. Қабілеттілік берілген уақытқа сай белгілі бір әрекет, икемділік, тәжірибе, шеберлік, талант және т.б.

Қабілеттілік адамның ақыл-ой өзгешеліктерінің жеке қасиеттерін көрсететін, кез келген адамнан табылатын қасиет. Қабілеттіліктің ойдағыдай дамуы адамда тиісті білім жүйесінің, икемділік пен дағдының болуына байланысты. Қабілеттілік негізінен екіге бөлінеді: адамның ақыл-ой ерекшеліктерінің жеке жақтарын көрсететін қабілет – жалпы қабілет деп аталады. Ақылдың орамдылығы сыншылдығы, зейінділік пен бақылағыштығы, зеректілік пен талқырлық, т.б. осы сияқты ақыл-ой әрекетінде көрінетін ерекшеліктер жалпы қабілетке жатады. Іс - әрекеттің жеке жақтарынан көрініп, оның нәтижелі орындалуына мүмкіндік беретін қабілетті арнайы қабілет дейді [2, 122].

Шығармашылық қызметтің себебі мен мақсаты қоғамның қажеттерінен туындайды, ал, ғылым, өнер салаларындағы кайсібір шығармашылық мәселелерді шешудің мүмкіндігі қоғамның дамуы барысында осылар үшін қолайлы жағдайлар туындағанда табылады. Мұндайда ғалымдар, өнертапқыштар, суретшілер ғылымның, техниканың, өнердің даму процесінде өңделіп, жүйеленген білім мен тәсілдерді пайдаланады. Алайда, шығармашылық сәті деп, көбінесе бұған дейін, заттар мен құбылыстардың қасиеті мен байланысында белгісіз болып келген жаңа тәсілді, амал қолдануды, әрекетік әдісті ашу деп келді. Шығармашылық қызмет адамнан барынша табандылықты, білімді, қабілетті талап етеді [1, 492].

Шығармашылық психологиясының ерекше бір тарауын балалардың шығармашылық қызметін зерттеу құрайды. Шығармашылық психологиясының тән сипатты проблематикасына елестетудің, ойлаудың, интуицияның, шабыттың, жағдаяттан үстем белсенділіктің, шығармашылық процесте көрінетін индивидуумдық - психологиялық ерекшеліктердің рөлін зерттеу, (қабілеттілік, талант, данышпандық және т.б.) тұлғаның шығармашылық ұжымға кірумен байланысты оған осы жағдайдың ықпалын, шығармашылық белсенділікті күшейтетін факторларды зерделеу жатады [2, 238].

Шығармашылық ойлау – ойлау түрлерінің бірі, субъективтік жаңа өнімнің жасалуымен және оны жасау жөніндегі танымдық іс - әрекеттің өзіндегі жаңа түзілімдер мотивацияға, максаттарға, бағамдауларға, мағына – мәндерге қатысты. Шығармашылық ойлау дайын білімдер мен біліктерді қолдану процестерінен, репродукциялық ойлау деп аталатыннан ерекшеленеді.

Шығармашылық қаракет өзінің мән – мағынасы бойынша мәдени - тарихи құбылысқа. Энциклопедиялық негізде, шығармашылық адамның ең жоғарғы саналы іс - әрекетіне жатады. Оның нәтижесінде жаңа материалдық және рухани құндылық жасатады. Осыдан келіп адамдардың ойлау ерекшелігімен шығармашылық қабілетін дамытудың әдістемелік, психологиялық, педагогикалық ерекшелігін ашудың қажеттілігі туындайды [3, 88].

Шығармашылық қабілетін дамыту сәби кезден бастап белсенді деген болжам өте көп. Шығармашылық қабілет табиғи және әлеуметтік болып екіге бөлінеді. Сәбидің үш жасынан басталатын қабілеті табиғи емес, әлеуметтік даму қабілеті болып есептеледі [4, 327]. Бала өмірінің алғашқы үш-бес жылын ғалымдар «ұлы бастаулар уақыты» деп атайды.

Балалық шақтағы шығармашылық оның ойын ойнағанда, ой қиялына берілгенде біршама тапқырлақты, табандылықты талап етеді [5, 197].

Өйткені баланың ми құрылысы өте жылдам дамиды. Бұл кезен шығармашылық қабілетті әр салада дамытуға өте қолайлы. Баланың шығармашылық қабілетін әрдайым дамытудың арқасында көптеген жетістіктерге жетеді. Болашақта осындай баладан өте дарынды немесе қабілетті азамат шығады. Егер шығармашылық қабілеті үнемі дамытылмаса, бала қабілетінің қалыптасуы нашарлайды. Борис Павлович Никитин көп жылдар бойы дамып келе жатқан қабілеттің өшуімен айналысқан [6, 286].

"Даму ұғымы философиялық сөздікте"... мөлшерлік өзгерістердің белгілі бір өлшем шегінен шығып, сапалық өзгерістерге айналуы",- деп түсіндіріледі. Диалектика заңы бойынша кез келген құбылыс өзінің жеткен дәрежесіне қанағаттанып тұрып қалмай, оларды жоққа шығару арқылы жаңа сапаға көшеді. Терістеу - дамудың қозғаушы күші. Терістеу - белгілі бір зат пен құбылыстың қайшылықтарын ашу, оларды шешу жолдарын анықтау, жаңа сапаның болуына мүмкіндік туғызу [1, 121].

"Даму" ұғымының психологиялық анықтамасы - жаңарту үрдісі, жаңаның өмірге келіп, ескінің жоғалуы деген мағынаны білдіреді. Барлық табиғат құбылыстары сияқты жеке тұлға психикасы да үнемі диалектикалық жолмен дамып, өзгеріп, бір деңгейден екінші деңгейге өтіп отырады. Ғалымдардың зерттеулері тұлғаның даму процесіне 3 түрлі фактордың қатысатындығын дәлелдейді. Олар: биологиялық фактор, әлеуметтік фактор, баланың өз белсенділігі.

Биологиялық фактор. Бұл ата-анадан ауысқан, туа бітті және өмір барысында қабылданған дененің барлық мүшелерінің, оның барлық жүйесі құбылысының ерекшелігін білдіретін, бала ағзасының ортамен қарым-қатынасының нәтижесі.

Әлеуметтік фактор. Бұл бала өмір сүретін орта, ең алдымен адамдардың ортасы. Бұл сондай-ақ баламен қарым-қатынас жасайтын

адамдардың сипаттары, мінез-құлық және ақыл-ой бейнелері, олардың мүдделері мен пікірлері, істері мен сөздері, талаптары мен дағдылары ұмтылыстары, яғни бала дамитын рухани орта.

Баланың өз белсенділігі. Даму процесіне әсер ететін бұл үшінші күш болып саналады. Оқитын пән қандай да жаңа, бағалы, мұғалімнің шеберлігі қаншама жоғары болмасын, егер мұғалім баланың өз белсенділігін туғыза алмаса, оған ұсынылған іс пен еңбекте баланың әрекетке қатынасуы күткен нәтиже бермейді. Баланың организм ретінде дамуы мен жеке бас ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады.

Даму қабілетінің өшуі, ақырындауы шығармашылық қабілетке кері әсерін тигізеді. Бұл жағдайда шығармашылық қабілеттің даму сатысы төмендейді. Б.П.Никитиннің ойынша: “дамыған шығармашылық қабілетінің төмендеуі, адам бойында туа біткен шығармашылық қабілеттің бар екенін айқындайды”.

Психологиялық тұрғыдан алатын болсақ дара тұлғаның ерекше қабілеттілігін, мотивін, білім мен біліктілігін, ерекше жаңалық ойлап табу қасиетін білдіреді. Мұндай қасиеттер қабілетті дамытатыны белгілі.

Негізінен шығармашылық қабілетінің проблемалары туралы үш көзқарас бар:

- нақты шығармашылық қабілет жоқ, бұл жерде адамның интеллектуалдық дарындылығы басым болып, тұлғаның тек шығармашылық белсенділігі қаралады (осы ойды қолдайтындар: А.Танненбаум, А.Олох, Д.Б. Богоявленская, А. Маслоу және т.б.);
- шығармашылық қабілет жалпы интеллектке тәуелсіз және дара фактор (осы ойды қолдайтындар: Дж. Гильфорд, К. Тейлор, Г. Губер, Я.А. Пономарев);
- интеллект даму деңгейінің жоғары көрсеткіші шығармашылық қабілетінің жоғары деңгейі [7,169]. (осы ойды қолдайтындар: Д. Векслер, Р. Уайсберг, Г.Айзенк, Л.Термен Р. Стенберг және т.б)

Шығармашылық тарихи – мәдени құбылыс болғандықтан, бұл процессте адам мен табиғат және қоғам арасындағы қарым – қатынас ашылады.

Дара тұлғаның өзіне сенімі қалыптасып, еңбек белсенділігі артады, жаңа ізденіске стимулы жоғарылайды, мамандық шеберлігі жоғары деңгейге көтеріледі, соның нәтижесінде адамның жан – жақты дамуы жетілдіріледі.

Бұл жағдайға байланысты адамдар шығармашылығының психологиялық, педагогикалық ерекшеліктері түсіндіріледі.

Жоғарыда аталған арнайы қабілетке суретшінің, актердің, музыканттың және т.б. қабілет жатады. Шығармашылық ғылым мен мәдениеттен басқа да сфераларда туындауы мүмкін [8, 15].

Адамның қабілеттілігі қоғамның дамуына, оның әлеуметтік сипатына байланысты дамиды. Бірқатар педагогтар мен психологтар бала қабілетін зерттей келіп, оны үш түрлі аспектіде қарастырады. Мысалы: педагог – ғалым Н.В. Кузьмина оқу материалын баланың игеруіне құра отырып, олардың жеке бастық ерекшеліктері мен жас ерекшелігін ескере оқытуды ұсынса, кейбір педагогтар іске ұйымдастыру арқылы оқушының қабілетін жетілдіруге болады деп қарайды.

Ал педагог – ғалымдардың енді бір тобы қабілеттілікті сынып ұжымы мен жеке қарым – қатынасы арқылы оқушының сабақ процесінде қалыптастырып жетілдіруге болады деп есептейді. Ф. Гальтон, Кокс, Дж. Кеттел, Вольтер және т.б. шетелдік ғалымдар қабілеттілікті тұқым қуалаушылық деп қарап, тәрбиедегі ортаның, тәрбиенің өзінің ролін жоққа шығарады.

Жеке тұлға тұқым қуалаудың, ортаның және тәрбиенің әсерінен дамып, қалыптасатын индивид екені ғылымда көп аталған. Табиғи берілген қасиеттердің ішкі қуат әсерінен өзбетімен қайталану (тұқым қуалау) процесі. Адам ағзасында дамумен қатар қалыптасу процесі де орындалады. Ол ағзаның даму кезінде сыртқы күштердің (орта, тәрбие) әсеріне жауап беру ыңғайына көшу, бейімделу мүмкіндігінен болатын құбылыс.

Қабілеттің даму деңгейі туа біткен жүйкелік механизмнің психикалық қызметінің сапасына байланысты (еске сақтау, ойлау, ой қиялы) [9, 30].

Сондықтан адамның аталған еске сақтау, ойлау, ой қиялы, жалпы ойлау қабілеттерінің атқаратын қызметінің маңызы зор.

Даму жеке тұлғада өзбетімен ататек белгілерін қайталай жүретін табиғи құбылыс болса, қалыптасу орта, тәрбие әсерінен өзгеріске түсетін, жаңартатын күрделі құбылыс. Даму мен қалыптасу бір – бірімен байланысты жеке тұлғаның өзіндік ерекшелігін танытатын процестік сипаты бар ұғым. Жеке тұлғаны қалыптастыру әлеуметтік күделі мәселе болғандықтан, мемлекеттік тұрғыда адамдарды қорғайды, білім береді, кәсіпке үйретеді. Бұл Қазақстан Республикасының Конституциясында және Білім беру заңында көрсетілген. Білім беру – қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалдық, мәдени және дене дамуы мен кәсіби біліктілігінің жоғары деңгейіне қол жеткізуді мақсат ететін үздіксіз тәрбиелеу мен оқыту процесі деп көрсетілген [10, 10].

Адамның барлық жақсы қасиеттері, жақсы сапасы тек қана биологиялық емес әлеуметтік жағдайлардан да болады. Өзін дамыту адамның интеллектуалдық ерекшелігін әрі қарай дамытатын қабілет. Бұл қабілет жоғарғы деңгейде өзін дамыта, ұйымдастыра алатын тұлғаларда ақыл-ойдың дербестігі, өзіне сенімділігі сияқты қасиеттер арқылы шығармашылықты дамытады.

Шығармашылық қабілетке жалпы сипаттама беретін болсақ, біздің ойымызша қабілет психиканың сыртқы және ішкі көрінісі, сонымен қатар адамның ақыл-ой өзгешеліктерінің жеке қасиеттерін көрсететін, кез келген адамнан табылатын қасиет болғандықтан, шығармашылық қабілет адамның танымдық іс - әрекеті, белгілі ақпараттар, жаңа тәсіл, жаңа амалды қолдану және ойлау қызметінің арқасында туындайтын жаңа білім, жаңа көзқарас болып табылады. Шығармашылық қабілеттің жалпы ойдағыдай дамуы адамда тиісті білім жүйесінің, икемділік пен дағдының болуына тікелей байланысты. Сонымен қатар жеке тұлға тұқым қуалаудың, ортаның және тәрбиенің әсерінен дамып, қалыптасатын индивид екені ғылымда белгілі.

Ғасырлар бойы жиналған мәдени байлығымыз – адамдардың шығармашылық қабілетінің жемісі. Біздің болашақта қандай биік шыңдарға қол жеткізетініміз келер ұрпақтың шығармашылық қарымына байланысты.

1.2. ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУДЫҢ МАЗМҰНЫ

Біздің ғасырымыздың екінші жартысында шығармашыл ойлауды зерттеу кеңінен өріс алды. Шығармашыл ойлау деңгейінің дамуын айқындайтын бірінші диагностикалық тапсырмалар құрылды. Жалпы адамзаттың шығармашыл процесі эксперимент арқылы зерттеле бастады. Бірінші оқу бағдарламасы жетілдіріліп, шығармашылық қызметінің психологиялық-педагогикалық құрамы айқындалды. Шығармашылық қызметінің құрамына мыналар жатады:

- ой икемдігі;
- жүйелі түрде қажетті шешім таба білу;
- өзіне сенім артып жеке дара жауап беру.

Ой икемдігінің өзіне тән ерекшелігі әртүрлі жағдайда керек шешім табу және бір ойдан екінші ойға жеңіл ауыса білу. Егер адамның ой икемдігі жақсы дамыған болса, ол бірнеше нұскалы шешім ұсынады. Жүйелік адамдардың шығармашылық процесін жеңіл басқаруға мүмкіндік жасайды. Ал жүйесіз болған ой икемдігі тек бір ойдан екінші ойға секіріп, шешімді аяғына дейін дұрыс қарастырмайды.

Шығармашылық қабілеті дамыған тұлға бірнеше ойға негізделген жан-жақты тексерілген шешім қабылдайды. Тек қана жүйелі түрде барлық жиналған ойлар сарапталынады. Кейбір кезде сандырақ ойдан проблеманы дұрыс шешетін ой туындайды. Шығармашылық қабілет адам бойындағы көптеген қабілеттердің жинағы. Психологтардың көбі қабілетті шығармашылық қызметтің ойлау ерекшелігімен байланыстырады. Әйгілі американдық психолог Дж.Гилфордтың концепциясы АҚШ-та көбінесе дарынды балалар және жасөспірімдерге арналған мұғалімдердің жұмыстарында кеңінен қолданылады. Осы концепцияның арқасында көптеген оқу бағдарламалары жасалды. Оқу үрдісіндегі жұмыстар адам бойындағы жалпы қабілеттерді дамытуға бағыттайды. Көптеген зерттеушілер Дж.Гилфорд концепциясының негізгі жетістіктері деп: дивергенттік және конвергенттік ойлау қабілеттерін атайды. Дж.Гилфордтың ойынша дивергентті ойлау шығармашылық қабілет негізін құрайды. Дж. Гилфорд (адам интеллектін зерттеумен айналысқан) “шығармашылық қабілеті дамыған адамдарға дивергентті ойлау тән” деген. Дивергентті ойлайтындар күрделі мәселе шешкен кезде бір ғана пікірді немесе шешімді айтпай, бірнеше шешім нұсқаларын қарастырады. Ал конвергентті бір ғана дұрыс шешімнің жолын табуға бағытталған [11, 321]. Демек дивергентті ойлау шығармашыл ойлаудың негізін құрайды. Дивергентті ойлаудың негізгі ерекшеліктері:

- шапшандық – көп пікір айта білу қабілеті (сапасы емес, санының көптігі);
- икемділік – көп және әртүрлі пікір айта білу қабілеті;
- ерекшелік – ерекше пікір туындайтын қабілет (басқалардан қарағанда ой ерекшелігімен көзге түсу);
- аяқталуы - өз ойын толығымен аяқтау және жетілдіру.

Ал орыстың зерттеушісі А.Н. Лук әйгілі ғалым, өнертапқыш, суретші, музыканттардың өмірбаянына сүйене отырып мынадай шығармашылық қабілеттеріне тоқталады [12, 36]:

- басқалар елемейтін проблемаларды көру ерекшелігі;
- белгілі бір шешімді әртүрлі жағдайда бірнеше рет қолдану;
- керек ақпаратты қажет кезінде таба білу;
- ойлау икемдігінің жылдамдығы;
- шығармашыл ой - өрісі;
- бастапқыда қойылған мақсатқа жету;
- шұғыл шешім қабылдай білу;
- әртүрлі пікірлердің жеңіл табылуы.

Оқыту мен дамыту арасында тығыз байланыс бар екенін психология ғылымы жеткілікті дәрежеде дәлелдеп берді деп айтуға болады. Бұл мәселені түбегейлі зерттеп, бала дамуындағы оқытудың рөлін, орнын анықтаған көрнекті психолог Л.С.Выгодский.

Ол алғаш рет бала дамуының төмендегідей екі аймағы болатындығы жайлы теория ұсынды.

- бала дамуының жақын аймағы - баланың тек үлкендердің көмегі арқылы атқара алатын істері;
- бала дамуының қол жеткен аймағы баланың үлкендердің көмегінсіз істей алатын істері.

Жалпы қабілет үнемі дамымаса, біраз уақыттан соң жоғалады. Әрқашан жаттығулар жасау арқылы қабілетті қалыптастырамыз және дамытамыз [13,32].

Студенттердің ойлау дербестігін дамыту, проблемалық тапсырмаларды өздерінің құрастыруы аса бағалы, өйткені соның арқасында шығармашылық әрекетін меңгере алады. Сонымен адамның шығармашылық қабілетін айтқанда, белсенділіктің даму тәсілін де қарастыруымыз керек. Қазіргі кездегі оқыту мен тәрбиелеудің өзекті мақсаты – студенттердің шығармашыл ойлауын дамыту. Студенттердің шығармашылық ойлауын табысты дамыту – олардың жүйелі түрде белсенді интеллектуалды ізденіске тартылуы арқылы мүмкін. Мұғалімнің қатаң басқаруынан қойған мақсатымызға жете алмаймыз. Біз тек қана тиынақты, ақылды орындаушы дайындаймыз.

“Өте жақсы” деген бағаға оқитын студенттер аса шығармашыл бола бермейді. Немесе “ортанша” деген бағаға оқитын студенттер шығармашыл емес деген ой бекер. Өйткені жеке, дара тұлғаның байтақ аса бір шығармашыл қабілетті көргіміз келсе, онда үнемі шығармашылық тұрғыдағы жұмыстарға тартумен, бірте-бірте күрделене түсетін тапсырмалар мен шешуін таба алатын, міндеттер жүктеу арқылы болады. Барлық тапсырма бірдей ойлауды дамыта бермейді. Тапсырма жауабын мұғалім берген үлгімен, немесе оқулықтағы үлгімен шешетін болса, студенттен өзіндік шығармашылықты талап ете алмаймыз. Тапсырманың шешу жолдарын әр-алуан ойға салып, өз бетімен шешуін табу шығармашылық қабілетінің дамуына әсер етеді. Шешу жолын өздері тауып, ойлау әрекеті өз бетімен болса ғана шығармашылықтың дамуына түрткі болады.

Оқыту теориясының ғылыми негізі IX-XIX ғасырларда қаланған. Бұған білім негіздері мен ғылым салаларын меңгерген Греция, Қазақстан, Чехославакия, Ресей, Франция, Германия, т.б. елдерінің өкілдері қатысқан. Осындай өкілдердің қатарында Аристотель, Әл-Фараби, Я.А.Колинский, Ж.Ж.Руссо, И.Г.Пестолций, А.Дистерберг, К.Д.Ушинский т.б. болды.

Ж.Ж.Руссо мен И.Г.Пестолоций, А.Дистерберг пен К.Д.Ушинский т.б. педагогтардың оқыту туралы көзқарастары мен Я.А.Коменскийдің дидактиканың ғылыми негізін салғандығы педагогика тарихынан белгілі. Бірақ, Әл-Фарабидің IX ғасырдың 10-шы жылдарында дидактика туралы ұсынған құнды ой-пікірлері педагогика тарихынан орын алмаса да қазіргі кезде біртұтас педагогикалық процесте толық көрініс табатындығын байқаймыз.

Әл-Фараби Бағдат қаласында философия мен медицинадан білім алып, ғылыммен, тілдерді үйренумен айналысады. Философия, физика, астрономия т.б. ғылымдарды меңгеріп, 70-тен аса тілді үйренеді. Әсіресе араб, грек, парсы, түрік т.б. тілдерді жетік меңгеріпті. Ол грек елінің атакты философы Аристотельдің философиялық т.б. еңбектеріне түсініктеме жазған және олардың мазмұнын жақсы меңгерген. Әл-Фараби “Оқып үйренуде жаттап алу дұрыс па, жоқ түсініп алу дұрыс бола ма?” деген сұраққа “түсініп алған дұрыс, өйткені барлығын жаттап алу мүмкін емес, ал оларды белгілі бір байланыстары арқылы ойда топтастырып түсініп, тоқып алған жөн” деп жауап береді. Әл-Фараби оқу, білім арқылы ғылымға жетуге болатынын жақсы түсінген және осылар арқылы өзінің байқағыштығын, зейінін, қиялын, ойлауын дамытқан, материалды, дүниені тани білген [14, 29].

Қазіргідей өтпелі кезеңде өмірдегі өзгерістер жаңаша ұғымды, ерекше ойды, талапты қажет етеді. Сондықтан қоғамымыздың негізгі міндеттерінің бірі – жан дүниесі, рухы дамыған, сапалы білім алған саналы жас ұрпақ тәрбиелеу. Қоғамның парасатты өмірі адамның мінез – құлықты, тәрбиесі мен білімінен туындайтын іс - әрекетіне тікелей байланысты. Халқымыз өз бойындағы жақсы қасиеттерін жеткіншек ұрпаққа әрқашан үйреткен. Адамгершіл, рухани, кішіпейіл, тәртіпті ұрпақ тәрбиелеу, тек дұрыс тәрбиенің берілуіне байланысты. Жас ұрпақтың дамуында тәрбиенің мәні зор.

Қазіргі ғылыми көзқарас бойынша баланың жеке тұлғалығы тәрбиенің объектісі ретінде де, субъектісі ретінде де қарастырылады. Объект болып қарастырылу себебі оның қалыптасуы сыртқы ықпал-әсерлерге, әсіресе, тәрбие секілді мақсатты әсерлерге тәуелді. Субъект болу себебі жеке тұлғаның белсенділігінің, сыртқы ықпал-әсерлерге деген белсенді ықпалынсыз даму ілгері жүрмейді, тағы бір себебі адамның дамуы өзін-өзі дамыту процесінде ғана жүзеге асады.

Тәлім – тәрбие жүйесі күрделі философиялық әрі педагогикалық ұғым. Адамзаттың екінші ұстазы атанған Әл-Фараби ғұлама бұдан бір мың жылдан астам бұрын «білім» мен «тәрбиені» біртұтас тәлім-тәрбие жүйесінің ең басты жүйе құрау бөліктері деп қарастырды. Сондықтан ол: «білім мен тәрбие жас ұрпақтың қос қанаты», деп бағаланады. Тәрбиесіз берілген білім деңгейі қанша жоғары болса да, ол ізгілік қасиетін қалыптастыра алмайды. Міне, сондықтан

Әл-Фараби: «Тәрбие бірінші болуы керек. Тәрбиесіз ғылым апатқа соқтырады», - деп өсиет қалдырды.

Тәрбиенің міндеті жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеп жетілдіру. Ол бүкіл адамзаттық мәдени байлық атаулыны меңгертуді көздейді [15, 18].

Тәрбие – қоғамның кейінгі ұрпақтарда өзін қайта көрсетумен байланысты атқаратын негізгі қызметтерінің бірі. Әрбір келешек ұрпақтың қоғамдағы орнын табуы ең алдымен өткен ұрпақтардың жинаған әлеуметтік тәжірибесін меңгеру деген сөз.

Оқыту ғылымды білімге айналдырса, тәрбиелеу дегеніміз - өте қысқа мерзімде жеке адамға беріліп меңгерілуі тиісті мыңдаған жылдар бойы адамзат жасаған, тиянақтаған мәдени деңгейдегі жаңа мағына және құндылық тудыру. Оның өлшемі – адамның қылығы. Адам шығармашылығының даму механизмінің нақты бір көрінісі – дамуға жеткізетін әрекеттілік. Ендеше, шығармашылық – барлық адамдарға тән жаратылыс күші деп айтуға болады. Осы жерде жалпы жеке тұлғаның қоғамдағы орнына тоқталып өтуге де болады.

Әлеуметтану бағытын жақтаушылар адам биологиялық тіршілік иесі болып туғанымен, белгілі ортада жетіліп сол ортаның заңдылықтарына байланысты әлеуметтенеді дейді. Адам неғұрлым ортамен қарым-қатынас жасаған сайын, соғұрлым оның биологиялық негізінің кей жақтары өзгеріске ұшырайды. Адамның ұлт өкілі болу көрсеткіштері де соған байланысты болмақ. Ал, биоәлеуметтік бағыттағыштар адамның психикалық процестері (түйсіну, қабылдау, ойлау, т.б.) биологиялық негізде қалыптасатын болса, оның бағыттылығы, қызығушылығы, қабілеті әлеуметтік құбылыс ретінде қалыптасатындығын түсіндіреді. Мұндай анықтама жеке адамның не дамуын, не жүріс-тұрыс ерекшеліктерін түсіндіре алмайды. Қазіргі заманғы психология жеке адамды біртұтас биологиялық және әлеуметтік жағынан қарастыруды қалайды.

Л.С.Выготскийдің анықтауынша, "жеке адам - белгілі бір қызмет атқарып, сол қызметті өтеуге бағытталған психикалық жүйе". Жеке адамның негізгі қызметі қоғамда қалыптасқан адамның белгілі қарым-қатынастағы іс-әрекеті арқылы дамиды. Міне, осыдан барып оның әлеуметтік белгілері пайда бола бастайды. Халықтық орта, яғни ұлттық қоғам - сол әлеуметтік теорияларды (ережелерді) белгілейтін жүйе [16, 7].

Жеке адам әлеуметтену барысында өзін-өзі тәрбиелеуге, істеген ісіне жауап беруге, яғни-өзіндік сана-сезімінің қалыптасуына өзі ықпал ете" алады. Дегенмен де адамның әлеуметтенуі - өмір бойы үздіксіз болып тұратын процесс. Әлеуметтену деңгейі еңбекке дейін, еңбек ету қарсаңында және еңбектен босау кезені тәрізді үш кезеңнің барысында қалыптасады. Бұл үш кезеңнің қайсысында болмасын адамның танымдық, эмоционалдық және еріктік компоненттері дамиды. Адам әлеуметтену барысында белгілі рөлдер атқарып, сол рөлдер арқылы әлеуметтік ортада белгілі орын алады. Әлеуметтену процесінің мазмұны жалпы қоғамдық, ұжымдық, халықтық және ұлттық мазмұнға ие болады. Себебі, бұл қоғамдық категориялар өзінің болмыс-тіршілігіне, әдет-ғұрпына байланысты өзіндік талаптарын, жүріс-тұрыс нормаларын адам бойына дарытуға тырысады. Сөйтіп, тәлім-тәрбие

және оқыту жеке адамның әлеуметтену негізі бола алады. Жеке адамның әлеуметтенуі көптеген жағдайлардың әсер етуі нәтижесінде жүзеге асады дедік. Ендеше, белгілі ортада жеке адамның жүріс-тұрысының белсенділігі осы жағдайлардың әсер етуіне байланысты болады. Жеке адамның қалыптасуына әсер ететін факторлар дегеніміз - адамның әлеуметтену процесіне себепші болатын жағдайлар. Педагог А.В.Мудрик оны негізгі үш топқа бөледі:

- макрофакторлар (космос, планета, дүние, мемлекет, қоғам) жер шарының қай жеріндегі болмасын адамдарға әсер ететін факторлар;
- мезофакторлар (мезо-орташа, аралық) - ұлттық белгілерге байланысты әсер ететін факторлар (аймақ, ауыл, қала; кино теледидар, радио, ойындар, т.б.);
- микрофакторлар - адамға тікелей әсер ететін факторлар (отбасы, құрбы-құрдас, микро-әлеуметтік орта, оқу орны, жұмыс орны т.б.).

Микрофакторлар белгілі әлеуметтік агенттер арқылы әсер етеді. Мәселен, оқу орнында – мұғалімдер, отбасында - әке-шеше, т.б. бұл факторлар ұйымдасқан, арнаулы әсер ету құралдары нақтыланған болуы шарт. Оларға қойылатын негізгі талаптар: дұрыс атмосфераның болуы, өзара сенім, қауіпсіздік, жеке адамның өсуіне, жетілуіне кедергі болмауы. Жоғарыдағы көрсетілген факторлардың негізі - биологиялық факторлар. Олар адамның қабілет негізі - нышанмен анықталады. Адам дүниеге таза қалпымен келіп, осы факторлар арқылы жетіледі. Ендеше, мезофакторлар адамның негізгі болмыс-бітімін анықтайды.

Жеке тұлғаның қалыптасу процесіне бірден-бір әсерін тигізетін - қоршаған ортасы, яғни қоғам. Кез келген адам баласы дүниеге келгеннен бастап қоғамдағы болып жатқан құбылыстарды қабылдау арқылы өзінің ойлау қабілеті, санасы, мінез-құлқының және басқа да қасиеттерінің реттелуіне жол береді. Сондықтан да тұлғаның қалыптасуына және дамуына бірден-бір ықпал етуші - қоғам.

Тұлға өзінің көздеген міндетін шешу арқылы қоғамдық мүддені де шешеді. Сол себепті тұлға мен қоғам бір-бірімен тығыз байланысты. Қоғамда болып жатқан құбылыстардың барлығы адамдардың қатысуы салдарынан пайда болады. Адамның қалыптасуына қоғам әсері қандай болса, қоғамдағы болатын және болып жатқан құбылыстарға адамның да әсері сондай.

Қазақтың дүлдүл акыны Мағжан Жұмабаевтың артына қалдырған тәлім-тәрбиелік мұраларының негізгі тақырыптарының бірі де тұлға мәселесі. Осы мәселені қарастырғанда, Мағжан түйіндерінің бастаулары тым тереңде жатқаны байқалады. Ол өзінен бұрынғы ұлы ойшылдардың туындыларын елеп-екшеп, олар қозғаған осынау өзекті мәселені сомдау арқылы адам болмысын жетілдіруді мақсат етеді.

Тұлға - сан қырлы, мазмұны да, табиғаты да күрделі, құпиясы мол әлеуметтік ұғым. Адам өсу, дамып жетілу процесінде біртіндеп тұлға, кісі деген атқа ие болады. Оның жан-жүйесі, сана-сезімінің дамуы айналасы мен қоғамдық өмірге тәуелді. Осындай жағдайда оның дүниетанымы мен сенімі, арманы мен талғамы, кісілігі қалыптасады. Яғни, белгілі ұлт пен ұлыттың

дінінен (менталитет), дәстүр-салт, жол-жоралғыларын жеке-дара ұғыну ерекшеліктері қалыптасады. Ақын өз шығармасында ақыл-ойы, ерлік-күші, белсенді іс-әрекеті басқаларға үлгі боларлық, ел мен халықтың көш бастаушы, камқор ақылшысы болуға жарайтын тұлғаларды тәрбиелеу жолын іздестіреді.

Сөз өнерінің айтулы зергері Мағжан Жұмабаев ой-пікірлерін қарастыра келе аңғарғанымыз, толыққанды тұлға - бұл "өз ұлтын сүйген адам, ол өз ұлтының бақыты үшін өз бақытын құрбан қылады... өйткені ұлттық мақтаныш жеке адам мен ұлты үшін бұзылмас заң ... Ердің бағасы... елге деген жүрегінің таза болуында, тілегінің елмен ортақ болуында ...". Адам жанын жазбай танытын ақынның пікірінше, адамның түзу жолға түсуінің бірінші шарты өзін-өзі тексеру, өз қатесін көре білу, келешекте сол қателерге жол бермеуге ұмтылу. Ол адам ылғи да өзін-өзі тексермесе ілгері баса алмайды, - деп түйіндейді.

Жоғары да атап айтқандай тұлға сан қырлы табиғаты күрделі, құпиясы мол әлеуметтік ұғым. Сондықтан тұлғаның дүниетанымы мен сана-сезімінің дамуы қоғамдық өмірге тікелей байланысты. Өйткені тұлғаның қоғамдағы алатын орны ерекше.

Олай болса 1-схемадан салауатты өмір салтын үш құрам бөлік арқылы қарастыра аламыз.

Тәрбиелі, парасатты, шығармашыл адам салауаттылық белгісі.



1 - схема

Сонымен қатар, адамның шығармашылығы оның өзінің және биосфераның денсаулығымен тығыз байланысты деген ғалымдардың пікірлері бар. Жеке тұлғаның шығармашылық қабілетіне оның денсаулығы мен қоршаған орта жағдайына тікелей байланысты.

Денсаулығы төмендеген адамның ойлау қабілеті, оқуы, жалпы білім алуы және шығармашылығы да төмендейді. Тұлғаның өмірі мен денсаулығы – басты проблемалардың бірі. Денсаулық - ол тәндік, жандық, адамгершілік бөліктерден тұрады. Қоғамның парасатты өмірі адамның мінез – құлқына, тәрбиесі мен білімінен туындайтын іс-әрекетіне тікелей байланысты. Жоғары адамгершілік, имандылық әрекеттер негізінде адам денсаулығы мықты, бақытты, сымбатты, сергек болып ұзақ өмір сүреді. Бұл салауаттылық пен денсаулықтың бір – бірімен тығыз байланысты екенін көрсетеді. Біздің пікірімізше салауатты өмір салты дегеніміз – осы үш құрам бөліктің арасындағы байланысты сезініп, танып – білуі және оны жеке басына шоғырландыру. Осы айтылғандарды салмақтайтын болсақ, салауаттылық шығармашылыққа жеткізетінін, немесе негізі -- салауаттылықта жатқанын байқауға болады.

Сондықтан ең бірінші көңіл аударатынымыз адамның денсаулығы. Мемлекетіміздің алдында дені сау, шығармашыл, ақыл – ой өрісі кең жас ұрпақ тәрбиелеу міндеті тұр. Өйткені дені сау ұрпақ шығармашыл, ал шығармашыл адам интеллекті жоғары болады. «Денсаулық – зор байлық» деген мақал шындайды. Жас ұрпақ тәрбиелеп отырғандықтан оларды салауатты өмір салтына ынталандырған жөн.

Германияда білім беру үш басқышта беріледі. Бастауыш сынып 1-4 сыныптар, негізгі мектеп 5-6 сынып, реал, гимназия, анықтау, бағдарлау, одан 7-12 негізгі мектеп. Оның ішінде 7-10 сыныптар кәсіпке бағыттау. Онда жаратылыстану – математика, әлеуметтік – экономика, әлеуметтік –лингвистика пәндерінен терең білім береді. Кәсіпке бағыттау да осы бағытқа негізделеді. 7 сыныптан бастап оқушылар өз қабілетіне қарай білім беретін, бір – бірінен мақсат – міндеті бөлек үш түрлі мектептің бірінде оқиды. Әр мектепті бітірушілер құжаты да әртүрлі.

Сол құжат негізінде өзінің кәсібіне қарай мамандығын одан әрі жалғастыратын арнайы немесе жоғары оқу орындарында оқи алады. Жоғары мамандық беретін оқу орнына (өзінің қабілетіне қарай) міндетті түрде (12 жылдық) реал мектебін, ал университетке түсу үшін (13 жылдық) гимназияны бітіру керек. Жұмысшы мамандығы негізінен реал мектептері арқылы дайындалады. Мұндай мысалдарды Дания, Жапония, Италия, Чехия, Голландия елдерінің тәжірибесінен көруге болады. Аталған шет елдерде негізінен оқушылар шығармашылығын мектеп қабырғасынан бастап дамытады [17, 72].

Өмірімізде түрлі жағымсыз қылықтар көбеюде, мысалға экологиялық апаттар, ішімдікке үйір болу, шылым, есірткінің жастар арасында таралуы ұлтымызға жат әрекеттер. Жат қылықтардан аулақ болып, салауатты өмір сүріп және оқуға деген құмарлығын дамытуға ықпал тигізуіміз керек. Оны өмірдің негізіне айналдыру адамның жанын, рухын жан – жакты ұдайы тәрбиелеу мен жетілдіру арқылы жүзеге асады.

Өз бетімен өмір табалдырығын аттаған әрбір жеткіншек, оған жұмыс орнының дайын тұрмағандығын, өмірден өз орнын табу басқа замандастарымен бәсекеде жеңсе ғана, ал ол жеңіс тек оның білімі, кәсіпкерлігі, денсаулығы және шығармашылығы жоғары болса ғана келетінін түсіну қажет. Осы айтылғандарға қорытынды жасайтын болсақ, жан тәлімін игерген дені сау ұрпақ — шығармашыл, ол қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік — экономикалық, психологиялық жағдайларда дұрыс жол табады. Тәрбие беру, оқыту үрдісінде рухани, адамгершілік құндылықтарға баса көңіл аударған жөн. Өйткені өзін сезіну, дамыту, өз мүмкіндіктерін білуге жеткізеді.

Олай болатын болса, шығармашылық қабілет дегеніміз — ой бостандығы мен еріктілік болған жағдайда ойлау үрдісін бір ізділікпен шығарып, логикалық ойлауды талдағыштық тұрғыға жетелеп өзін - өзі дамытатын белсенді еңбек, яғни ой еңбегі. Осындай еңбектің негізінде білім игеруге, оқуға, оқи білуге тәрбиелеу білім беру үрдісінің негізіне айналса, тұлғаның жан — жақты дамып, шығармашыл адам болып жетілуінің негізі болады.

1.3. ТҰЛҒАНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУДЫҢ ӨДІСТЕМЕЛІК МӘНІ

Оқыту мен дамытудың өзара қарым-қатынасы барлық уақытта педагогиканың өзекті мәселесі болып отырған. Я.А.Коменскийдің еңбегінен бастап, оқытудың ғылыми негізін іздестіру басталған, соның негізінде әрбір оқушының жеке мүмкіндіктері мен олардың жасының даму процесіндегі өзгерістерін дамыта оқытудың ғылыми негізін іздестіру басталған.

Танымдық әрекеттің белсенділігін оқытудағы құралдарымен әрекеттерін табу мәселесі ғасырлар бойына жалғасады. Қазақтың ағартушылары Абай Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, қоғамдық қайраткерлер және педагогтар А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов өздерінің еңбектері мен тәжірибелік әрекеттерінде оқушыларда шығармашылықты дамытуға, ойларын жүйелеуге шақырған.

Оқыту - жалпы қоғамдық құбылыс. Оның міндеттері мен мақсаттары және мазмұны қоғам қажеттеріне байланысты өзгеріп отырады. Жастарға берілетін білім мазмұны мен тәсілдерін белгілеуге шешуші роль атқаратын нәрсе — жеке тұлғаның мүддесі емес, қоғамдық мүдделер мен қажеттіліктер.

Оқыту ең алдымен ақыл — ой тәрбиесімен тығыз байланысты болады. Ақыл-ой тәрбиесі тұлғаға білім берумен қатар, олардың танымдық қабілеттерін қалыптастыруға көмектеседі. Атап айтатын болсақ олардың құрамына келесі танымдық қабілеттерді жатқызуға болады:

- байқағыштық;
- зейінділік;
- зеректік;
- еске сақтау;
- шығармашылық қиял;
- сөйлеу;
- ойлау.

Оқыту тәрбиенің басты құралы болып табылатыны бізге белгілі. Оқыту арқылы жастарға біліммен қатар, белгілі бағытта тәрбие де беріледі. Оқытудан тыс жас еспірімдердің жан – жақты дамуы мүмкін емес. Оқыту процесінде жеке тұлғаның ғылыми - дүниетанымын қалыптастыру, олардың рухани дамуын жетілдіру оқытудың басты мақсаттарының бірі болып табылады.

Жалпы тіл дамыту жұмыстарында тұлғаның сөздік қорын, сөз байлығын толықтыру, ой-өрісін кеңейту, дамыту және өз ойын анық, дұрыс етіп ауызша, жазбаша жеткізе білу жолдарына баулу, үйрету, дағдыландыру мақсаты көзделеді. Оқыту білімдік, танымдық және дамытушылық қызметтер атқарады. Сондықтан оқытылатын пәнге байланысты білім, біліктілік, икемділік пен дағды қалыптасса, танымдық қызметте ғылыми таным жолдарын, көздерін, әдістерін игеру жүзеге асырылады.

Оқытудың дамытушылық қызметі білімді игеру үрдісіндегі жеке тұлғаның ақыл-ой, іс-әрекетін ұйымдастыруға байланысты болады. Ал ақыл-ойдың дамуы тілмен байланысты. Ол туралы К.Д.Ушинский: "Тілді ақыл-ойдың дамуынан жеке дара дамыту мүмкін емес", - деп анықтайды. Сондай-ақ ақыл-ойды және тілді дамыту танымға байланысты болмақ. Мәселен, А.Е.Власенков: "Тіл дамыту жұмысының міндеттері жалпы тұлғаның танымдық қызығушылығымен тікелей", - деген пікір білдіреді. Олай болса, тіл дамыту әрекеті танымды арттыру әрекеті арқылы жүргізіледі. Ал таным ойлау амалдары арқылы жүреді. Сондықтан тіл дамыту ойлау әрекеті бойынша психология ғылымын негізге алады [18, 63].

Баланың ой-өрісі кеңейген сайын сөздік қоры байып, тіл жүйесін игере бастайды. Баланың тілі лингвистикалық негізде де дамиды. Ал тілдің негізгі қызметі қарым-қатынас жасау, сөйлеу болғандықтан, тіл қарым - қатынаста дамытылады. Бұл жөнінде А.И.Власенков баланың ақыл-ойының жетілуі оның тілімен байланысты екенін айта келіп, таным әрекетінің дамуын тіл білімінің мынадай мәселелерімен байланыстылығын, заңдылығын айтады. Олар: сөзбайлығының қоры, сөз тіркестерінің дұрыс қолданылуы, өз ойын басқа адамға дұрыс жеткізе білуі және басқа адамнан естіген ойды толық түсіндіре алуы.

Кез келген әрекет барысындағы адамның позициясы, оның әрекетші ретіндегі белсенді және өзіндік рөлі болады, Бастысы, әрекет кезінде белгіленген мақсатты шығармашылықпен іске асырушы, әрекет етуші объектісін жаңадан жасаушы, қосымша міндеттер ұсынушы жасампаз белсенділігі. Жеке адам белсенділігі – оның болмысындағы негізгі мәселенің бірі. Ф.Энгельстің айтуынша: «әрекетшілік – тіршілік иесінің бәріне тән өз бетімен жауап қайтару қабілеті». Адам белсенділігі өз қажетін қанағаттандыру үрдісі кезінде көрінеді [18].

Адам белсенділігі, бұл әрекетшіліктің көзі – адам қажеттілігі. Қажеттілік оны тәрбиелеу барысында қалыптасады. Бала белсенділігі, оның дамуы барысында оқыту мен тәрбиелеу әсерінен саналы бағытталған әрекет қалпына келеді. Ғалым – психологтар Запорожец А., Жарықбаев Қ. және тағы басқалардың пікірлері бойынша жалпы ағзаның анатомиялық, психологиялық қасиеттері мен бастың қандай да болса қасиеттерінің дамуына жүйке жүйесі

мүмкіндік жасап, туа пайда болуы мүмкін, бірақ бұл мүмкіндіктер тек тәрбиеге байланысты іске асады. Білім беру жүйесіндегі жеке адам қалыптасуының ең басты компоненттері:

- өзін - өзі ұйымдастыру;
- өзін - өзі дамыту (өзін жетілдірудегі саналы жұмыс).

Қазіргі кезде ғылымда тұлғаның өзін - өзі ұйымдастыруына тәрбиелеу жөнінде екі түрлі пікір қалыптасқан. Олардың бірі - өзін ұйымдастыру тәрбиеге байланысты десе, екіншісі — тәрбиеге байланыссыз деп тұжырымдайды. Көпшілік ғалымдар тәрбиеге байланысты деген пікірді қуаттайды. Шын мәнінде адамның барлық жақсы қасиеттері, жақсы сапасы тек қана биологиялық емес, әлеуметтік жағдайлардан да болып, ол өмір бойы игеріледі. Орта тұлғаның өзін - өзі ұйымдастыру қабілетінің дамуына қажеттілік сферасы арқылы әсер етеді. Өзін дамыту, пайдалану адамның интеллектуалдық ерекшелігіне және еріктік бағытта болатын әрі қарай дамитын қабілет. Бұл қабілет жоғарғы деңгейде өзін дамыта, ұйымдастыра алатын тұлғаларда ақыл-ойдың дербестігі, өзіне сенімділігі, табандылық сияқты қасиеттер арқылы шығармашылықты дамытады.

Өзін жетілдіру, өзін - өзі ұйымдастыру үшін қажетті аса маңызды қасиет — ол салауаттылық. Шығармашылықты дамыту үшін салауаттылық, рухани байлық. Өйткені ол үшін денсаулық мәдениеті, еңбек қабілеті, рухани байлық қажет, сонда ғана адам өзін — өзі жеңеді, жетілдіреді, бұл жеңістің төресі. Бұл — шығармашылық.


Өзін-өзі дамыту, пайдалану адамның интеллектуалдық ерекшелігіне және еріктік бағытта болатын әрі қарай әрекетке дамитын қабілет. Бұл қабілет жоғарғы деңгейде өзін дамыта, ұйымдастыра алатын тұлғаларда ақыл — ойдың дербестігі, өзіне сенімділігі, табандылық сияқты қасиеттер арқылы шығармашылықты дамытады.

М.Князеваның ойынша, адамның өзін-өзі дамыту күштері жеке тұлғаның дамуының ең маңыздысы болып табылады. Оның пікірінше өткеннің ұлы адамдарының өмірбаяны күнделіктері, естелік жазулары, сырлары, хаттары өзін-өзі қалыптастыру, өз-өзіне талап қою жұмысында аса зор күш жұмсағандарының дәлелі бола алады [19, 57].

Ғалымдар мен педагогтардың заман талабына сай оқу тәрбие үрдісін жетілдірудегі негізгі нысана етіп ұстаған принциптері мыналар екенін анықтадық: білім берудегі ақпараттар қорын толықтырумен шектелмей, тұлға белсенділігі дамуының тәсілі ретінде қарастыруы. Себебі белсенділікті дамыту шығармашылыққа жеткізеді, ендеше ол межеге жетуді белсенді оқыту арқылы жүзеге асыруға болады. Осы тұрғысында негіздейтін болсақ, шығармашылықты қалыптастыруда және дамытуда белсенді оқытудың жүйесі қажет. Зерттеушілік әдіс, эвристикалық (демеу-ізденушілік) әдіс және басқа да белсенді оқыту жодары өз қызметтерін толық орындау үшін қалай ұйымдастырылуы керектігі әлі де зерттеуді қажет етеді.

Жеке тұлғаның өзін - өзі ұйымдастыру қабілетінің дамуына қажеттілік сферасы арқылы әсер етеді. Адам бойындағы белсенділік, өзін - өзі дамыту жетістіктерін келесі 2-схемадан көре аламыз.

Адам бойындағы белсенділік, өзін - өзі дамытудың жетістіктері.



2- схема

Ізденушілік дағды, оқудың интеллектуалды біліктілігісіз индивидтің шығармашылық дамуы қиын. Интеллект қызметінің тәжірибелік зерттеу жасаудан кейінгі деңгейлері:

- ынталы және өнімді (тапсырма бірінші берілген шешім бойынша орындалады);
- эвристикалық (жаңа шешім жолдарын іздестіру);
- креативтік (тапсырма берілген шартынан мүлдем баскаша жолмен шешіледі) [20, 235].

Оқытудың жалпы ұйымдастыру формалары мен әдістерін тандауды белгілейтін ұстанымдық ережелері педагогикалық процестің жалпы әдіснамасынан дамиды.

Жаңа бағыттардың ішінде ерекше назар аударуға тұратыны: Д.Бруннер (АҚШ) жасаған, жаңалық ашу, тұжырымдамасына сәйкес оқушылар дүниені, олардың барлық танымдық күштерін талап ететін және саналы ойлауға қабілетін дамытуға тікелей әсер ететін, өз бетінше жаңалық ашулары арқылы тануға білімді меңгеруге тиіс. Шығармашылықта оқытуға тән ерекшелік Д.Бруннердің пікірі бойынша, белгілі бір тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, бағалау және осы негізде тиісті қорытындыны жасау ғана емес сонымен қатар оқылып отырған материалдың шеңберінен тыс заңдылықтарды да анықтау.

Қазіргі таңдағы дамыта оқыту теориясынан, психикалық дамуға бағдарланған тұжырымдаманы ерекше атауға болады. З.И.Калмыкованың тұжырымдамасы бойынша, өнімді және шығармашылық ойды қалыптастыратын оқыту дамытуы болып есептеледі. Өнімді ойды оқып білім алудың негізі деп қарастыра отырып З.И.Калмыкова өнімді ойлаудың ерекшеліктерінің сырттайғы көрінісі — жаңа білімді өзбетінше игеру және оны іс-әрекетте қолдана білу деп біледі. Мұндай ойдың негізгі көрсеткіштері:

- ойдың жеке даралығы, әдеттегіден тыс жауапты таба білуі;
- ассоциациялық байланыстардың пайда болуының жылдамдығы және дамуы;
- мәселенің ұғымдылығы, оның әдеттегіден тыс шешімі;
- ойдың жүйріктігі — кейбір талаптарға сәйкес уақыт бірлігінде пайда болатын ассоциациялық идеялардың саны.

З.И.Калмыкова дәлелдеуі бойынша, дамудағы оқыту төмендегі дидактикалық ұстанымдарға бағдарланғанда жүзеге асуы мүмкін:

- оқытудың мәселелігі;
- оқытудың жекелігі және даралығы;
- ойлаудың түрлі компоненттерінің (нақтылық және абстрактылы және теориялық) үйлесімде дамуы;
- ақыл — ой әрекеттерінің тәсілдерін қалыптастыру;
- есте сақтау әрекеттерін арнайы ұйымдастыру.

Берілген шығармашылықтың әдістемесін бейнелейтін, Е.А.Смирновтың тұжырымдамасында, педагогикалық процесінің негізгі мақсаты ретінде әлеуметтік тәжірбиенің қарқынды жинақталуымен және баланы ішкі психологиялық тыныштық пен өз-өзіне деген сенімді қалыптастыру үйлесіміндегі қабілетін мүмкіндігінше дамытудың шарттарын жасау жағдайы қарастырылады. Осы тұжырымдамаға сәйкес мұғалім әрекетіндегі үш бағыт ажыратылады:

- оқушының мұғаліммен және бір-бірімен өзара әрекеттерін ұйымдастыру;
- сабақтарда жеке ойындарды және оқу әрекеттерін ұйымдастырудың ойын формаларын кейіннен пайдалану;
- оқушыларды шығармашылық әрекеттерге араластыру.

Оқытудың белсенді әдістері, дәстүрлі емес сабақтар шығармашылықты қалыптастырады, дамытады. Себебі, шығармашыл таным әрекеті – дербес ізденіс және әрбір балаға жаңа, ол үшін белгісіз ғылыми білім немесе әдіс – тәсіл тудырады.

Дамыта оқытуда тұлғаның ізденушілік-зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің бұған дейінгі білетін амалдарының, тәсілдерінің жана мәселені шешуге жеткілікті екенін сезетіндей жағдайға түсуі керек. Содан барып оның білім алуға деген ынта-ықыласы артады, білім алуға әрекеттенеді. Сабақ мұндай жағдайда төмендегідей 3 құрамдас бөліктерден тұратын болады:

- Оқу мақсаттарының қойылуы;
- Оны шешудің жолын бірлесе қарастыру;
- Шешімнің дұрыстығын дәлелдеу.

Бұл үшеуі дамыта оқытудың Д.Б.Эльконин - В.В.Давыдов жасаған жүйесінің негізгі компоненттері. Оқушы алдына оқу мақсаттарын қоюда ешқандай дайын үлгі берілмейді. Мақсатты шешу іштей талқылау, сосын жинақтау арқылы жүзеге асады. Мұғалім сабақ процесін ұйымдастырушы, бағыттаушы адам ролінде. Шешім табылған кезде әркім оның дұрыстығын өзінше дәлелдей білуге үйретіледі. Әр оқушыға өз ойын, пікірін айтуға мүмкіндік беріледі, жауаптар тыңдалады. Әрине, жауаптар барлық жағдайда дұрыс бола бермейді. Дегенмен әр бала жасаған еңбегінің нәтижесімен бөлісіп, дәлелдеуге талпыныс жасайды, жеке тәжірибесін қорытындылауға үйренеді.

Дәстүрлі оқытуда жана материалды бала игеру үшін сабақтың кез келген кезеңінде алдымен мұғалімнің шебер басшылығы қажет етіледі. Ал оқушы алдын ала бағдарлап, жоспарлап қойған іс-әрекеттің қатысушылары ғана болып қалады. Мәселенің бұлай шешілуі дамытып оқыту жүйесінің мақсаттарына мүлдем қайшы келеді.

Дамыта оқытудың Л.В.Занков жасаған жүйесінің дәстүрлі оқытудан төмендегі ерекшеліктерімен, өзгешеліктерімен айқындалады:

- оқыту мазмұнындағы өзгешеліктер;
- мақсаттағы айырмашылықтар;
- дидактикалық принциптердегі өзгешеліктер;
- әдіс-тәсілдердегі ерекшеліктері;
- оқытуды өзгеше ұйымдастыру;
- мұғалім еңбегінің нәтижелілігін анықтаудың жаңа көрсеткіштері;
- мұғалім мен оқушы арасындағы жаңаша қарым-қатынастар.

Л.В.Занков жүйесінің негізгі мақсаты баланы жалпы дамыту. Ал жалпы даму деп байқампаздығын, ойлауын, дамыту және практикалық іс-әрекетті меңгеруі қабылданады. Сондай-ақ ойлау әрекетімен қатар, басқа да психикалық процестерді: мотивтер мен қызығулары, эмоциялары, жігері мен қабілеті, ақыл, ерік-жігері, сезімдерінің дамуы алынады.

Жеке тұлғаның шетел тілінде сөйлеу тілін дамыту үшін ең алдымен оқытуда қарым-қатынас жасауға, сөйлеу әрекеті дағдысын қалыптастырып, сөйлеу икемдігін жетілдіру қажет. Көптеген ғалымдардың пікірі бойынша (А.А.Степанов, Е.И.Пассов, В.Л.Скаткин, Г.А.Рубинштейн) мұғалімдер оқушыларды қарым-қатынас жасауға қажетсінуді тудыру үшін сөйлеу ахуалының ситуация ұйымдастырылуын қажет деп біледі. Г.Рожкова жоспар бойынша сөйлеу әрекетін жүзеге асыру үшін жағдайлар бірлігін жасау (тілдік және тілдік емес) деген пікір айтады. А.А.Леонтьев оқытуда сөйлеу жағдайын тудыру оқушыларды сөйлеуге мәжбүр ететін арнайы әрекеттер жасату деп түсінеді.

Оқу іс-әрекеті баланың тек өзінің барлық күштерін қолдану мүмкіншілігін ғана қамтамасыз етіп қоймайды, сондай-ақ оны жан-жақты етіп қалыптастырады, қабілеттіліктің дамуы мен қалыптасуына оқу мен тәрбие ерекше орын алады. Қабілеттілік іс-әрекет барысында стихиялы қалыптаса береді, дегенмен одан өте көп уақыт пен өте көп күш талап етеді. Арнайы оқыту мен тәрбиелеу қабілеттің даму барысын жылдамдатады, іс-әрекет механизміндегі қажет емес жақтарын іріктейді. Оқу барысында оқушы білімнің екі түрін меңгереді: табиғи және қоғамдық болмыс жағдайларында теориялық және практикалық міндеттерді шешудің тәсілдері туралы білімдер. Қабілеттің қалыптасуы үшін ең негізгі рөл тапсырмаларды шешудің рационалды тәсілін меңгеру болып табылады [21, 55].

Оқыту процесінде жас өспірім логикалық ойлау әрекетінің жалпы тәсілдерін қолдануға және дербес шығармашылық әрекет жасауға үйренеді. Бұдан шығатын қорытынды: оқыту тұлғаның жан-жақты дамуын қамтамасыз етеді деген сөз. Оқыту тұлғаның дамуының негізі болып табылады. Сондықтан оқыту мен дамудың арасында тығыз байланыс болады. Бұл ретте көрнекті кеңес психологы Л.С. Выготскийдің мына сөздерін еске алған жөн. Жаксы оқыту деп, ол – бала дамуынан ілгері жүретін, оны жетекке алатын оқытуды айтады. Сондықтан жеке тұлға дамуының келесі негізгі белгілеріне көңіл бөлген дұрыс:

- жеке тұлғаның дербестігі;
- шығармашылық іс-әрекеті;
- диалектикалық ойлауы.

Ал, шет тілінде сөйлеу әрекетін дамытудың шарттарының бірі сөйлеу ортасын ұйымдастыруға байланысты. Жеке тұлғаның сөйлеу ортасы - қарым-қатынас жасайтын өзі тұрған мекені, жанұясы мен оқу орны.

Ол туралы А.В.Петровский тұлғаның қоғамдық тарихи тәжірибені игеру үстінде дамитындығын айта отырып; "Тұлға адам қоғамы арасында, адам қарым-қатынастары нәтижесінде қалыптасқан. Тұлғаның дамуы дегеніміз осы тәжірибені игерту үрдісі болып табылады. Бұл үрдіс үлкендер жағынан, үздіксіз басшылық болған жағдайда, яғни оқытуда жүзеге асырылады",- деп көрсетеді.

Бұл пікірді негізге алғанымызда, тұлға тілінің дамуы өзі қарым-қатынас жасайтын ортасының ұйымдастырылуына да байланысты болып қарым-қатынас жасауға, сөйлей білуге жаттықтыру деп қорытындылаймыз.

Бұл тұжырымдар бала тілін дамыту үшін арнаулы мақсат көздей, жаттықтыру мен оқытудың қажеттілігін анықтайды.

Олай болса, тұлғаның тілін дамыту педагогикалық мәселе ретінде қарастырылады, қоғамдағы қарым-қатынас, сөйлеу түрлерін меңгертіп, оны белгілі ортада қолдана білу икемділігі мен дағдысын қалыптастыра оқыту болып табылады. Ол туралы В.А. Добромислов: "Тілді дамыту термині, негізінен, педагогикалық термин. Ол кез-келген оқу орындарындағы оқу-тәрбие үрдісіне қатысты. Әлбетте, бұл үрдіс екі жақты: ол бала тілін дамытудағы мұғалімнің әрекетін де, тілі даму үстіндегі тұлғаның іс-әрекетін де қамтиды", - деп көрсетеді. Бұдан сөйлеу икемділіктері мен дағдысын дамыта оқытудың қажеттілігі келіп шығады. Бұл мақсат шетел тілін оқытуда тұлғада сөйлей білуге қажетті дағдыларды қалыптастырып, сөйлеу икемділіктерін жетілдіруді анықтайды. Олай болса, тіл дамыту - зерттеу үрдісі, өзіндік зерттеу мәселелері мен ұғымдар жүйесі бар педагогика ғылымының бір саласы. Тіл дамытудың мазмұны дамыта оқытумен байланысты. Ал ол жеке тұлғаның дамуын негізге алады.

Ал, қарым-қатынасқа үйрету дегеніміз сөйлеу әрекетіне жаттықтыру. Лингвистика ғылымында сөйлеу тіл ұғымымен байланысты салыстырыла қарастырылады. Яғни лингвистикада тіл – материалдық бірліктер жүйесі. Ол адамдардың өзара қарым-қатынасы үшін қызмет етеді. Ал сөйлеу - тіл бірліктерінің тізбегі болып, тіл заңдылығына сәйкес тілдік материалдар арқылы ойдың, сезім тілектің, көңіл-күйдің нақты мазмұнына орай қарым-қатынас әрекетінің нәтижесі. Бұл жағдайда сөйлеу тілге тек өзіндік жеке дара ұғым ретінде қарсы қойылмайды, қайта ол тіл ұғымының жүзеге асу көрінісі ретінде де немесе тікелей асқан нәтижесі ретінде қарастырылады. Демек, сөйлеу өзінің табиғатында тілдік жүйеге оның бірліктерімен заңдылықтарына тәуелді. Олай болса, тіл дамыту деген ұғымның өзі ана тілінің сөздік қорымен бірге тілдің нормалары мен грамматикалық жүйесін игерумен байланысты болмақ. Сондықтан оқушылардың тілін дамыту мақсатында тіл арқылы қатысымдық әрекет ұғымы тұтас сөйлеу ретінде қарастырылады. Ал оқу үрдісі арқылы тіл дамыту ой дамытумен байланысты болады. Демек, тіл дамыту да, ой дамыту да әрекет арқылы жүргізіледі.

Оқу – шығармашылық іс-әрекетке сәйкес оқушы мен студенттің жекелік сапасының жүйеленуін және шығармашылық қабілеттерінің төмендегідей катарын В.И.Андреев ұсынды:

- жеке адамның мотивациялы-шығармашыл бағыттылығы және белсенділігі;
- интеллектуалды - логикалық;
- интеллектуалды - эвристикалық;
- жеке адамның өзін - өзі басқаруы;
- коммуникативтік.

Ертегі, саяхат, сайыс, ойын сабақтары негізінен балалардан өзіндік ізденіс, оқу ісіне барынша құлшынысын, жаңа жаңалық тудыру жағынан танымдық әрекеттерін дамытады. Оқу үрдісінде қолданылатын ойынды шет тіліндегі материалды терең және жан – жақты оқытуға арналған жаттығу ретінде қарастыруға болады. Ойын оқу үрдісінің құрамына кіріп, шығармашылық

қызметінің туындауына ықпалын тигізеді. Яғни, оқу үрдісінде қолданылатын ойын интеллект қабілетінің құрамына және дамуына шет тілінің тәсілдері арқылы жақсы әсерін тигізеді [22, 111]. Бұл жерде репродуктивтік сипат басым болғандықтан, шешу, демеу, бағыттау көмегімен алға қойылған мақсатқа жетуге болады.

Жарыс, аукцион бұрын игерілген білімге жаңа білім қосылады. Конференция, спектакль сабақтары жиналған ақпаратты қорытып, әрі қарай өздері дамыта алу қасиеттері. Викторина, пресс – конференция, дөңгелек стөл сабақтары көбінесе ойлау, қиялдау қабілеттерін дамытады және жаңа ой тудырады. Өзін - өзі басқару ақыл – ой қабілеті мен интеллектің орамдылығын дамытады.

Дәстүрлі емес сабақтарға төмендегі сабақ түрлерін жатқызуға болады: ертегі, саяхат, сайыс, ойын, жарыс, аукцион, конференция, спектакль, викторина, пресс – конференция, дөңгелек стөл т.б. Дәстүрлі емес сабақтардың құрамын 3- схемадан көре аламыз.

Оқу үрдісінде қолданылатын дәстүрлі емес сабақтардың құрамы.



3- схема

Студенттердің шығармашылық мүмкіншіліктерінің дамуында интелектінің ерекше рөлі ашылады. Интеллектуалды балалардағы шығармашылық потенциалды дамытуға арнайы оқыту жүйесі басымырақ әсер етеді. Шығармашылық таныммен жеке бастық ерешеліктердің өзара байланысы шығармашылық феноменін терең түсінуге мүмкіндік береді. Адамзат тарихы куәландырып отырғандай, кез-келген қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының табыстылығы оның азаматтарының шығармашылық қабілеттеріне, шығармашылық потенциалдарына байланысты болады.

Барлық оқыту әдістерін тізіп келіп танымдық ойындар мен проблемалық – ізденушілік әдістер де қажет. Студенттердің ойлау дербестігін дамыту, проблемалық тапсырмаларды өздерінің құрастыруы аса бағалы, өйткені соның арқасында шығармашылық әрекет тәжірибесін меңгеруге ықпал етуге болады.

Проблемалық оқытуды осы жерде қарастырып өтетін болсақ, бұл мәселе туралы педагогикалық және методикалық әдебиетте көп айтылып та, жазылып та жүр. Проблемалық оқыту туралы талас пікірлер де бар. Кейбір авторлар (И.Я. Лернер, М.Имахмутов) проблемалық оқытуды оқытудың өз алдына ерекше әдісі және жаңа жүйесі деп қарайды. Бұл дұрыс пікір емес, өйткені проблемалық оқыту басқа әдістер (эвристикалық әңгіме, баяндау, оқушылардың өздігінен бақылау, эксперимент жүргізуі, іздену әдісі т.б.) арқылы іске асырылады.

Біздіңше, М.Н.Скатын, Т.А.Ильина ұсынған пікір дұрыс сияқты. Бұл ғалымдардың ойынша, проблемалық оқыту-жаңа әдіс те, оқытудың жаңа жүйесі де емес, ол - оқыту жұмысын ұйымдастыруға қоятын талап принципі. Психологтардың Л.С.Рубинштейн, Н.А. Менчинская, А.М. Матюшкин т.б. пікірінше, бұл талап адамның таным әрекетінің, әсіресе ойлау процесінің ерекшелігіне байланысты пайда болған. С.Л.Рубинштейн жалпы проблеманың болуы адамның дұрыс тану әрекетінің негізгі бір сипаты деп қарайды. Ол. "Силау проблемалы жағдайдан басталады", — дейді.

Проблемалық оқытуда көздейтін мақсат — оқушыларға білімді даяр күйінде бәрін мұғалімнің өзі баяндап бермей, олардың алдына белгілі проблемалы міндет қойып соны өздеріне шештіруге бағыттау [23, 57].

Проблемалық оқыту - проблема, проблемалы сұрақ, проблемалы тапсырма, проблемалы жағдай деген ұғымдарды қамтиды. Бұл ұғымдардың мазмұнын дұрыс түсінудің маңызы зор.

Кез келген сұрақ, тапсырма проблемалы бола бермейді. Олардың проблемалы болуының негізгі шарты - оларға жаңа ізденуде оқушыларға даяр жауап не үлгі болмайды, және ол өзі білетіні мен білмейтінінің арасындағы қайшылықты, басқаша айтқанда, берілген проблеманы шешуге керекті білімнің немесе тәсілдің онда жетіспей тұрғанын сезінеді.

Проблема дегеніміз - субъектінің өзінде бар іздену құралдарымен білім. Икемділік, іздену тәжірибесі т.б. шешуге болатын проблемалы жағдай. Сондықтан да кез келген проблемада проблемалы жағдай болады. Кез келген проблемалы жағдайда (субъекті шешу құралын игермеген болса) проблема бола бермейді.

Проблемалы міндет дегеніміз проблемалы жағдайдағы іздену, зерттеу барысында шешілетін проблема. Міндет мазмұны деп белгілілеумен ізделініп отырғанының арасындағы қайшылық нәтижесінде пайда болған проблеманы айтамыз. Мұнын жауабын практикалық операциялар арқылы табуға болады.

Проблемалық оқыту жеке тұлғаның таным әрекеті төмендегідей негізгі үш кезеңнен тұрады:


- проблемалық міндет қою және ұғыну;
- проблемалық міндетті талдау, болжамдар жасау, оны шешудің тиімді амалдарын қарастыру;
- проблемалық шешу және оның дұрыстығын тексеру.

Проблемалық оқыту тек проблемалы жағдай тудырып, қана қояды емес, сонымен қатар оны дұрыс шеше білу тәсілдерін меңгертуді де қажет етеді. Ол үшін материалда (тақырыпта) кездесетін ой, пікір қайшылықтарын дұрыс аңғаруына жағдай жасап, оны шешудің жолдары мен тәсілдерін меңгертуге, өздігінен ізденудің, зерттеудің амалдарын үйрету.

Студенттің шығармашыл дүниесінің дамуы ұстазға тікелей байланысты. Үн таспаға жазылған диалогтар, әндер есту оларға қызықты және әдістемелік жағынан пайдалы. Өйткені үн таспаларды өз тілін жақсы білетін мамандар жазған, яғни шет тілін. Олар грамматикалық жағынан да сапалы болып келеді.

Шет тілін жаңаша оқытудағы оқу үрдісін дұрыс құру үшін, шет тілі және шет тілін оқыту дегенді қалай түсінетінімізді ұғынуымыз керек. Жалпы табиғи тілдің пайда болуы толығымен адамның пайда болуымен байланысты. Төмендегі 4- схемада жалпы тілдер түрлерінің сипаттамасы берілген.

Жалпы тілдер түрлерінің сипаттамасы.



4- схема

Берілген схема бойынша шет тілін екі түрде қарастыруға болады: шет тілі және екінші шет тілі. Тілдерді меңгерудің сипаттамасы:

- бір тілді меңгері – монолингвизм;
- тіл дамуының басынан бастап екі тілді қатар меңгеру – билингвизм;
- немесе бірнеше тілдерлі меңгеру – көп тілдерді меңгеру [24, 8].

Лингвистикалық компонент мазмұнын лексикалық, грамматикалық құбылыстар мен оқып үйренетін тілдің танымдық ұйымдастыру және жеке тұлға санасында, тілдік құбылыстар жайында білімін сақтау жолдарын енгізетін заңдылықтары, кәсіби – коммуникативтік әрекетінде қолдана білу іскерлігі құрайды.

Дискурсивтік компонент нақтылы мәдени - әлеуметтік контексте тауып айтылған тілдік және тілдік емес құралдарымен берілген нақты серіктес, өзге мәдениет өкілі тұрасында коммуникативтік ниетті іске асыра білудің іскерлігін болжайды.

Мәдени - әлеуметтілік компоненттің мазмұнына оқып үйренетін тіл елінің дәстүрін, тарихын, мәдениетін, әлеуметтік жүйесін, заң ережелерін және тіл иеленушілердің әлеуметтік мінез – құлық ережесін білу.

Стратегиялық компонент әртүрлі коммуникативті мақсаттарды нақтылы жағдайларда шешу үшін ең нәтижелі стратегияларды таңдау және пайдалану іскерліктерін енгізеді. Стратегиялық компонент компенсаторлық іскерліктерді яғни тіл құралдарының тапшылық кезінде, синонимдер, дене қимылы мен мимикасын пайдалану есебінен қиыншылықтан шығу іскерлігін енгізеді.

Шетел тілін игеру – мәдениаралық қатынас құралы ретінде оқу процесін нақты процесс үлгісінде барынша жакын ұйымдастыруды алдын-ала анықтайды. Осы мақсатқа жету үшін өзге шетел тілін оқып үйренудің пәндік мазмұндық үлгісінің негізі коммуникативтік сфера болып табылады. Нақты қатынас процесіне барынша тән тілдік тақырыптар мен жағдаяттар құрамы коммуникативтік өріс шеңберінде анықталған.

Қатынас жағдайының түйінін коммуникативтік мақсаттар құрайды. Оның шешімі студенттен өз қатынасын білдіру және баға беруді талап етеді.

Сөйлеудің тақырыптық мазмұнының мәдениаралық түпнұсқалық байланыстылығы әртүрлі тілдік материалдар арқылы жүзеге асырылады. Әдеби, ғылыми-әйгілі, публицистикалық ғылыми тілдік материалдар арқылы жүзеге асырылады. Жарнамалар, проспектілер, хабарлама және т.б. прагматикалық мәтіндер өзге тілді оқудың мәдениеттанымдық бағыттылығын іске асыруда маңызды рөл атқарады.

Мәдени-әлеуметтік білімнен, тапсырмадан тұратын түпнұсқалық мәтін материалы студентке өз мәдениеті мен үйренетін тіл мәдениетінің ара қатынасын белгілеуге мүмкіндік береді. Бұл материал тілді мәдениетаралық толық қатынас құралы ретінде пайдалануды қамтамасыз етеді. Сонымен, қатар мәдени субъектілер және мәдени орталықтың өзара түсіну шарты болып табылады.

Сөз әрекеті тілдік ойлау болғандықтан, әрекеттік тәсіл тіл мен оқытуды имитациялық пайдалануға емес, студенттердің шығармашылық ойлау қабілетін дамытуға бағытталуын талап етеді. Тілді шығармашылық түрде тек ғана осы

тілді пайдалануға үйренушілермен үздіксіз қарым-қатынас кезінде үйретуге болады. Сондықтан оқу процесінің субъектілерін біріктіретін және оқу процесіне шын мәнінде әрекеттік сипаттама (проектілік әдістеме, ойындық және компьютерлік технологиялар) болып табылады.

Шет тілін игеру – мәдениаралық қатынас құралы ретінде оқу процесін нақты қатынас процесс үлгісіне барынша жақын ұйымдастыруды алдын – ала анықтайды. Осы мақсатқа жету үшін өзге шетел тілін оқып үйренудің пәндік мазмұндық үлгісінің негізі коммуникативтік сферасы болып табылады.

Нақты қатынас процесіне барынша тән тілдік тақырыптар мен жағдаяттар құрамы коммуникативтік өріс шеңберінде анықталған. Жарнамалар, проспектілер, хабарлама және т.б. прагматикалық мәтіндер өзге тілді оқудың мәдениеттанымдық бағыттылығын іске асыруда маңызды рөл атқарады.

Берілген 5-схеманы толығымен қарастыратын болсақ, шет тілін оқытудың мақсаттары бір – бірімен тығыз байланысты екенін көреміз. Сөйлеудің тақырыптық мазмұнының мәдениаралық түпнұскалық байланыстылығы әртүрлі тілдік материалдар арқылы жүзеге асырылады. Әдеби, ғылыми - әйгілі, публицистикалық ғылыми тілдік материалдар арқылы жүзеге асырылады. 5-схемадан шет тілін оқытудағы мақсаттардың бір-бірімен тығыз байланысын көреміз.

Шет тілін оқытудағы мақсаттардың байланысы.



5 – схема

Мәдени - әлеуметтік білімнен, тапсырмадан тұратын түпнұскалық мәтін материалы тұлғаның өз мәдениеті мен үйренетін тіл мәдениетінің ара қатынасын белгілеуге мүмкіндік береді. Бұл материал тілді мәдениетаралық толық қатынас құралы ретінде пайдалануды қамтамасыз етеді.

Сөздің пәндік мазмұнының прагматикалығы осы мақсатқа кәсіби – мәдениаралық қатынасты қамтамасыз ететін пара – пар қатынас аяларын, тілдік тақырыпты және типтік жағдаяттарды таңдап алу жолымен беріледі.

Шет тілі сабағының ерекшелігі жалпы өзі оқу процесінің бірлігі болып саналмай, тек сабақтар тізбегінің бір буыны болуында [25, 44]. Оқу мазмұнының лингвистикалық компоненті коммуникативтік тәсіл негізінде тіл құралдарын продуктивті және рецептивті игерудің дифференциясын сақтай отырып таңдап алынған.

Сөз әрекеті тілдік ойлау болғандықтан, әрекеттік тәсіл тіл мен оқытуды имитациялық пайдалануға емес, студенттердің шығармашылық ойлау қабілетін дамытуға бағытталады. Қарым – қатынас немесе көбінде коммуникация деп аталатын үлкен ұғым. Бұл дегеніміз вербалды байланыс және ақпаратты қабылдау болып табылады [26, 322].

Өзге тілдің когнитивтік (танымдық) бағытының мазмұны студенттің интеллектуалды және эмоционалды дамуын ынталандыруды танымдық және коммуникативтік әрекет жасауға мүмкіндік беретін нақты когнитивтік тәсілдерін игеруде;

- жеке психологиялық ерекшеліктерінің дамуын;
- әлеуметтік әрекеттестік қабілеттілігін дамытуды талап етеді.

Негізінен тұлғаның танымдық ой өрісінің дамуына көбінде себепкер болатын оқу процесі. Студенттердің танымдық ой еркіндігін дамыту осыған айғақ болады [27, 5].

Келесі 6-схеманы қарастыратын болсақ, шет тілін оқыту әдістемесінің басқа пәндермен байланысы.



6 – схема

Шығармашылық қиял өзіндік жана образдар жасау арқылы әрекетте, жана продуктылар беруде көрінетін қиялды атайды. Жазушының, суретшінің, ғалымның, композитордың т.б. қиялы шығармашылық қиялға жатады. Шығармашылық қиялы әрі күрделі, әрі қиын [28, 232].

Жанның өзінде бұрыннан бар суреттеулерден жаңа суреттеулер жасай алуы қиял деп аталады. Қиялдау әр шығармашылық процесте маңызды роль атқарады. Ойлау қабілетімен қиялдау қатар жүреді. Қиялдау негізінен халық шығармашылығынан, яғни, ертегі, аңыздардан туындап, пайда болған [29, 301].

С.Выготскийдің тұжырымдауы бойынша ой қиялындағы барлық образдар шынай өмірден алынған әсерден, көзкарастан туындайды. Осы айтылғандарға қорытынды жасайтын болсақ, адамның шығармашыл ой қиялы өз өміріндегі бастан кешкен оқиғалардан қалған әсерлерге байланысты [30, 8].

Студенттердің ойлау қабілетінің жан – жақты дамуы үшін, жеке тұлғаның ізденісін арттыру қажет. Мысалға жаңа технологияны меңгеру арқылы: компьютер, интернет, медиатека және ақпарат құралдары.

Білім мазмұнын жетілдіруде, оқу формалары мен оқыту әдістерінің тиімділігін арттыруда білімді сапаландыруда техникалық оқу құралдарын қолданудың қажеттілігі артып отыр. Техникалық оқу құралдарының мына түрлерін қолдануға болады: дыбыстық техникалық оқу құралдары, дыбыстық – бейне құралдары. Оқыту процесін жеңілдете отырып техникалық оқу құралдары оқу уақытын үнемдеуге және мол ақпарат беруге мүмкіндік туғызады.

Жоғары мектепте оқыту үрдісін тиімді ету мақсатында техникалық оқу құралдарын (ТОҚ) қолданудың маңызы зор. Бүгінде білім мазмұнын жетілдіруде, оқу формалары мен оқыту әдістерінің тиімділігін арттыруда білімді сапаландыруда техникалық оқу құралдарын қолданудың қажеттілігі артып отыр. Осы тұрғыдан алғанда оқытудың дәстүрлі тұжырымдарымен қатар жаңа ақпаратты технологияның тұтастықта дамуы – білім сапасын арттырудың озық жолдарының бірі [31, 163].

ТОҚ-тың мына түрлерін қолдануға болады:

- дыбыстық техникалық оқу құралдары (магнитофон, компакт дискілерді тыңдауға арналған лазерлі ойнатқыштар);
- проекциялық (бейне) құралдары (диаграфопроекторлар);
- дыбыстық – бейне құралдары (бейнемагнитофон, бейнекамера, теледидар, компьютер).

Оқыту құралдарының атқаратын қызметі, негізінен, оқыту процесін жеңілдете отырып оқу уақытын үнемдеу, сондай-ақ сабақ мазмұнын интерактивтілігін күшейту, мол ақпарат беру, оқытушы мен студенттің оқу әрекетінің тиімділігін қамтамасыз ету.

Оқытудың мақсаты мен білім мазмұнына сәйкес оқытудың жаңа формалары мен жаңашыл әдіс – тәсілдерді енгізу міндеттерін шешуде интернет жүйесі мен электронды қатысымдық құралдарды қолдануда арақашықтықтан оқыту жүйесін қолданудың маңызы ерекше. Әрине, оқыту жүйесінде ТОҚ – ты, соның ерекше түрі – компьютерді қолдану жиілігінің де шегі бар, сондықтан да оны

оқытудың қай буынында қалай, қандай максатта қолданылатыны айқын жоспарлы түрде жүзеге асуы тиіс.

Зерттеуші ғалымдар компьютерлік технологияны қолданудың мынадай артықшылықтарын көрсетеді:

- кең көлемдегі мәліметтер қорының сақталуы;
- ақпарат алу және онымен оқу әрекеттерінің орындалуының тездігі және дәлелдігі;
- студенттердің өз бетінше жұмыс жасауына, ой еңбегін, зерттеушілік әрекетін арттыруға қолайлы;

Дыбыстық – бейне құралдары теледидар мен бейнемагнитофонды қолдану әдістемесі, тәжірибелік – зертханалық сабақтарда бейнекамера арқылы арнайы түсірілген оқу фильмдерін көруге болады. (Тілге қатысты телехабарлардан үзінділерді көрсету, талдау – сипаттау жұмыстарын жүргізу)

Компьютерлік технологияны қолдану, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге және соған сай білім беруде ақпараттандыру үрдісінің дамуына жол ашты. Қазіргі заманда оқыту үрдісінде компьютерлік бағдарламаларды қолданудың тиімділігі артып отыр. Оған дәлел электронды оқулықтар мен оқу құралдарының интернет желісінде қосылған компьютерлік бағдарламалардың кең тарауы. Көрнекі құралдың жаңа жанрларының бірі – мультимедиялық энциклопедия, электронды оқулықтар. Интернеттегі оқулықтар, электронды оқулықтар студенттің шығармашылықпен жұмыс жасауына және жан – жақты, толық мәлімет бере алады.

Оқу процесіне жаңа технологияларды енгізу мұғалімге балаларды шет тіліне оқытуға ғана емес, олармен тәрбие жұмысын жүргізуге де септігін тигізеді. Шет тілдерін оқытудағы жергілікті материалдардың қолданылуы қатысушылардың танымдылығын кеңейтіп, түрлі нәрселерді дамытуға және мамандықты таңдау кезінде көп көмегін тигізеді [32, 64]. Өлкетанымдық материалдар оқушылардың жеке тәжірибесінде шет тілінде коммуникация жасауға әкеледі, оларға күнделікті кездесіп отыратын шындығы және түрлі деректерді оқу кезеңінде тезірек қалыптастыруға мүмкіндік туғызады.

Аутентикалық мәтіндерді оқу, әңгіме құру, пікір таластыру шет тілін оқуға деген қызығушылықты арттырады. Мысалы, мәтіннің аудармасының сапасы жақсарады, сөздікпен және дерек көздерімен жұмыс (грамматикалық анықтамалар, лексикондар т.б.). Ауызша және жазбаша сөздердің біліктілігін арттыра отырып, шет тілінде пікір – талас жүргізудің коммуникативтік дағдылары қалыптасады. Әрбір оқушы өз пікірін айтуға және нақтылы деректермен дәлелдеуге үйренеді. Жобалап құрылған әдістемелер арқылы белсенді ауызша практиканы меңгеруге үлкен мүмкіндік туғызып, олардың шет тілін әрі қарай үлкен ықыласпен оқуларына зор көмегін тигізеді.

БІРІНШІ ТАРАУДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Білімді адамнан әлемнің бүтіндей бейнесін қабылдай алатын шығармашыл таныммен тікелей қатынас жасайтын адамды дайындау, бүгінгі күннің негізгі талабы болып есептеледі. Қоғамның жаңа талап - тілектерін, жаңа әлеуметтік сұраныстарды қамтамасыз ету үшін шығармашыл ойлаушы, тәуелсіз жеке адамдарды, айрықша ұрпақтарды тәрбиелеу қажеттілігі бүгінде аса маңызды болып отыр. Сондықтан қазіргі білімдер жүйесіне мәнді өзгерістер енгізілуде. Ғылыми – прогресс дамыған ғасырдағы өмір әр алуан және күрделі болғандықтан, осы өмір талабына сай болатын ұрпақты тәрбиелеу қажеттілігі туындап отыр.

Шығармашылық қызмет адамнан барынша табандылықты, білімді, қабілетті талап етеді. Өйткені ол адамның ойлау қызметінің аркасында туындайтын жаңа білім, жаңа көзқарас.

Қабілеттілік адамның ақыл-ой өзгешеліктірінін жеке қасиеттерін көрсететін, кез келген адамнан табылатын қасиет.

Зерттеу кезінде адамның шығармашылық қабілетінің ерекшеліктері айқындалды және ғылыми – теориялық әдістемелер тұжырымдалды. Оқу – тәрбие үрдісі барысында шығармашылықты қалыптастырудың педагогикалық шарттары негізделді.

Шығармашылық қабілетін дамыту кезінде ойлау қабілетіне әсер ететін басқа да факторлар айқындалды. Қабілеттіліктің ойдағыдай дамуы адамда тиісті білім жүйесінің, икемділік пен дағдының болуына байланысты. Жүйелік адамдардың шығармашылық процесін жеңіл басқаруға мүмкіндік жасайды.

Ал, даму мен қалыптасу бір – бірімен байланысты жеке тұлғаның өзіндік ерекшелігін танытатын процестік сипаты бар ұғым. Даму қалыптасу орта, тәрбие әсерінен өзгеріске түсетін, жаңаратын күрделі құбылыс.

Бастысы, әрекет кезінде белгіленген мақсатты шығармашылықпен іске асыру.

Ғылыми – зерттеу әдістемесі бойынша «шығармашылық», «қабілет», «шығармашылық қабілет» ұғымдарына талдау жасалды. Пайдаланылған әдебиетті талдау, саралау арқылы білім беру жүйесіндегі жеке адам қалыптасуының ең басты компоненттері айқындалды: өзін - өзі ұйымдастыру, өзін - өзі дамыту (өзін жетілдірудегі саналы жұмыс).

Жеке тұлғаның өзін - өзі ұйымдастыру қабілетінің дамуына қажеттілік сферасы арқылы әсер ететіні және өзін дамыту, пайдалану адамның интеллектуалдық ерекшелігіне және еріктік бағытта болатын әрі қарай әрекетке дамитын қабілет екені анықталды. Өйткені бұл қабілет жоғарғы деңгейде өзін дамыта, ұйымдастыра алатын тұлғаларда ақыл – ойдың дербестігі, өзіне сенімділігі, табандылық сияқты қасиеттер арқылы шығармашылықты дамытады.

Өзін жетілдіру, өзін - өзі ұйымдастыру үшін қажетті аса маңызды қасиет – ол салауаттылық. Шығармашылықты дамыту үшін салауаттылық, рухани байлық. Өйткені ол үшін денсаулық мәдениеті, еңбек қабілеті, рухани байлық

кажет, сонда ғана адам өзін – өзі жеңеді, жетілдіреді, бұл жеңістің төресі. Бұл – шығармашылық.

Адамның барлық жақсы қасиеттері, жақсы сапасы тек қана биологиялық емес әлеуметтік жағдайлардан да болады. Өзін дамыту адамның интеллектуалдық ерекшелігін әрі қарай дамытатын қабілет болғандықтан ақыл-ойдың дербестігі, өзіне сенімділігі, сияқты қасиеттер арқылы шығармашылықты дамытатыны белгілі болды.

Тәрбие – қоғамның кейінгі ұрпақтарда өзін қайта көрсетумен байланысты атқаратын негізгі қызметтерінің бірі. Әрбір келешек ұрпақтың қоғамдағы орнын табуы ең алдымен өткен ұрпақтардың жинаған әлеуметтік тәжірибиесін меңгеру деген сөз.

Оқыту ғылымды білімге айналдырса, тәрбиелеу дегеніміз - өте қысқа мерзімде жеке адамға беріліп меңгерілуі тиісті мындаған жылдар бойы адамзат жасаған, тиянақтаған мәдени деңгейдегі жаңа мағына және құндылық тудыру. Оның өлшемі – адамның қылығы. Адам шығармашылығының даму механизмінің нақты бір көрінісі – дамуға жеткізетін әрекеттілік. Ендеше, шығармашылық – барлық адамдарға тән жаратылыс күші деп айтуға болады.

Адамның шығармашылығы оның өзінің және биосфераның денсаулығымен тығыз байланысты деген ғалымдардың пікірлері бар. Жеке тұлғаның шығармашылық қабілетіне оның денсаулығы мен қоршаған орта жағдайына тікелей байланысты. Сондықтан ең бірінші көңіл аударатынымыз адамның денсаулығы. Осы айтылғандарға қорытынды жасайтын болсақ, жан тәлімін игерген дені сау ұрпақ – шығармашыл, ол қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік – экономикалық, психологиялық жағдайларда дұрыс жол табады. Тәрбие беру, оқыту үрдісінде рухани, адамгершілік құндылықтарға баса көңіл аударған жөн. Өйткені өзін сезіну, дамыту, өз мүмкіндіктерін білуге жеткізеді.

Танымдық әрекеттің белсенділігін оқытудағы құралдарымен әрекеттерін табу мәселесі ғасырлар бойына жалғасады. Қазақтың ағартушылары Абай Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, қоғамдық қайраткерлер және педагогтар А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов өздерінің еңбектері мен тәжірибелік әрекеттерінде оқушыларда шығармашылықты дамытуға, ойларын жүйелеуге шақырған. Қазіргі таңдағы дамыта оқыту теориясынан, психикалық дамуға бағдарланған тұжырымдаманы ерекше атауға болады. З.И.Калмыкова, В.И.Андреев, Е.А.Смирновтың тұжырымдамаларын атап өтуге болады.

Оқытудың белсенді әдістері, дәстүрлі емес сабақтар шығармашылықты қалыптастырады, дамытады. Себебі, шығармашыл таным әрекеті – дербес ізденіс және әрбір балаға жаңа, ол үшін белгісіз ғылыми білім немесе әдіс – тәсіл тудырады. Сонымен қатар дәстүрлі емес сабақтардың құрамы талданып оқу процесіндегі тиімділігі қарастырылды.

Студенттердің ойлау қабілетінің жан – жақты дамуы үшін, жеке тұлғаның ізденісін арттыру қажет. Мысалға жаңа технологияны меңгеру арқылы: компьютер, интернет, медиатека және ақпарат құралдары.

Оқытудың мақсаты мен білім мазмұнына сәйкес оқытудың жаңа формалары мен жаңашыл әдіс – тәсілдерді енгізу міндеттерін шешуде интернет жүйесі мен электронды қатысымдық құралдарды қолдануда арақашықтықтан оқыту

жүйесін қолданудың маңызы ерекше екені атап өтілді. Әрине, оқыту жүйесінде ТОҚ – ты, соның ерекше түрі – компьютерді қолдану жиілігінің де шегі бар, сондықтан да оны оқытудың қай буынында қалай, қандай мақсатта қолданылатыны айқын жоспарлы түрде жүзеге асуы тиіс деп көрсетілді.

Зерттеуші ғалымдар ұсынған компьютерлік технологияны қолданудың артықшылықтары аталып өтілді: кең көлемдегі мәліметтер қорының сақталуы; ақпарат алу және онымен оқу әрекеттерінің орындалуының тездігі және дәлелдігі; студенттердің өз бетінше жұмыс жасауына, ой еңбегін, зерттеушілік әрекетін арттыруға қолайлы.

Сонымен қатар заман талабына сай дыбыстық – бейне құралдары теледидар мен бейнемагнитофонды қолдану әдістемесі, тәжірибелік – зертханалық сабақтарда бейнекамера арқылы арнайы түсірілген оқу фильмдерін көруге болады. Компьютерлік технологияны қолдану, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге және соған сай білім беруде ақпараттандыру үрдісінің дамуына жол ашты.

Қазіргі заманда оқыту үрдісінде компьютерлік бағдарламаларды қолданудың тиімділігі артып отыр. Оған дәлел электронды оқулықтар мен оқу құралдарының интернет желісінде қосылған компьютерлік бағдарламалардың кең тарауы. Көрнекі құралдың жана жанрларының бірі – мультимедиялық энциклопедия, электронды оқулықтар. Интернеттегі оқулықтар, электронды оқулықтар студенттің шығармашылықпен жұмыс жасауына және жан – жақты, толық мәлімет бере алады.

Мәдени - әлеуметтік компоненттің мазмұнына оқып үйренетін тіл елінің дәстүрін, тарихын, мәдениетін, әлеуметтік жүйесін, заң ережелерін және тіл иеленушілердің әлеуметтік мінез – құлық ережесін білу.

Шетел тілін игеру – мәдениетаралық қатынас құралы ретінде оқу процесін нақты процесс үлгісінде барынша жақын ұйымдастыруды алдын-ала анықтайды. Осы мақсатқа жету үшін өзге шетел тілін оқып үйренудің пәндік мазмұндық үлгісінің негізі коммуникативтік сфера болып табылады. Нақты қатынас процесіне барынша тән тілдік тақырыптар мен жағдаяттар құрамы коммуникативтік өріс шеңберінде анықталған.

Болашақта табысқа жететіндігіне сенімді ынталы, табанды, интеллектуалды жетілген жас ұрпақ дайындау үшін, оларды үнемі шығармашылық тұрғыдағы жұмыстарға тартумен, бірте-бірте күрделене түсетін тапсырмалар мен шешуін таба алатын, міндеттер жүктеу керек. Шығармашылық қабілетінің дамуына әсер ететін тапсырманың шешу жолдарын әр-алуан ойға салып, өз бетімен шешу болып табылады.

Оқу барысында оқушы білімнің екі түрін меңгереді: табиғи және қоғамдық болмыс жағдайларында теориялық және практикалық міндеттерді шешудің тәсілдері туралы білімдер шешілді.

Пайдаланылған әдебиетке талдау жасау арқылы мынадай әдістемелер белгілі болды: студенттердің ойлау қабілетінің жан – жақты дамуы үшін, жеке тұлғаның ізденісін арттыру қажет. Мысалға жаңа технологияны меңгеру арқылы: компьютер, интернет, медиатека және ақпарат құралдары арқылы.

Және дәстүрлі емес сабақ түрлерін өткізетін болсақ шығармашылықтың мынадай қырларының бірте – бірте дамуы мүмкін:

- өзіндік ізденіс, жаңа бірдеңе тудырудың әрекеті;
- өзінің даралығын көрсетуге ұмтылу;
- өзін - өзі басқару, ой өрісі, ой еркіндігінің жоғарылауы;
- оқу материалдарын өзі зерттеп талдау, синтез, салыстыру тәсілдері, қолдану жаттығулары.

Жобалап құрылған әдістемелер арқылы белсенді ауызша практиканы меңгеруге үлкен мүмкіндік туғызып, олардың шет тілін әрі қарай үлкен ықыласпен оқуларына зор көмегін тигізеді.

Шығармашылық қабілет деген ұғымды қорытындылып қарастыратын болсақ – ой бостандығы мен еріктілік болған жағдайда ойлау үрдісін бір ізділікпен шығарып, логикалық ойлауды талдағыштық тұрғыға жетелеп өзін - өзі дамытатын белсенді еңбек, яғни ой еңбегі. Осындай еңбектің негізінде білім игеруге, оқуға, өмір білуге тәрбиелеу білім беру үрдісінің негізіне айналса, тұлғаның жан – жақты дамып, шығармашыл адам болып жетілуінің негізі болады.

2 - ТАРАУ. ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА АРНАЛҒАН ТӘЖІРИБЕЛІК ЖҰМЫС

2.1 ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ЗЕРТТЕУ

Ғылыми, дидактикалық және оқу - әдістемелік әдебиеттерге жасалған талдаулар дара тұлға шығармашылығын қалыптастыру, дамыту проблемаларының оқу тәрбие үрдісінде басты мәселе екендігін көрсетті. Жүргізілген жұмыстар мен ғылыми ақпараттарды, ғылыми әдебиеттерді саралау барысында көптеген мәліметтер жиналды.

Жалпы шығармашылық қабілетінің дамыту проблемасының теориялық тұрғысынан келесі еңбектерге жүгінуге болады:

- жеке адамның мотивациялы көзқарасы (А.Танненбаум, А.Олах, А.Маслоу);
- шығармашылық қабілетінің ұғымдары (Дж.Гилфорд, Т.Торренс);
- ой арқылы әрекет ету шығармашылық қабілеттері (Я.А.Пономарев);
- шығармашылық дарындылығы (А.М.Матюшкин).

Педагогикалық психологияда қолданылатын әдістер басқа да психологиялық ғылым саласындағы әдістер. Басты әдістер бақылау және эксперимент болып табылады.

Бақылау -- көру және есту байланысы арқылы зерттеу. Объектісі туралы мәлімет жинау әдісі. Осы әдістердің өздеріне тән ерекшеліктері, зерттеуші осы әдістерді қолданғанда ешқандай әсер етпейді. Ал зерттеу объектісі өзінің қызығатын құбылысын табиғи жолмен көрсетеді [33, 18].

Сондықтан бақылау мен эксперимент қатар жүріп, көп қызмет жасайды. Және зерттеу объектісін тереңінен ұғып, түсіну үшін үлкен маңызды роль атқарады. Бақылау мен эксперимент (тәжірибе) арқылы көп нәрсені білуге, толығымен зерттеуге мүмкіндік туады. Бақылау негізінен зерттеуде ғана емес, практикалық сабақтарда қолданылады. Жеке тұлғаның шығармашылық қабілетін тиімді дамыту және жеке басының ерекшелігін бақылау арқылы білуге болады. Өзіндік бақылаудың ең басты қызметтеріне болжағыштық, жоспарлау, тексеру, бағалау, түзету, реттеу, оқыту, тәрбиелік, дамытушылық қызметтері жатады [34,38].

Шығармашылық қабілетінің дамуының негізгі бағыттары:

- ой-қиялының дамуы;
- «шығармашылық қабілетін» қалыптастыратын ойлау қабілетінің дамуы.

Шығармашылық қабілетін дамытуда ойлау қабілетінің ассоциациялы, диалектикалы және жүйелі түрде қалыптасуы өте маңызды.

Ассоциациялық – бір қарағаннан көрінбейтін құбылыстың ұқсастығын және байланысын жылдам аңғартуға және есте сақталған керек ақпаратты жылдам табуға ықпалын тигізеді.

Диалектикалық – берілген проблеманың дамуына кедергі жасайтын жүйедегі қарама-қайшылықты дұрыс табу. Халық және ғылыми шығармашылықта орын алады. Мүлдем ойламайтын құбылыстардың болуынан

жаңалық туындайды. Мысалы, көп жылдар бойы ұшатын көліктермен аспанға көтерілу мүмкін болмады. Өйткені олар ауадан ауыр. Қарама-қайшылықты құрастырып және оны шешу мүмкіндігі диалектикалық ойлаудан туындайды:

- кез-келген заттан немесе құбылыстан қарама-қайшылықты көру;
- табылған қарама-қайшылықты толығымен түсіндіру;
- қарама-қайшылықты шеше білу дағдысы.

Шет тілін оқытудың принципі тұлғаның жеке басына және шет тілін меңгеруіне бағытталған. Оқу процесі кезінде оқушы мен оқушының қарым – қатынасы дұрыс болуы керек. Өйткені оқу процесі өзінің субъектілерінен бірлескен ортақ қызметті талап етеді. Олардың ортақ қызметінің нәтижесін тұлғаның шет тілін жақсы меңгеріп, тарихын, мәдениетін танып, өз тілімен салыстыра алуынан көруімізге болады.

Жоғары оқу орынында шетел тілін оқыту “031940 – Шетел тілі: екі шетел тілі” мамандығына арналған білім берудің мемлекеттік жалпы міндетті стандарты және жоғары кәсіптік білім берудің типтік оқу бағдарламасы бойынша іске асырылады.

Жалпы міндетті стандарттың арнайы пәндер циклы бойынша түсінігі болуға, білуге, істей алуға, меңгеруге талаптар қойылады [35, 27].

Түсінігі болуға:

- тіл туралы ерекше қоғамдық құбылыс ретінде;
- тілдің функциялары туралы;
- тіл білімі ғылымдарының қазіргі заманғы даму үрдістері туралы;
- тілдің, тарихтың және мәдениеттің байланыстылығы туралы; тілде қоғам мәдениетінің көрініс табуы туралы;
- интернационалдық қарым – қатынастардың дамуында шетел тілінің рөлі туралы;
- қоғамның ғылыми – техникалық прогрестің алдыңғы қатарына тезірек шығуын және оның әлем қауымдастығына табиғи жолмен қосылуын қамтамасыз етуде шетел тілінің рөлі туралы.

Білуге:

- тіл білімі ғылымдарының негізгі тарихи даму кезеңдері мен қазіргі жайын;
- лингвистикалық ғылымның заңдары мен заңдылықтарын, оның ұғымдық – категориалдық аппаратын;
- лингвистикалық теориялар саласындағы қазіргі ғылыми – теориялық көзқарастарды;
- лингвистикалық талдау мен бейнелеудің негізгі әдістемелерін;
- тілдің жүйесін, тіл категорияларының сөзде жүзеге асырылуын;
- оқып жүрген тілдердің орфографиялық, орфоэпиялық, лексикалық, грамматикалық және стилистикалық нормаларын.

Істей алуға:

- лингвистикалық теориялардың әралуан бағыттарын сын көзбен қарай отырып, шығармашылықпен ұғына алуға;
- нақтылы бір тілдік материалды талдай алуға;
- тіл құбылыстарын өз бетімен түсіндіре алуға;

- нақтылы бір тілдік материалды талдай алуға;
- салыстыра алуға, салыстырылып отырған тілдердің тиісті қосалқы жүйелерінде болуы мүмкін интерференция мен тасымалды алдын ала болжау мақсатында ұқсастықтар мен айырмашылықтарды таба білуге;
- алған білімдерін дидактикалық міндеттерді шешу үшін сөз ситуацияларында қолдана білуге;
- шетел тілі мен ана тіліндегі тіл құбылыстарын өз бетімен зерттей алуға;
- шетел тілін мәдениетаралық қатынас құралы ретінде оның барлық функцияларының (коммуникативтік-танымдық, реттеуші, эмоционалды - бағалауыш) бірлігі жағдайында қолдана алуға;
- қарым – қатынас барысында негізгі сөз түрлерін: баяндау, суреттеу, пайымдау, монолог, диалог, полилогты қолдана алуға;
- аутентивті аудиомәтіндерді әртүрлі дәрежеде және мазмұнына әртүрлі тереңдей бойлап түсіне алуға;
- жазбаша толық айтылымдарды дайындап, көрсете алуға; реферативтік және анықтама материалдарды, сөздіктердің әралуан түрлерін пайдалана білуге;
- өз әрекеттері мен өзгелердің әрекеттерін тексеріп, оларды объективті түрде бағалай білуге.

Менгеруге:

- лингвистикалық зерттеулердің әдіснамасын;
- коммуникативтік біліктілікті оның құрылымдық компоненттерінің құрамында: лингвистикалық, дискурсивтік (сөз), социолингвистикалық, әлеуметтік – мәдениеттік, стратегиялық біліктілікті сөз арқылы қатынастың барлық салаларында коммуникативтік әрекеттің барлық түрлерін коса;
- кәсіптік – адаптивтік біліктілікті – тілді адаптивтік және коммуникативтік – оқыту деңгейінде меңгеру қабілетін;
- қатынастың ресми және ресми емес түрлерін;
- әралуан тілдер мен мәдениеттердің сөз этикетінің ұлттық ерекшеліктерін;
- сөз мәдениетін.

Жоғары кәсіптік білім берудің типтік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы жоғары білім берудің мемлекеттік стандартының құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Типтік оқу бағдарламасы бойынша оқудың мақсаты – студенттердің коммуникативтік кәсіби біліктіліктерін қалыптастыру. Коммуникативтік біліктілік дегеніміз – мәдениаралық деңгейде өзге тілде қатынас жасауға қабілеттілік және даярлық болып табылады. Коммуникативтік, мәдениет тануға бағытталған оқудың мақсаты – лингвистикалық (тілдік, дискурсивтік, сөздік), мәдениаралық және стратегиялық компоненттерді енгізетін күрделі интегративтік тұтастық болып саналады.

Типтік бағдарлама бойынша шетел тілін оқып үйренудің бастапқы сатысында функционалды сауаттылыққа, сөз әрекетінің төрт түріндегі коммуникативтік іскерліктерді қалыптастыра білу қажет. [36, 5]

Сөйлеуге үйрету көлемінде студенттер дайындалған және дайындалмаған диалог сөз түрлерін меңгереді. Диалог сөзге үйретудің мақсаты – студенттердің диалог сөздің (микродиалог, мәлімет, пікір алмасу) түрлеріне, қатынас өрісіне,

тілдік тақырыпқа сәйкес коммуникативтік ниетін қалыптастыру іске асыру болып табылады.

Монолог сөзге үйретудің мақсаты – тілдік тақырып және қатынас өрісіне сәйкес монолог сөзінің сипаттау түрінде (тұрғылықты орны, жанұя, оқу, болашақ мамандық) немесе әңгімелесу түрінде (оқиғалар, арман, үміт жайында) студенттердің коммуникативтік ниетті іске асыру қабілетін қалыптастыру.

Тыңдап-түсіну тіл өкілінің, дыбыс жазбаның, мұғалімнің, студенттің, оқушының сөзін тыңдап түсінуді шамалайды. Тыңдап - түсінуге үйрету оқыған тілдік тақырып, қатынас өрістері және тіл материалы негізінде монологтік немесе диалогтік сипаттағы әр түрлі жанрлық түпнұсқадағы аудио және видеомәтіндер арқылы іске асырылады.

Оқу — сөз әрекетінің бір түрі ретінде студенттердің шетел тіліндегі мәтіннің оқу техникасын меңгеруді және әртүрлі мәтіндерден ақпарат табу іскеліктерін дамытады.

Жазу және жазба сөзге үйрету жұмысы бір жағынан, сауатты жазудың графикалық, пунктуациялық, орфографиялық дағдылары мен іскерліктерін қалыптастырады.

Шетел тілін игеру – мәдениаралық қатынас құралы ретінде оқу процесін нақты қатынас процесс үлгісінде барынша жақын ұйымдастыруды алдын-ала анықтайды. Осы мақсатқа жету үшін өзге шетел тілін оқып үйренудің пәндік мазмұндық үлгісінің негізгі коммуникативтік сфера болып табылады. Нақты қатынас процесіне барынша тән тілдік тақырыптар мен жағдаяттар құрамы коммуникативтік өріс шеңберінде анықталған. Қазіргі күнгі ғылым психикалық даму қоршаған ортаның санада сәулеленуіне, яғни танымдық тәжірибені және әрекетті меңгеруіне, меншіктенуіне байланысты деп қарайды. Бұл - оқу, білім алу деген сөз. Оқу - адамның психикалық дамуының формасы, элементі. Кез-келген оқыту белгілі бір мөлшерде адамды дамытады.

Бағдарлама талаптарына сай лексика кең мәдени - әлеуметтік фонында: оқыған тақырып көлемінде баламасыз және фон лексикасы; бағалау лексикасы тілдік этикеттің бір элементі ретінде қолданылатын сөздік клишелер. Бағдарламаның тіл материалын сипаттайтын бөлімдеріне ана тілімен салыстыру элементтері сөзсіз енген.

Сөз әрекеті тілдік ойлау болғандықтан, әрекеттік тәсіл тіл мен оқытуды имитациялық пайдалануға емес, студенттердің творчестволық ойлау қабілетін дамытуға бағытталуын талап етеді.

Кез келген ойлау қабылдаудан басталып, әрекетпен аяқталатыны бізге белгілі. Ойлау әрекетінің негізгі бөлімі – шешім қабылдау. Оқытудың теориясы мен практикасында дербестік таным белсенділігінің үш деңгейі бар: репродуктивтік, деңгей – ізденушілік және зерттеушілік.

Репродуктивтік таным әрекеті – дайын білім мен үлгі арқылы жүзеге асырылады. Осы деңгейде өткізілетін тапсырмаларды орындау алдында оқытушы студенттердің жасайтын әрбір қадамын қадағалап, түсіндіреді. Ең алдымен үлгі ретінде әр тапсырманың біреуін өзі орындап көрсетеді. Көбінесе шет тілінің грамматикасын, лексикасын, т.б. меңгерудегі логикалық ойлау

жылдамдығына арналады. Студенттер осы деңгейдегі тапсырмаларды белгілі уақыт ішінде орындай отырып, өздерінің ой ұшқырлықтарымен көзге түседі.

Ізденушілік әдісі – дайын үлгі бойынша емес, ұстаздың бағыттаушы сұрақтарының көмегімен жүргізіледі. Осы кезде шығармашыл ойлау қалыптасады. Бұл деңгейде студенттерге тапсырма алдын-ала беріліп, оның мәні түсіндіріледі. Тапсырмалар сөйлеу дағдысына немесе сөйлемдер құру, өз ойын айтуға бағытталған. Осы деңгейде тұлғаның өзіндік ізденіс, өзінің даралығын көрсетуге ұмтылыс жасауымен қатар, танымдық әрекеттерінің деңгейлерін көреміз.

Зерттеушілік нағыз шығармашыл әдіс. Осы жағдайда білім игеру әрекет түрлерімен жүзеге асырылып, оны әркім жағдайда қолданады. Ғалымдардың пікірінше, шығармашылық шешім әдістерді өзгертеді, дәстүрлерді – сирек өзгертеді, негізгі принциптерді – одан да сирек өзгертеді, адамның өмірге көзқарасын – аса сирек өзгертеді. Ойлау қабілетінің биік шыңы ой қиялы арқылы естіген, оқыған жағдайларға байланысты әңгімелерді өз ойынша аяқтау немесе қысқаша шығарма жазу және жаңа нәтиже тудыру.

Қазақстандық ғалым Н.Д. Хмельдің пікірінше, қандай болсын мамандықты игерген адамды үш аспектіде сипаттау керек: мотивациялық, мазмұндық және әрекеттік. [37, 14] Біз осы тұжырымға сүйеніп, студенттер бойынан шетел тілін оқыту арқылы шығармашылық қабілетті дамыту іс-әрекет процесінде мотивациялық, мазмұндық және әрекеттік құрамдас бөліктер ұштасуы керек деп есептейміз.

Мотивациялық құрамдас бөлігіне танымдық қызығудың негізгі қалыптастыру бейнесі жатады. Тұлғаның бойында шетел тілін оқыту арқылы шығармашылық қабілетін қалыптастыру, танымдық қызығуларын зерттеу жолдарын қарастыру. Студенттердің кәсіби шеберлігін арттырумен қатар олардың бойындағы адамгершілік, ақыл-ой, эстетикалық, еңбек, т.б. қасиеттерін қалыптастыру кіреді. Сондықтан осы құрамдас бөлігінің критерийлері ретінде біз мыналарды атаймыз - жеке басының жоғары адамгершілігі, шет тілін игерудегі танымдық, қызығушылық мотивацияның қалыптасуы. Олардың өзі бірнеше көрсеткіш арқылы сипатталады: шет тілін оқуға деген танымдық, қызығушылық мотивацияның қалыптасуы, тұлғаның дүниетанымы, ойы, іздемпіздігі, азаматтық жауапкершілігі, өзіндік тұлғалық жетістіктер нәтижесін көрсетуге ұмтылу.

Мазмұндық құрамдас бөлігіне тұлғаның шет тілін шығармашыл түрде игеруінің әдіснамалық және жалпы мәдениеттілік дайындығы, пәндік әдістемелік дайындығының деңгейі, мамандығы бойынша білімі, педагогикалық біртұтас білім жүйесі, педагогикалық үрдістің заңдылықтары мен қозғаушы күші жатады. Сондай-ақ, теориялық және тәжірибелік білім қарастырылады. Критерийлері - педагогикалық процесс туралы білім, шығармашылық қабілеттің теориясы туралы білім, арнайы шет тілі туралы және әдістемелік білім. Ал көрсеткіштер ретінде мыналарды қарастырамыз: шет тілін қатынас құралы ретінде қолданудың ролі туралы терең түсінік, педагогикалық процестің мәні, шетел тілін игерудің мәні, мазмұны, әдістемесі

туралы біртұтас білім, студенттердің шетел тілін игерудегі іс-әрекетінің түрлері, мазмұны туралы білім [38,27].

Әрекеттік құрамдас бөлігі шетел тілін оқытудың әдістемелік мақсаттары, оқыту үрдісі, ділгірлік түрлері, педагогикалық міндеттер мен оның негізгі тәсілдерін болжау және педагогикалық-психологиялық білімдерді меңгеру жатады. Сонымен қатар, сөз сөйлеуге дағдылану, ғылыми зерттеу жұмыстарды талдауға бейімделу, шығармашылық ептілікті, шығармашылық белсенділікті, шығармашылық-ізденушілік бағыттылығын дамыту енгізіледі. Бұл құрам бөліктің критерийлері: жалпы педагогикалық іскерліктер, шетел тілін оқыту арқылы студенттерде шығармашылық қабілетті қалыптастыру іскерлігі. Көрсеткіштері ретінде мыналарды атаймыз: сөз сөйлеуге дағдылану, ғылыми – зерттеу жұмыстарды талдауға бейімделу, мақсатқа жетудегі тұлғаның ерік қасиетінің дамуы, кәсіби қызығу және тұлғаның өзін - өзі дамыту, ұйымдастырып талдай білу мен тұжырымдау.

Біздің пайымдауымызша, жоғарыда аталған үш құрамдас бөлік бір-біріне өзара ықпал етеді, бірін-бірі толықтырып, дамыта түседі. Сонымен, студенттердің шет тілін оқудағы шығармашылық қабілетінің қалыптасу мазмұнына негіздеме жасай отырып, біз оның сандық және сапалық сипатын көрсететін теориялық моделін ұсынамыз. Осы модельдің критерийлері мен көрсеткіштері арақатынасының әртүрлі дәрежеде көрініс беруіне байланысты зерттелетін шығармашылық қабілеттің мүмкін болатын төрт шартты деңгейі анықталды: жоғары, жеткілікті, орташа, төмен. Бұл деңгейлердің әрқайсысына сапалық жағынан сипаттама беруге болады.

Жоғары деңгейдегі шығармашылық қабілеті дамыған тұлғалар: ой икемдігі жақсы дамыған, шапшан, (көп пікір айта білу қабілеті) икемді, (көп және әртүрлі пікір айта білу қабілеті) және басқалардан қарағанда ой ерекшелігімен көзге түсе біледі. Оларға басқа адамдар елемейтін проблемаларды көру, белгілі бір шешімді әртүрлі жағдайда бірнеше рет қолдану ерекшелігі тән. Ой қиялының жүйріктігіне байланыты керек ақпаратты қажет кезінде тауып алып, бастапқыда қойылған мақсатқа жету.


Жеткілікті деңгей шығармашылық қабілеті дамыған тұлғалар: өзін - өзі ұйымдастыра және өзін - өзі дамыта білуі. Ойының жеке даралығы, әдеттегіден тыс жауапты таба білуге даярлығы. Тақырыпқа байланысты ассоциациялық байланыстардың пайда болуының дамуы, мәселенің ұғымдылығы, оның әдеттегіден тыс шешімі, ойдың жүйріктігінің дамуына талпыныс білдіруі.

Орташа деңгей шығармашылық қабілеті дамыған тұлғалар: жалпы ой икемдігі дамыған, бірақ өз іс-әрекетін сараптай алмайды, шығармашылық талпыныстары тұрақты емес. өзін-өзі ұйымдастыруға сирек ұмтылыс жасайды. Меңгерген білімді қолдана отырып, басқа біреуден асып түсуге жағдай жасамайды.

Төмен деңгей шығармашылық қабілеті дамыған тұлғалар: басқалардан қарағанда ой ерекшелігімен көзге түсе білмейді, өзін-өзі ұйымдастыруға мүлдем талпыныс жасамайды, сонымен қатар немқұрайдылық танытады, өзін - өзі басқару қабілеті дамымаған, ой икемдігі нашар дамыған.

Жоғарыда аталған студенттердің шет тілін оқудағы шығармашылық қабілетінің қалыптасу мазмұнына негіздеме жасай отырып, біз оның сандық және сапалық сипатын көрсететін теориялық моделін келесі 7-схемада ұсынамыз.

Студенттердің шет тілін оқудағы процесінде шығармашылық қабілетінің қалыптасу мазмұнының теориялық моделі



7-схема

Жоғарыда аталған үш құрамдас бөлік және сандық, сапалық сипатын көрсететін теориялық моделін ұсынуымыз, зерттеу барысында осы модельдің критерийлері мен көрсеткіштері арақатынасының әртүрлі дәрежеде көрініс беруіне тікелей байланысты болып табылады.

Шығармашылықтың таным әрекетіндегі негізгі критерилеріне шолу жасалады:

- толық немесе жартылай дербестік;
- мақсатқа жету жолдарын іздеу;
- жаңа нәтиже тудыру;
- қиялдау, болжамдар құру;
- логикалық ойлау, білім қорының молдығы.

Тәжірибе өткізудің бірінші кезеңінде дайындық жұмыстары жүргізіледі:

- сабақтың тақырыбын анықтау;
- шығармашылық қабілетін дамыту мақсатын айқындау;
- жұмыс барысында қолданылатын әдебиеттермен таныстыру;
- шығармашылық қабілетін дамыту әдістемесін оқыту.

Бірінші анықтау кезеңінде шет тілін оқытудағы негізгі көңіл аударарлық мәселе дайын деректерді еске түсіру ғана емес, жалпы оқығанды тоқып, игерілген білімді қорыту арқылы жана білім игеруге қабілеттерін талап ету. Сондықтан тұлғаның шет тілін шығармашыл түрде игеруін анықтау келесі әдістемелерге бағытталған:

- еске сақтау, ойлау, ой қиялын жоғарылату;
- ортақ ұғымды, логикалық байланысы бар сөздерді табу;
- ТОҚ-ты қолдана отырып, бұрынғы білгенін еске түсіру және керек ақпаратты қажет кезінде таба білу;
- шет тілінің грамматикалық, жазу ережелерін сақтай отыра ой ұшқырлығының жоғарылату;
- бейне фильмді көргеннен кейін нақты сұрақтарға жауап берумен қатар, өз ойларын айта білу;
- берілген ойды аяқтау немесе қысқаша шығарма жазу.

Тұлғаның шет тілін қатынас құралы ретінде меңгере отырып, оқып отырған елдің тарихын, мәдениетін танып, өз тілімен салыстыра алуымен қатар ой өрісінің жоғары болуын жетілдіру. Қабілеттің даму деңгейі туа біткен жүйкелік механизмнің психикалық қызметінің сапасына байланысты (еске сақтау, ойлау, ой қиялы) екені психологиялық тұрғыдан белгілі. Жоғарыда аталған атақты психолог және педагогтардың тұлғаның шығармашылық қабілетін зерттеуге арналған көп еңбектеріне сүйенеміз. Осы бағытқа арналған Б.Ц. Бадмаевтың әдістемелеріне тоқталып өтейік [39, 210]. Жеке тұлғаның есте сақтау, ойлау қабілеттерін зерттеу үшін қолданылады. Бұл әдістеменің негізгі мақсаты, ортақ ұғымды, логикалық байланысы бар сөздерді тауып алып, астын сызу керек. Бір парақта шет тілінде жазылған жиырма сөз беріледі. Нәтиженің бағалануы дұрыс жауап сандарына байланысты: 20 дұрыс жауап 9,8 баллға, 19 дұрыс жауап 7 баллға, 18 дұрыс жауап 6 баллға, 17, 16 дұрыс жауап 5 баллға, 15, 14 дұрыс жауап 4 баллға, 13, 12 дұрыс жауап 3 баллға, 11, 10 дұрыс жауап 2 баллға, 9 дұрыс жауап 1 баллға тең.

Өткізілген әдістемеге қорытынды жасайтын болсақ, тәжірибелік топтың дұрыс жауап сандары 14-ке, ал бақылау тобының дұрыс жауап сандары 11-ге тең болды. Осы әдістемені пайдалана отырып, тұлғаның ойлау жылдамдығы, ойлау арқылы бұрынғы білгенін еске түсіру және өзінің танымдық әрекетін белсенді көрсету қыры байқалады.

Келесі әдістеме ойлау арқылы бұрынғы білгенін еске түсіру және керек ақпаратты қажет кезінде таба білуін анықтауға қолдандық. Топтың әр мүшесі он секундтың ішінде бес сөздің арасынан, мағынасы мүлдем бөлек, артық сөзді табу керек. Бір жолда бес сөзден тұратын жиырма қатар беріледі [40, 211].

Тәжірибелік топтың дұрыс жауап сандары 17-ге, ал бақылау тобының дұрыс жауап сандары 13-ке тең болды.

Шет тілі пәнінің оқыту үрдісін тиімді ету мақсатында техникалық оқу құралдарын (ТОҚ) қолдануды дұрыс деп шештік. Оқыту құралдарының атқаратын қызметі, негізінен, оқыту процесін жеңілдете отырып оқу уақытын үнемдеу, сондай-ақ сабақ мазмұнын интерактивтілігін күшейту, мол ақпарат беру, оқытушы мен студенттің оқу әрекетінің тиімділігін қамтамасыз ету болып табылады.

Дыбыстық техникалық оқу құралдар қатарына жататын магнитофонды қолдана отырып келесі тапсырмаларды орындауға мүмкін алдық. Шығармашылық қабілетін даму барысында ой бостандығы және ой еріктілігі, логикалық ойлауды талдағыштық тұрғыға жетелеп өзін - өзі дамытатын белсенді ой еңбегінің атқаратын қызметі басым.

Сондықтан ойлау және есте сақтау қабілеттерін анықтауға арналған тапсырмалар қолдандық. Бұл тапсырманың орындалу ерекшелігі қиын сөздерді есте сақтауда. Біріншіден плакатқа жазылған өтіп жатқан тақырыпқа сай арнайы он сөзді оқытушы 25 – 30 секундқа көрсетеді. Содан кейін сол сөздерді магнитофоннан есту арқылы тыңдаушылар бір парақ қағазға жазады. Көру қабілетінің есту қабілетіне ықпалын тигізу арқылы сөздерді дұрыс жазған адам жеңімпаз аталады. Осы зерттеуден алынған нәтижелерді арнайы қағазға қондырамыз. Әдістеменің қорытындысында тәжірибелік топтың дұрыс жазған сөздер саны 5-ке, ал бақылау тобының дұрыс жазған сөздер саны 3-ке тең болды. Зерттеу барысында топ мүшелерінің есте сақтау қабілетінің шет тілінің жазу ережелеріне сүйене отырып жасаған жұмыстарының толық нәтижесін көре аламыз.

Өзіндік ізденіске бағытталған Н.Ю. Хрящеваның әдістемесіне жүгінетін болсақ, үш минут ішінде нақты әріптерді қолдана отырып төрт немесе бес сөзден тұратын сөйлемдер жазу керек. Келесі үш минут ішінде басқа әріптерді қолдана отырып басқа сөйлемдер жазылады. Осылайша тоғыз минут ішінде бірнеше сөйлемдер құрылады. Бұл жаттығудың ерекшелігі тоғыз минутты әр үш минутқа бөліп әртүрлі әріптер тізбегін ұсынуда. Соңында жазылған көп сөйлем ішінен өзіне ұнаған үш сөйлемді тандап алып оқиды.

Осы тапсырманы орындау кезінде берілген әріптерге үш толық сөйлем жазып және олардың грамматикалық, жазу ережелерін сақтай отыра дұрыс орындалуы керек. Барлық сөйлемдерді дұрыс құрастырған тұлға ой ұшқырлығының жоғары екенін дәлелдейді. Орындалған әдістемені

қорытындылайтын болсақ, екі топтың екеуінен де орташа және төмен көрсеткіштерді ғана көре аламыз.

Бақылауға арналған тапсырмалар немесе жаттығулар белгілі білімді қолдана отырып жасалған өзгеріске байланысты қорытынды жасау. Жүйелі жұмыс жасау күнделікті құбылысқа басқаша қарауға бағыттайды. Қысқаша бақылау жасаудың өзі көптеген құнды ұғымдарды түсінуге және қажет ақпаратты жинауға ықпал етеді.

Себеп – салдар байланысын орнатуға арналған тапсырмалар ортақ және жеке белгілерін айқындау, оларды салыстыру, өзара байланысын сараптау, оған тұжырым жасау және логикалық ойлау болып табылады. Белгілі білімді жаңа жағдайда қолдануға арналған тапсырмалар теорияда алған білімді практикада қолдану. Осындай тапсырмалардың орындалуының алғы шарты, жұмыс бағытының шығармашылық дейгейде өтуі.

Осы саладағы орындалған зерттеу барысындағы тапсырмалардың нәтижелерінің бағалануы дұрыс болуы:

- дұрыстығы;
- даралығы;
- рационалдығы;
- шығармашылық көзқарас.

Келесі өзін - өзі басқару және ой еркіндігін зерттеуге арналған әдістемені жарыс түрінде өткіздік. Қатысушылар дөңгелене отырып, допты беру арқылы нақты бір ойды әрі қарай жалғастырып, аяқтайды. Яғни, допты беруші бір ойды бастайды да, ал, допты алушы сол ойды логика арқылы байланыстыра отырып мағыналы түрде жылдам аяқтайды.

Толық орындаған адам толық бір ұпай, жартылай орындаған адам жарты ұпай алады. Қатысушылардың ұпайын санау үшін оларға қызыл түсті және көк түсті карточкалар таратылады.

Сөйлем құраудың ерекшелігін есте сақтай отырып, қате жібермеуге тырысу. Белгілі ереже бойынша сөйлем мүшелерінің орын ауыстыруына және т.б. шет тілінің грамматикалық ерекшеліктеріне аса назар аудару керек. Жарысты қорытындылай келе, тәжірибелік топтың жеткілікті деңгейге жеткенін, ал бақылау тобының орташа деңгейден сәл ғана көтерілгенін көреміз.

Әрбір ойлау қабілетінің шығармашылық бағыты бар. Кез келген ойлау қабылдаудан басталады да әрекетпен аяқталады. Ойлау әрекетінің негізгі бөлімі – шешім қабылдау. Ойлау қабілетінің жылдамдығын зерттеуге арналған әдістеме. Қатысушылар дөңгелене отырып оларға ойынның шарты түсіндіріледі. Ереже бойынша допты лақтырған адам шет тілінде бір түсті атайды, ал қағып алған адам шет тілінде осы түске сәйкес объектіні атайды. Аталған сөздердің қайталанбауы керек. Осы тапсырманы орындау барысында ойынға деген қызығушылық туындайды. Аталған түске сәйкес заттарды атай отыра, ойлау қабілетінің жылдам дамуы және танымдық белсенділіктің дербестігі байқалады. Ойлау қабілетінің жоғарылығымен көзге түскен адам жеңімпаз аталады.

Келесі әдістемеде жаңа тапсырма орындай отыра, ойлау қабілеті арқылы бұрынғы білгенін еске түсіру, ойлау қабілетінің жылдам дамуы зерттеледі.

Қатысушылар екі топқа бөлініп, бастаушы, яғни, допты лақтырған бірінші адам берілген үш сөздің біреуін атайды. Қағып алушы адам берілген тапсырманың шарты бойынша аталған сөзге сәйкес сөзді жылдам айтуы тиіс. Ойлау қабілеті арқылы бұрынғы білгенін еске түсіру, ойлау қабілетінің жылдам дамуы байқалып, сонымен қатар, шет тіліндегі сөз орамдылығы да толығымен тексеріледі. Тек қана тақырыпқа сәйкес сөздер алынады. Барлық сөздерге сәйкес сөздерді жылдам айтқан топ жеңімпаз аталады. Осы әдістемелерді қорытындылайтын болсақ, екі топта жеткілікті деңгейден көрініп, төмен деңгейден көтерілді. Дәстүрлі емес сабақ ретінде ойынды және жарысты қолданғандықтан әр топ мүшесінің оқуға деген қызығушылығы артты. Шет тілінде жазылған сөздің мағынасын есте сақтау, еске түсіру және нақты аудармасын білу қажет. Осы әдістемеге іріктеліп алынған сөздер көбінде өткен тақырыптарға байланысты. Және ойлау жылдамдығы, логикалық ойлаудың талдағыштығы, керек акпаратты қажет кезінде табу қырларын дамытады.

Шығармашылық қабілетін дамыту әдістемелері негізінен тұлғаның ой икемділігін және ой ұшқырлығын зерттеуге арналған. Зерттеуде қолданылған әдістемелер шет тілін оқытудағы шығармашылық қабілетінің мынадай қырларын қалыптастыратынын және дамытатынын негіздедік:

- пікірлердің өзгеріп туындауы және өзіндік ізденіс;
- жана бірдеңе тудыру тұрғысындағы танымдық әрекет;
- оқу ісіне берілгендіктен өз еріктерімен еңбек етіп бір – бірінен асып түсуге, өзінің даралығын көрсетуге ұмтылыс жасау.

Сонымен қатар Р.Амтхауердің ителлект тестің қолдануға болады. Бірінші субтест индуктивтік ойлау қабілетін, тіл білімін қажет етеді. Берілген сөйлемді бір сөз арқылы аяқтау. Жиырма тапсырманы алты минут ішінде орындау керек. Тәжірибелік топтағы дұрыс жауап саны 16 –ны көрсетсе, бақылау тобында 9 санын көрсетті.

Екінші субтест абстракциялық қабілетті қажет етеді. Берілген бес сөздің төрт сөзі бір – бірімен байланысты, ал біреуі артық. Сол артық сөзді тауып алу. Жиырма тапсырманы алты минут ішінде орындау керек. Сөз қорының байлығына байланысты тапсырманың орындалу барысында студенттердің білім деңгейлері жеткілікті және орташа деңгейден көрінді.

Үшінші субтест берілген үш сөздің бірінші және екіншісі бір-бірімен байланысты, ал үшінші сөзге сай келетін сөзді берілген бес сөздің арасынан табу шарт. Он бір тапсырманы жеті минутта орындау керек. Берілген алдыңғы екі сөзді үлгі ретінде қарастыра отырып, тапсырманы орындау қиын болмағандықтан екі топта жеткілікті деңгейден көрінді.

Төртінші субтесте ортақ ұғымды білдіретін екі сөзді бір сөзбен алмастыра алу шарт болып табылады. Берілген он алты тапсырманы сегіз минутта орындау керек [41, 525].

Тәжірибелік топтың нәтижесі бақылау тобының нәтижесінен басым болғанымен жоғары деңгейді көрсете алмады.

Студенттердің шығармашылық дәрежелерін байқау мақсатында көптеген жазба жұмыстары, арнайы тапсырмалар орындалды және оларға талдау

жасалды. Анықтау тәжірибесі кезіндегі студенттердің шығармашылық деңгейлерінің көрсеткіштері келесі 1-кесте арқылы берілген.

Студенттердің шығармашылық қабілеттерінің диагностикасының
қорытындысы

Деңгейлер	Тәжірибелік топ	Бақылау топ
Жоғары	-	-
Жеткілікті	20 %	15 %
Орташа	61 %	64 %
Төмен	19 %	21 %

1- кесте

Анықтау кезеңіндегі шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған әдістемелердің көбінде ой бостандығы және ой еріктілігі, логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін анықтауға арналған тапсырмалар қолдандық.

Өткізген жұмысты қорытындылайтын болсақ, әрбір әдістеме тақырыпка сай таңдалып, ерекше мән берудің арқасында жүзеге асырылды. Орындалған тапсырмалардың аяқталу кезінде жіберілген қателер түсіндіріліп, талдау жұмыстары жүргізілді және студенттердің өз ойлары тыңдалып, топ мүшесінің әрқайсысына жүргізілген жұмыстар бойынша баға берілді. 1 – кезеңде анықтаушы эксперимент өткізіліп, қалыптастырушы эксперимент бойынша бастапқы жұмыстар жүргізілді.

2.2 ТҮТАС ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРОЦЕСТЕ ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Әрбір жеке адамның, жеке тұлғаның мінез – құлқы және психологиясы өзін қоршаған ортаға, әлеуметтік жағдайға байланысты. Олардың осындай күрделі қоғамда басын қосатын әртүрлі ұйымдар топтар деп аталады. Осындай топтардың ішінен үлкен және кіші топтарды атауға болады. Саны екі, үш адамнан асып отыз адамға дейін жететін ұйымдарды кіші топ деп атайды. Кіші топтар үлкен қоғамның кішкене бөлігі болып табылады. Олардың басын қосатын тікелей ара қатынастағы ортақ қызмет. Топтың бірлігі, басқа топтан айырмашылығы топтың әр мүшесіне байланысты. Әр топ мүшесінің мінез – құлқы, әртүрлі жағдайлардағы іс - әрекеттері, ара қатынастары ортақ қызмет орындау барысында көп әсерін тигізеді.

“Шетел тілі: екі шетел тілі” мамандығына арналған білім берудің мемлекеттік жалпы міндетті стандарты және жоғары кәсіптік білім берудің типтік оқу бағдарламасы бойынша бекітілген арнайы бағдарламаға қосымша шетел тілін оқыту арқылы студенттердің шығармашылық қабілетін қалыптастыруға арналған бағдарлама құрылды. Бұл бағдарламада жалпы оқытудың мазмұнына қосымша студенттердің шығармашылық қабілетін қалыптастыруға арналған жаттығулар, әдістемелер енгізілді. (2-кесте)

Студенттердің шығармашылық қабілетін қалыптастыруға арналған
бағдарлама

№	Эксперимент кезеңдері	Бағдарлама бойынша мазмұны	Шығармашылық қабілетті дамытуға арналған қосымша мазмұны
1	Диагностикалық	Тақырыпқа сай (күнделікті жоспар, бос уақытты белсенді өткізу, демалыс) нормативті сөйлеу және айту дағдыларын қалыптастыру, шет тілінің грамматикалық құрылымы (осы шақтағы модалдық етістіктердің және бөлінетін немесе бөлінбейтін приставкалы етістіктердің ерекшелігі) мен фонетикалық құрамын оқыту барысында алған білімдерімен іскерліктері негізінде тілдерін дамыту, диалог және монолог құру тілдерін жүзеге асыру, мәнерлеп оқудың барлық дағдысын қалыптастыру	Бақылауға арналған тапсырмаларды, жаттығуларды қолдану. Ойлау жылдамдығы, логикалық ойлаудың талдағыштығы, еске сақтау, ойлау, ой қиялын жоғарылату, керек ақпаратты қажет кезінде табу қырларын дамытатын жаттығуларды қолдану.
2	Қалыптас-тыру	Мәтінге интерпретация жасау қабілетін арттыру, стилистикалық және логикалық реттілік дағдысын қалыптастыру, шығармашылық қабілетті дамытатын, ауызша тақырыпқа сай (пәтер, пәтер және жиһаз сатып алу, қиялдаған пәтер) және жазбаша тілді сауатты әрі дәлелді түрде өңдей білулерін қалыптастыру. шет тілінің грамматикалық құрылысы бойынша (өткен шақтақтың құрылу ерекшеліктері), оның жүйелері бойынша білімдерін бекіту;	Белгілі тақырыпқа сай пікірлердің өзгеріп туындауы және өзіндік ізденістерін арттыруға, жаңа бірдене тудыру тұрғысындағы танымдық әрекетті жақсартуға, оқу ісіне берілгендіктен өз еріктерімен еңбек етіп бір – бірінен асып түсуге, өзінің даралығын көрсетуге арналған әдістемелерді қолдану.
3	Нәтижелер-дің қорытынды анализі	Тілі оқытылып отырған ел туралы жалпы мағлұмат беру, ауызша және жазбаша түрде біліктілігің қамтамасыз ететін кәсіби мәнді дағдылары мен іскерлігін қалыптастыру. оқыған немесе тыңдаған мәтіннің негізгі ойын жеткізе білу	Өзіндік ізденіске бағытталған сайыс, ойын түрлерін, шет тілінде қысқаша шығарма жазу және шағын – жобалық әдістемелерді қолдану.

2-кесте

Бағдарламаның мақсаты: шет тілін оқытудағы жеке тұлғаның шығармашылық қабілетін қалыптастыруға әсерін тигізетін әдістемелерді қолдану. Қалыптастыру тәжірибесі кезінде қойылған міндеттер:

- еске сақтау, ойлау, ой қиялының дамуына арналған әдістемелерді қолдану, тұлғаның танымдық әрекетін белсенді көрсетуіне ықпал ету;
- әр кезеңдегі шығармашылық қабілеттің сапасын саралау, салыстыру, қалыптастыруға қолайлы жағдайды анықтау;
- жаңа іс-әрекет ойлап табуы – оқу материалындағы ғылыми ақпараттарды қорытып, іздену барысында белсенді еңбек ету;
- шығармашылық деңгейлерінің қаншалықты көтерілгенін тексеру.

Жалпы студенттердің теориялық тұрғыда алынған білімдері шетел тілі сабағын ұйымдастырудағы ерекшеліктерді практикада қолдануға және кәсіби біліктіліктерін жетілдіруге мүмкіндік береді [42,70].

Шығармашылық әрекеттерді ұйымдастыруға әртүрлі әдістемелер көмектеседі. Осы әдістер арқылы ойлау әрекетінің белсенділігін және креативтілікті дамытуға мүмкіндік аламыз [43, 106]. Алдымен студенттердің шығармашылық дәрежесін байқау мақсатында, бірнеше тапсырмалар беріліп, сауалнамалар жүргізілді. Тілдің бірлігі болып келетін сөз ойлаудың да бір нұсқасы формасы болмақ. Ол үнемі ұғыммен тығыз байланыста болады. Ойлау ұғым негізінде жүзеге асса, ұғым сөз жүзінде өмір сүреді, сөзбен білдіріледі. Сондықтан ойлау сөз, сөйлем арқылы жарық көреді. Ойлау мен сөйлеу әрекеттері біртұтас ойлау-сөйлеу әрекетін түзеді. Демек, тіл әрекеті игерілген тіл материалдарына, ойлауға сүйенеді. Олай болса, тұлғаның тілін дамыту үшін ең алдымен ойлай білуге, соңынан сол ойға орай сөйлем мен мәтін құрастыра алу икемділігі мен дағдысын қалыптастыру қажетті шарт болып есептеледі.

Шетел тілі сабақтарында жоспарлы тақырыптарға сай тіл жаттықтыру үшін фонетикалық жаттығулар ретінде шағын тақпақ, өлеңдер мен мақалдарды, студенттерді шетел тіліне ынтықтыру мақсатымен берілген бағыт-бағдар бойынша тыңдатып, қайталатып отыру керек. Фонетикалық жаттығулармен жұмыс ұйымдастырылмастан бұрын, оларға төмендегі жұмыс бағыт-бағдары беріледі:

- өлеңді тыңдап мағынасын түсінуге тырысу;
- әр жолдағы шет тіліне тән дыбыстардың дыбысталу ережесін ескеру;
- сөйлемдердің түріне орай оқылу ережесін ескеру;
- әр өлең жолын тыңдап, хормен қайталап тілін жаттықтыру;
- әр өлең жолын тыңдап, жеке қайталау;
- дыбыстау ережесін ескеріп, өлеңді оқу;
- өлең жолдарын жатқа айту;

Жаңа сөздердің мағынасын түсіндіргенде заттың өзі сурет көрнекілігі қолданылады. Сонымен бірге сөздердің мағынасын сөздіктен таба алуына ерекше көңіл бөлінеді. Жаңа сөздердің мағынасын дұрыс түсінгендіктерін тексеру үшін, сөздің дыбысталуы және сөйлемдерде қолданылу жолдары келесі бағыт-бағдар бойынша жаттықтырылады:

- суретке мұқият қарап мағынасын түсінуге тырысу;
- жаңа сөздердің айтылу ерекшелігін есте сақтау;
- сөздің орфографиялық ерекшелігін есте сақтау;
- сөздің сөйлемде қолданылу жолдарын есте сақтау.

Жаңа сөздерді мағынасын сөздіктен дұрыс табу үшін оқушыларға келесі бағыттармен жұмыс ұсынылады:

- сөздің бірінші үш әріптерін атау;
- дауысты әріптердің оқылу ережелерін атау;
- берілген сөз аудармасын табу;
- сөздің оқылуына көңіл аудару;
- сөз аудармасын есте сақтау.

Жаңа тақырыптар бойынша өткен сөздерді басқа адамдармен қарым-қатынаста қолдана алу үшін, шет тілінің тілдік тұлғаларының сөйлемдерде қолданылу, ережелерін яғни, шет тілі грамматикасын білу керек. Грамматикада жай және сұраулы, күрделі сөйлемдердің құрастыру жолдарын, етістіктердің әр түрлі шақтарда сөйлемдерде қолданылу ережелерін студенттер талдай және қорытындылай отыра, келесі бағыт-бағдар бойынша жұмыстар ұйымдастырамыз:

- грамматикалық материалдың атқаратын рөлі;
- оның жасалу жолдары;
- қолданылу жолдары;
- грамматикалық материалды үлгі сөйлемдер көмегімен қолдану.

Тілге үйрету жаттығулардан басталады. Жаттығулар студенттердің білім деңгейлеріне сай беріледі. Және өтіп жатқан тақырыпқа сай грамматикалық тапсырмалар орындалады. Сабақтарда қолданылатын жаттығулар түрлері:

- берілген сөйлемдердің болымсыз және сұраулы түрлерін жазу;
- етістіктердің дұрыс түрлерін қолданып, сөйлемдерді аяқтау.

Сұраулы сөйлемдерді құрастыра білу, оларға дұрыс жауап бере білу, сөйлем үлгілерін ауызша еркін қолдана білу, шет тілінен ана тіліне аудару білу, тақырыптар бойынша шығармалар жазу сияқты жаттығулар түрлері шет тілінде сөйлейтін адамдармен қарым-қатынас жасап үйренуге бағытталады. Кез келген сөйлемге сұрақ қою үшін келесі бағыт-бағдар бойынша жұмыс ұсынылады:

- сөйлемдегі сөйлем мүшелерін табу;
- етістіктің түрін атау;
- етістіктің қай шақта тұрғанын атау;
- берілген сөйлемдерді аудару.

Студенттердің тілін дамыта оқытудың алар орны ерекше. шетел әріптері мен әріп тіркестерінің оқылу ережелерін меңгерген студенттерді анық, тез оқитын дәрежеге жеткізу керек. Мәтінмен жұмыс кезінде көбіне үш топқа бөлініп әр топ мүшелері өздеріне берілген мәтін мағынасын түсініп, әңгімелеп беру үшін төмендегі бағыт-бағдар бойынша жұмыстарды орындау керек:

- мәтінді өз бетінше іштей оқу;
- мәтіннің мағынасын түсінуге тырысу;
- әр сөйлемдегі таныс емес сөздер мағынасын сөйлемдегі басқа таныс сөздер мағынасына орай түсінуге тырысу;
- сөйлемдегі етістіктердің қай шақта тұрғанын анықтау;
- түсінгенін суретке түсіру;
- өз ойын жеткізу үшін жаңа сөздерді, грамматикалық ережелерді дұрыс қолдану;

- мәтіннің мазмұнын сурет бойынша жеткізу.

Қалыптастыру кезеңінде шет тілін оқыту арқылы студенттер бойынан шығармашылық қабілетті жақсартуға арналған әдістемелерді қолданамыз. Соңғы кездері шет тілін оқытуда ТОҚ-тың алатын орны ерекше. Мысалға, дыбыстық - бейне құралдары теледидар мен бейнемагнитофонды қолдану әдістемесі. Тәжірибелік-зертханалық сабақтарда бейнекамера арқылы арнайы түсірілген оқу фильмдерін көруге болады. Шетел тілі сабағында оқытудың болашақ кәсібіне сәйкес құрылу ұстанымын қамтамасыз етуде көбіне шетел тілі сабақтарынан түсірілген, грамматикалық тақырыптарды түсіндіру кезеңіндегі үзінділерді көрсету және грамматикалық тақырыптардың жалпы практикада қолданылуын толығымен жеткізу. Сондай-ақ тілге қатысты телехабарлардан (бейнетаспаға көшірілген) үзінділер көрсетіліп, сипаттау жұмыстары жүргізіліп отырылады [31].

Көбінесе тақыпқа сай көрсетілетін бейне фильмдер кеңінен қолданылады. Оқытылып отырған елдің мәдениеті, тарихы, ұлттық дәстүріне арналған фильмдерді сабақ барысында қолдану өте қолайлы, өйткені осы фильмдер арқылы шетел тілін оқып отырған адам көптеген мәліметтер алып, шет тілінің қолдану ерекшеліктерін әр қырынан байқайды. Екінші кезеңнің кезектегі әдістемесі тақырыпқа байланысты көрсетілген бейне фильммен жұмыс. Бейне фильмдерді қолданған уақытта тек ғана көрсетіп қоймай, бейне фильмді көрсетер алдында, көрсету кезінде және көрсеткеннен кейін жаттығулар орындалуы тиіс:

- алдында дайындалған сұрақтар бойынша студенттердің бір-бірімен сұхбаттасуы;
- фильм тақырыбына сәйкес мәселені топ ішінде талқылау;
- фильмнің тақырыбын талқылау;
- фильмнің мазмұнына қысқаша шолу;
- жаңа сөздермен жұмыс [44, 17].

Осы жаттығуларды орындап болған кейін, нақты сұрақтарға жауап берумен қатар, өз ойларын айта білуге баулу. Жалпы сөйлем конструкцияларын қолдана отырып, өз ойларын жеткізу. Бұл жерде тұлғаның ой өрісі, ой еркіндігінің жоғары болуы, өзінің даралығын көрсетуге ұмтылуы байқалады. Осы жерде бақылау әдістемесін өткізе отырып, өз ойларын жеткізе білген адамдарды жоғары, жеткілікті, содан кейін орташа және төмен деп бағалаймыз. Бақылау әдістемесіне тоқталатын болсақ, тәжірибелік топ нәтижесі біршама жоғарылағанын байқаймыз. Бақылау тобының мүшелері ой ұшқырлығымен көзге түсе алмады және төмен деңгейдегі біршама пайызды көрсетті.

Келесі кезекті сабақта қолданылатын ойындарға береміз. Шетел тілінде сөйлеуді, қарым-қатынас жасауды, коммуникацияға үйретуді ниет еткен әрбір ұстаз өз сабақтарында жаттығулардың бір түрі ретінде ойындарды қолданатыны сөзсіз. Ойындарды жаңа тілдік материалдарды бекітуге, сабақты қызықты өткізуге, шәкірттердің тілге деген қызығуын арттыруға, білім деңгейін тексеру құралы ретінде пайдалануға болады. Сонымен қатар шығармашылық қабілетке жетелейтін логикалық ұшқырлықпен, тапқырлықпен көзге түсе алады. Таңдап алынған ойындар шәкірттердің сөз байлығына, тілдік қорына сай

болуы керек. Ойын өткізудің алдын ала құрылған жоспары мынадай шарттарға жауап беруі тиіс:

- ойынның өтілетін сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сәйкес келуі;
- ойынға бөлінетін уақыттың нақты белгіленуі;
- ойынға қажетті материалдардың түгел дайындалып қойылуы;
- қолданылатын сөздер, сөз тіркестері, мақал-мәтелдер, такпақтар тандалып алынуы;
- пысықталатын грамматикалық, фонетикалық, лексикалық материалдардың анықталуы;
- ойынның өту барысының жоспары жасалуы [45, 24].

Алдыңғы кезде қолданылған бірыңғай берілген нақты әріптер арқылы сөйлемдер құрау әдістемесін, соңынан осы әңгіме жазумен аяқтауға болады. Әңгіме жазу болғандықтан, сөйлемдегі сөздердің саны нақты белгіленбейді. Жеке дара сөйлемдер құрастырғанға қарағанда әңгіме жазу өте қиын, сондықтан бұл тапсырма өздік жұмыс ретінде сабақтан тыс орындалуы мүмкін. Осы әдістемені қолдану өзіндік ізденіс, тұлғаның өзінің даралығын көрсетуге ұмтылыс жасауымен қатар, танымдық әрекеттерін толығымен көрсетуге ықпал жасайды. Қорытынды жасай келе, екі топта осындай шарттар бойынша әңгіме жазудан орташа деңгейді көрсеткенін байқаймыз.

Интерактивтік оқытудың тиімділігі жоғарыда атап өтілді және оқу процесіне тигізетін маңызы аса зор. Интерактивтік оқыту моделінен алынған келесі әдістемені қолданамыз [46, 17]. Берілген мәтінді мұқият оқып шығып, оның мазмұнымен танысқан соң, мәтіндегі негізгі ойды анықтау. Осы тапсырманы орындап болғаннан кейін, мазмұнына немесе жалпы мәтінге бірнеше өзгерістер енгізілген дәл сол мәтінді қайтадан ұсынамыз. Қойылатын талабымыздың бірден-бірі мәтіндегі жіберілген қателерді табу және түзету. Жеке дара орындалған тапсырмадан кейін, ортақ талқылау жұмыстарын жүргіземіз. Тапсырманың орындалуына тоқталып өтетін болсақ, екі топтың екеуі де жеткілікті және орташа дейгейлерінен көрінді. Осы тапсырманың орындалу барысында тұлғаның ойлау логикасы дамиды және шыңдалады.

Тәжірибедегі ойлау қабілетінің биік шыңы ой қиялы, тұлғаның оқу үрдісінде шет тілін меңгерумен қатар, шығармашылық қабілетінің дамуына қаншалықты ықпалын тигізетініне арналады. Жеке дара өзіндік жұмыс істеудің аркасында тұлға ой қиялына шомылып, арман биіктеріне көтеріледі. Н.Ф.Борисконың ұсынып отырған әдістемесіне сүйене отырып, берілген мәтінді оқып шығып, өз ойы бойынша аяқтау [47, 46]. Мәтіндегі сөйлем түрлері талқыланып, көркем тілмен суреттеледі. Осы тапсырманың орындалуынан тұлғаның ой еркіндігінің жоғары болу және қиялға беріле білу ой икемділігі байқалады. Өзіндік ізденіс, жаңа бірдеңе тудыру тұрғысындағы танымдық әрекет, өзіне берілген тапсырманы дербес орындауға бағыттайды.

Осы әдістеме нәтижесінің бағалануы: берілген тапсырманы бастапқы шарттан шықпай орындау – 50 пайыз; ой қиялына шомылу арқылы жаңа бірдеңе тудыру – 100 пайыз. Тәжірибелік топтағы әңгіме жазу жұмыстары жиі өткізілетін болғандықтан басым көпшілігі 100 пайызды көрсетті. Бақылау тобы бастапқы шарттан шықпай орындағандықтан 50 пайызды көрсетті.

Шетел тілін оқытудың мақсаты - оқушылардың санасында мәдениетаралық коммуникация іскерліктерін қалыптастыру. Бұл жерде мәдениетаралық коммуникация ұлттар мен мәдениеттер арасындағы өз ара байланысты түсіну ретінде қарастырылады. Оқытудың мәдениетаралық коммуникацияға байланысты бағыт-бағдары коммуникативтік әдістеменің логикалық жалғасы болып табылады. Оқыту мақсатын анықтау мәселелерімен шұғылданып жүрген авторлар коммуникативтік біліктілік пен мәдениетаралық коммуникацияның арасындағы тығыз байланысты атап көрсетеді яғни олар коммуникативтік біліктілікті қалыптастыруды әр түрлі мәдениеттер арасындағы өз ара түсіністікті дамытумен тығыз байланыста қарастырады. Бір сөзбен айтқанда, мәдениетаралық коммуникация іскерліктерін дамытудың алғы шарттары; а) жат мәдениетті түсініп, өз мәдениетін саналы түрде меңгеру, яғни рецептивтік іскерліктер: басқа мәдениет өкілдерінің вербалдық және вербалдық емес әрекеттерін түсіне білу және ә) басқа мәдени орталарда дұрыс әрекеттену іскерлігін дамыту, яғни продуктивтік іскерліктер: сөз туындылары мен вербалдық емес әрекеттерді дұрыс және белсенді түрде туындата білу.

Шетел тілдерін оқыту әдістемесінде коммуникативтік амалдың-мәдениетаралық қатынас амалы бағытында одан әрі дамуы „мәдениет“ ұғымын дәлірек анықтауды талап етеді. Осы мәселеге арналған еңбектердің басым көпшілігінде бұл ұғымды былайша анықтайды: мәдениет дегеніміз әмбебап жүйе, бірақ ол жүйе белгілі бір қоғамға, ұйымға, топқа тән бағдарлы жүйе болып табылады. Бұл жүйе осы қоғамның (ұйымның, топтың) барлық мүшелерінің болмысты қабылдауына, оны бағалауына, ойлауы мен іс-әрекетіне ықпал етеді. Сөйтіп, осы қоғамға жататын индивидтердің барлығына ортақ іс-әрекеттер жүйесі қалыптасады. Бұл қалыптасқан жүйе әр қоғамда әр түрлі болады. Осы жүйенің кейбір элементтері басқа қоғам мүшелеріне де тән болуы мүмкін. Бірақ ол элементтер бір қоғамда жетекші орын алатын болса, басқа қоғамда ол бағынышты ғана қызмет атқаруы мүмкін. Сөйтіп, белгілі бір жүйенің кейбір элементтері екі қоғамға да ортақ болғанымен, олардың әр қоғамдағы атқаратын қызметі сәйкес келе бермейді. Сондықтан басқа тілді қоғамда дұрыс жөн таба білу үшін сол елдің тілін ғана меңгеру аз, сол тілде сөйлейтін халықтың мәдениетін де меңгеру керек. Ол үшін өз мәдениеті мен бөтен мәдениетті салыстырып, олардың ұқсастықтары мен ерекшеліктерін тани білу керек [48, 5].

Шет тілін оқытудағы шығармашылық қабілетті қалыптастырудың бірден-бір тиімді жолы жобалық әдістемені қолдану. Біздің қолданғанымыз мини – жобалық әдістеме. Жалпы жобалық әдістемені берілген оқу бағдарламасындағы әртүрлі тақырыптарға сай алуға болады. Жобалық әдістеме жазбаша немесе ауызша түрде жүзеге асырылады және осы әдістемені орындау барысында тұлғаның толық еркіндігі көзге түседі. Жобалық әдістеменің толық орындалуы бірнеше кезеңнен тұрады [49, 117]:

- бірінші жобаның тақырыбын таңдап алу;
- екінші жобаны ұйымдастыру;
- үшінші жобаны орындау;
- төртінші жобаны көрсету және қорғау;
- бесінші жобаны қорытындылау.

Аталған жобалық әдістеме бойынша тәжірибелік және бақылау топтарында тілі оқылып отырған ел қалалары туралы толық мағлұмат берілді. Тандалып алынған қалалар тарихы, ерекшелігі жайында суреттер, ақпараттар жиналды [50, 63]. Студенттер суреттер салып, коллаж жасап, әрқайсы өз ойларын ортаға салды. Жобалық әдістемеде ақпарат жинауға көп көмек көрсететін интернет желісі болып табылады. Әр топ өздерінің жобаларының қызықты болуына тырысады. табылады. Әр топ өздерінің жобаларының қызықты болуына тырысады. Қысқаша жоба болғандықтан орындалу мерзімі бір ай немесе бір жарым ай деп аламыз.

Жобаның тақырыбы таңдалып алынған соң, жобаның ұйымдастырылу кезеңінде әрбір топ мүшесінің алдына қойылатын міндеттер талқыланады. Жобаның орындалу кезеңінде негізі және қосымша ақпараттар жинауға, жобаны жүзеге асыруға арналған сурет, кесте, викторина, коллаж т.б дайындалады. Жобалық әдістеменің бір ерекшелігі студенттер өз ойлары бойынша орындағысы келген жолдарды таңдап алады. Оларға толық еркіндік беріледі. Жобаның көрсетілу және оны қорғау кезеңінде арнайы уақыт ішінде әр тұлға берілген тақырып бойынша өз ойларын ортаға салып, топ болып нақты бір нәтиже жасайды. Соңында орынды жасалған жобаны қорытындылау және жасалған жұмыстарды бағалау жұмыстары жүргізіледі. Екі топ жұмыстарын салыстырғанда тәжірибелік топ жобалық әдістеме бойынша ерекше көзге түсіп, жоғары деңгейді көрсетті.

Тәжірибе соңындағы әдістеме ретінде өтіп жатқан тақырып бойынша қойылатын әртүрлі мәселелерге байланысты немесе осы тақырыпқа сай өз ойын қысқаша шығарма жазу арқылы жеткізу. Аталған әдістемелерді қолдана отырып шығармашылық қабілетінің дамуына біршама ықпалын тигізгенін көруімізге болады. Қысқаша шығарма жазудан екі топта өз ой ұшқырлықтарымен көзге түсіп, жоғары деңгейден көріне алды. Екінші кезеңіндегі студенттердің шет тілін оқудағы шығармашылық қабілеттерінің қалыптасу деңгейлерін келесі 3-кестеден көре аламыз.

Қалыптастыру кезеңіндегі шет тілін оқытудағы студенттердің шығармашылық деңгейлерінің көрсеткіштері

Деңгейлер	1 кезең		2 кезең	
	тәжір.	бақылау	тәжір.	бақылау
жоғары	-	-	35 %	25 %
жеткілікті	20 %	15 %	21 %	27 %
орташа	61 %	64 %	33 %	32 %
төмен	19 %	21 %	11 %	16 %

3-кесте

Үшінші кезеңдегі тақырыпқа сай көрсетілген бейне фильмнен кейін нақты сұрақтарға жауап берумен қатар, өз ойларын айта білуге арналған әдістемеге тоқталайық. Тағы да бақылау әдістемесіне сүйене отырып, тәжірибелік топ нәтижесі 2-кезеңмен салыстырғанда біршама жоғарылағанын байқаймыз.

Бақылау тобының мүшелері ой ұшқырлығымен тәжірибелік топқа қарағанда төмен болса да, 2-кезең нәтижесімен салыстырғанда біршама өскенін көреміз.

Келесі кезекте шәкірттерді шығармашылық қабілетке жетелейтін логикалық ұшқырлықпен, тапқырлықпен көзге түсуге мүмкіндік беретін ойындарға кезек береміз. Алдыңғы кезде қолданылған бірыңғай берілген нақты әріптер арқылы сөйлемдер құрау әдістемесін, соңынан осы әңгіме жазумен аяқтаймыз. 3-кезеңді қорытындылайтын болсақ, екі топтың екеуі де 2-кезеңмен салыстырғанда біршама жоғарылады.

Интерактивтік оқыту моделінен алынған келесі әдістеме шарты бойынша, берілген мәтінді мұқият оқып шығып, оның мазмұнымен танысқан соң, мәтіндегі негізгі ойды анықтау. Осы тапсырманы орындап болғаннан кейін, мазмұнына немесе жалпы мәтінге бірнеше өзгерістер енгізілген дәл сол мәтінді қайтадан ұсынамыз. Қойылатын талабымыздың бірден-бірі мәтіндегі жіберілген қателерді табу және түзету. Қорытынды жасайтын болсақ, тәжірибелік топ жеткілікті деңгейінен, ал бақылау тобы жеткілікті және орташа деңгейлерінен көрінді.

Келесі әдістеме шарты бойынша, берілген мәтінді оқып шығып, өз ойы бойынша аяқтау. Аяқталмаған мәтін болғандықтан, сан-алуан пікір туындаудың арқасында тәжірибелік топ жоғары және жеткілікті деңгейлерінен көрінді.

3-кезеңдегі шағын жобалық әдістемеге тоқталып өтетін болсақ, шет тілін оқытудағы шығармашылық қабілетті қалыптастырудың бірден-бір тиімді жолы жобалық әдістемені қолдану екенін мақұлдаймыз. Тұрғын үй, жиһаз туралы толық мағлұмат берілді [51, 7]. Осы тақырыпқа арналған тарауда бірнеше жаттығулар жасалып, грамматикалық тұрғыдан берілген тапсырмаларға көп көңіл бөлінді [52, 16].

Жобаның тақырыбы таңдалып алынған соң, 2-кезеңдегідей жобаның ұйымдастырылу кезеңінде әрбір топ мүшесінің алдына қойылатын міндеттер талқыланды және қалған жұмыстар алдыңғы жоспар бойынша жүргізілді. Екі топ жұмыстарын салыстырғанда тәжірибелік топ тағы да жобалық әдістеме бойынша ерекше көзге түсіп, жоғары деңгейді көрсетті.

Тәжірибе соңындағы әдістеме ретінде өтіп жатқан тақырып бойынша қойылатын әртүрлі мәселелерге байланысты өз ойын білдіру [53, 81]. Немесе осы тақырыпқа сай қысқаша шығарма жазу арқылы жеткізу [54]. Қалыптастыру кезеңіндегі студенттердің шығармашылық деңгейлерін келесі кестеден көре аламыз.

Шет тілін оқытудағы студенттердің шығармашылық деңгейлерінің көрсеткіштері

Деңгейлер	1 кезең		2 кезең		3 кезең	
	тәжір.	бақылау	тәжір.	бақылау	тәжір.	бақылау
жоғары	-	-	35 %	25 %	45 %	33 %
жеткілікті	20 %	15 %	21 %	27 %	21 %	23 %
орташа	61 %	64 %	33 %	32 %	34 %	37 %
төмен	19 %	21 %	11 %	16 %	-	7 %

Аталған әдістемелерді қолдана отырып шығармашылық қабілетінің дамуына біршама ықпалын тигізгенін көруімізге болады. Қысқаша шығарма жазудан екі топта жеткілікті және жоғары деңгейден көріне алды.

Зерттелген тәжірибені қорытындылай келе тұлғаның бойынан оқылып отырған шет тілінің ерекшеліктерімен, сөз байлығымен қатар, шығармашылық қабілеттің даму өзгерістерін көруге болады. Осы өзгеріске бірден – бір себеп болған шығармашылық қабілетін дамыту жолдарына байланысты жүргізілген әдістемелер деп атауымызға болады.

Сонымен қатар зерттеу кезінде тұлғаның ой бостандығы және ой еріктілігі, логикалық ойлауды талдағыштық тұрғыға жетелеп өзін - өзі дамытатын белсенді ой еңбегінің атқаратын қызметі анықталды және белгілі білімді жаңа жағдайда қолдану, ойлау қабілетінің даралығы, жаңа ойдың туындауы байқалды.

Педагогикалық эксперимент танымның эмпирикалық деңгейіндегі зерттеудің негізгі әдісі болып табылады, ол құбылыстарды олардың өту барысының нақты тіркелген жағдайларында зерттеуге бағытталған. Эксперимент ғылыми зерттеудің теориялық және эмпирикалық деңгейлері арасындағы байланыстырушы буын болып табылады.

Оқушының жазбаша, шығармашылық жұмысын зерттеу зерттеушіге оқушының интеллектуалды – даралық ерекшеліктері мен қабілеттері туралы мағлұмат беретін әдістің бір түрі.

Шығармашылық қызметін дұрыс құру үшін, шығармашыл жылдам ойлауға бағытталған әртүрлі әдістер көмектесе алады. Осындай әдістер ойлау қабілетін, ойлау қызметін жақсартады.

2.3 ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДЕҢГЕЙІНІҢ АНАЛИЗІ

Студенттердің шет тілін оқыту арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту кезінде олардың тіл дамытудағы дағдылары зерттелді. Осы орайда жалпы шығармашылық қабілетті дамыған жеке тұлғаның бойынан көрінетін мынадай қырларды байқауға мүмкіншілік алдық:

- өзіндік ізденіс, жаңа бірдене тудырудың әрекеті;
- өзінің даралығын көрсетуге ұмтылу;
- өзін - өзі басқару, ой өрісі, ой еркіндігінің жоғарылауы;
- оқу материалдарын өзі зерттеп талдау, синтез, салыстыру тәсілдері, қолдану жаттығулары;
- ойдың жеке даралығы, әдеттегіден тыс жауапты таба білуі;
- ассоциациялық байланыстардың пайда болуының жылдамдығы және дамуы;
- мәселенің ұғымдылығы, оның әдеттегіден тыс шешімі;
- ойдың жүйріктігі – кейбір талаптарға сәйкес уақыт бірлігінде пайда болатын ассоциациялық идеялардың саны;
- басқалар елемейтін проблемаларды көру ерекшелігі;
- белгілі бір шешімді әртүрлі жағдайда бірнеше рет қолдану;

- керек ақпаратты қажет кезінде таба білу;
- ойлау икемдігінің жылдамдығы;
- шығармашыл ой - өрісі;
- бастапқыда қойылған мақсатқа жету;
- шұғыл шешім қабылдай білу;
- әртүрлі пікірлердің жеңіл табылуы.

Олардың шығармашылықты дамытуға арналған тапсырмаларды орындау барысында пайда болғанын дағдылар:

- болжамдықты ұсыну;
- салыстыру, талдау;
- өз ой пікірін айту;
- теориямен практика арасындағы байланысты көру.

Студенттердің шығармашылық қабілетін дамыту үшін тапсырмаларды біліктілікпен түрлендіріп отырған жөн. Сонда ғана студенттер бойында сөйлеу мәдениеті мен ойын логикалық жүйемен баяндап бере білу дағдылары қалыптасады. Үнемі шығармашылықпен жоспарланып, алдына нақты мақсат қойылған, әдістемелік тұрғыда дұрыс құрылған сабақтар өз жемісін берері хақ.

Өзге тілдің когнитивтік (танымдық) бағытының мазмұны студенттің интеллектуалды және эмоционалды дамуын ынталандыруды танымдық және коммуникативтік әрекет жасауға мүмкіндік беретін нақты когнитивтік тәсілдердің игеруде; жеке психологиялық ерекшеліктерінің дамуын; әлеуметтік әрекеттестік қабілеттілігін дамытуды талап етеді.

Жалпы өткізілген зерттеу әдістемелерін саралап, талдау жасайтын болсақ, толық зерттеу нәтижелерін келесі диаграммдан көре аламыз. Осы диаграммада анықтау және қалыптастыру кезеңдеріндегі шығармашылық деңгейлерінің көрсеткіштері толығымен берілген.



1-диаграмма

т.т. - тәжірибелік топ, б.т.- бақылау тобы.

Сонымен қатар шет тілін оқытудағы шығармашылық қабілетін дамытуға арналған репродуктивтік таным әрекеті, демеу - ізденушілік әдісі, зерттеушілік әдістері көп ықпалын тигізгенін байқаймыз. Студенттердің жалпы шығармашылық туралы білгендерімен қатар, оларға жан-жақты мағлұматтар, мысалдар келтіріледі.

Студенттің шығармашыл дүниесінің дамуы ұстазға тікелей байланысты. Өзге тілдегі оқу жүйесінің когнитивті бағыты шетел тілдерін оқыту методикасының коммуникативтік даму фазасына көшуді қамтамасыз етеді. Басты акцент мәдениетаралық біліктіліктерді қалыптастыруға бағытталады. Жеке басына бағытталған тәсіл оқу жүйесінің барлық компоненттеріне, (мақсатына, мазмұнына, технологияға, сөз әрекетіне), мұғалім мен студент арасындағы әрекеттестікке ықпал етеді.

Зерттеу тәжірибесін өткізу жұмыстарының әрбір кезеңінде жүйелі түрде құрылған міндеттер шешіліп, тұлғаның шығармашылық қабілетінің дамуын зерттеу, сараптау, бақылауға арналған тапсырмалар көлемді түрде орындалды.

Шығармашылық қабілетін дамытуға арналған зерттеу жұмыстары студенттерге толық түсініктеме бергеннен және көптеген дайындықтан кейін ғана жүргізіледі. Сабақтың мақсаты, нақты шет тілі пәні кезінде студенттердің жұмыс жүргізуіне қоятын талаптар талқыланып, түсіндіріледі. Студенттердің таным әрекетіндегі шығармашылықтың негізгі критерилері:

- толық немесе жартылай дербестік;
- мақсатқа жету жолдарын іздеу және іріктеп алу;
- мақсатқа жету үрдісі кезінде жаңа нәтиже тудыру, қиялдау, болжамдар құру, логикалық ойлау, білім қорының молдығы.

Б.Ц. Бадмаевтың әдістемелерін жеке тұлғаның есте сақтау, ойлау қабілеттерін зерттеу үшін және бұрынғы білгенін еске түсіру, керек ақпаратты қажет кезінде таба білуін анықтауға қолдандық. Тәжірибе өткізу барысында осындай тапсырмалардың орындалуының негізгі мәні, тәжірибеден алынған нәтижелердің өзгеруін салыстыру және анықтау.

Дыбыстық техникалық оқу құралдар қатарына жататын магнитофонды қолдана отырып, тұлғаның ойлау және есте сақтау қабілеттерін анықтауға арналған тапсырмалар қолдандық. Өзіндік ізденіске бағытталған Н.Ю. Хрящеваның әдістемесі студенттердің ой ұшқырлығының деңгейін жоғарылауына және шет тілінің грамматикалық, жазу ережелерін дұрыс орындауына ықпалын тигізді.

Бақылауға арналған бірнеше тапсырмалар және жаттығулар орындалды. Р.Амтхауердің ителлект тесті қолданылды. Сонымен қатар дәстүрлі емес сабақ ретінде ойынды және жарысты қолдана отырып, олар ойлау жылдамдығы, логикалық ойлаудың талдағыштығы, керек ақпаратты қажет кезінде табу қырларын дамытатынын байқадық.

Қалыптастыру кезеңінде көрсетілген бейне фильмнен кейін нақты сұрақтарға жауап беру арқылы студенттер өз ойларын ортаға салды. Жалпы сөйлем конструкцияларын қолдана отырып, өз ойларын жеткізу, тұлғаның ой өрісі, ой еркіндігінің жоғары болуын көрсетті. Келесі кезекте сабақты қызықты өткізуге, шәкірттердің тілге деген қызығуын арттыруға, білім деңгейін тексеру

құралы ретінде ойындарды қолдандық. Сонымен қатар интерактивтік моделдерден алынған мәтінмен жұмыстарда тұлғаның логикалық ой ұшқырлығын көреміз.

Әңгіме жазу және шығарма жазу әдістемелерін қолданғанда студенттердің шығармашылық деңгейлері біршама өзгеріске ұшырағанын көреміз.

Ал жобалық әдістемені өткізген кезде тәжірибелік топтың нәтижесі бақылау тобына қарағанда жоғары болғанын атап айтқанбыз. Өйткені алдында екі топта өткізген социометрияның қорытындысына тоқталып өтетін болсақ, тәжірибелік топ өте ұйымшыл және ара-қатынастары жақсы деген көрсеткішке ие болған. Ал, бақылау тобы ұйымшыл емес және топта екі лидер барын көреміз. Жобалық әдістеменің жоғары деңгейде орындалмауына бірден-бір себеп болған топ ішіндегі ара-қатынас деп айтуымызға болады.

Қазіргі заманда оқыту үрдісінде модельдік бардардамаларды, электронды оқулықтар жүйесін қолдануды, компьютерлік бардардамаларды қолданудың тиімділігі артылып отыр. Оған дәлел интернет желісіне компьютерлік бағдарламалардың кең тарауы, оқулықтар мен оқу құралдарының, кезеңдегі көрнекі құралдың жаңа жанрларының бірі энциклопедия, электронды оқулықтар. Интернеттегі электронды оқулықтар студенттердің шығармашылықпен жұмыстарында оқытудың сарамалдық ұстанымының жүзеге асуына мүмкіндік береді.

Электронды оқу материалының ішкі мазмұны үнемі интернет желісі және басқа электронды кітапханалар арқылы толықтырылып отыратыны белгілі, сондықтан ол ақпарат жинақтаудың көзі. Электронды оқулық студент үшін өз бетімен жұмыс істеуіне мүмкіндік беруімен қатар, ғылыми курс бойынша жан-жақты толық мәлімет бере алады.

Білімді ізгілендіру ұстанымының камтамасыз етілуі оқыту мазмұнын - қанаттандырумен тығыз байланысты, себебі әр студент өз мүмкіндігіне, даярлығына сәйкес ақпарат, мәлімет алып, танымдық кеңістігін кеңейтіп, қанағаттандыра алады.

Электронды оқыту бағдарламаларының ерекшеліктері:

- интерактивтілігі, көрнекілігі;
- студенттердің өз бетінше, жеке дара жұмыс жасауына мүмкіндік жасалуы;
- студенттің өз бетінше ақпарат алып, өзін-өзі бақылап, бағалай алуы; интернет желісі арқылы пән мазмұнын толықтыра алуы; қажетігіне қарай кері байланыс жасау мүмкіндігін жүзеге асыруы; студенттің таным, қызығушылығын арттыруы;
- білім сапасын көтеруі;
- ақпараттық білім ауқымын кеңейтуі;


қызықты мәліметтер жинауға мүмкіндіктің мол болуы.

Тәжірибенің шығармашылық қабілетін қалыптастыру кезеңіндегі нәтижелерін, бірінші кезеңмен салыстыратын болсақ, жалпы ойлау қабілетінің ой қиялының жылдамдығының, икемділігінің, шығармашылық қабілетінің біршама жоғарыланғанын байқауымызға болады. Шет тілін оқытудағы шығармашылық қабілетін қалыптастыруға арналған тапсырмаларды үнемі

жүйелі түрде өткізіліп отырылса, студенттердің бойынан шығармашылық қабілеті жоғары дамыған тұлға қалыптастырамыз.

Шет тілін оқытудағы шығармашылық қабілетін дамытуға арналған әдістемелерді алдыңғы кезеңдегі алынған нәтижелердің қорытындысын салыстыра отырып, жалпы жұмыстың болжамын тексеру үшін, жүргізілген жұмыстарды қолданылған әдістемелер бойынша қайтадан зерттеу жүргізілді. Үш кезеңнің нәтижелерін салыстыратын болсақ біршама өзгерістерді көреміз.

Соңғы қорытынды кезеңнің зерттеу нәтижесін келесі диаграммадан көре аламыз.



2 – диаграмма

т.т. - тәжірибелік топ, б.т.- бақылау тобы.

Қорытынды тәжірибенің нәтижелерін сараптап, талдайтын болсақ шет тілін оқытудағы шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған жұмыстардың жүргізілуі біршама өзгерістерді көрсеткенін байқаймыз. Зерттеу басындағы нәтижелерді зерттеу аяғындағы нәтижелермен салыстыру арқылы, біз осы жасалған жұмыстардан шығармашылық қабілетінің шет тілін оқытудағы даму деңгейін көре аламыз. Сондықтан зерттеудің нәтижелерін сараптай келе, қалыптастыру, ұйымдастыру және қорытындылау арқылы шет тілін оқытудағы шығармашылық қабілетін дамытудағы әдістемелерді үнемі жоспарланған түрде қолданбасақ, онда шет тілін оқытудағы шығармашылық қабілетін дұрыс дамымайды. Кейбір дамыту кезіндегі дағдылардың пайда болғанымен, үнемі дамытылмаған соң жоғары интеллектуалды шығармашыл тұлға тәрбиелуіміз мүмкін емес.

Орындалған эксперименттің әдістемелік жұмыстарын студенттерге шет тілін оқытудағы тұтас педагогикалық процесте, олардын шығармашылық қабілетін дамытушы қырларын айқындаудағы мақсатпен практикалық сабақтарда және жалпы тұлғаның шығармашылық қабілетін зерттеуге арналған әдістемелік бағдарламалар құрастырғанда қолдануға болады.

Тілді жетік білу дағдысы көптеген жаттығуларды орындау процесі кезінде туындайды [55, 398]. Сондықтан тіл дамытудағы әртүрлі жаттығулар жасау көп пайдалы. Тіл дамыту оқушының тілдік тұлғаларды дұрыс қолданып, ойын басқа адамға толық, мазмұнды жүйелі жеткізуге дағдылану, басқа адамдардың сөзін саналы түсінуге үйрету. Тіл дамыту, тілді қарым – қатынас құралына айналдыру [56, 63]. Жалпы адамзаттық құндылықтарды игеруде шетел тілдерін оқып меңгерудің де ықпалы ерекше [57, 15].

Бізге шет елдердің тілдерін оқып білу олардың тілімен қатар тарихын, мәдениеті мен өнерін, экономикасы мен саясатын, әдебиетін танып біліп, сана – сезімімізбен, рухани мәдениетімізді қалыптастыруда бірден – бір табыс көзі болмақ.

Шет тілі – үлкен тәрбиелік диапазон. Ол тұлғаның рухани жан - дүниесін байытыды, ой - өрісін кеңейтеді, көркемдік талғамын тәрбиелейді, халақаралық достыққа, мәдениетке тәрбиелейді.

ЕКІНШІ ТАРАУДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Зерттеу жұмысы кезінде ғылыми, дидактикалық және оқу - әдістемелік әдебиеттерге жасалған талдаулар арқылы тексеру жұмыстары жүргізілді.

Жүргізілген зерттеу шет тілін оқыту арқылы тұлғаның шығармашылық қабілетінің даму жолдарын айқындады. Зерттеу: калыптастыру, ұйымдастыру және қорытынды жасау кезеңдерінен тұрды.

Зерттеу тәжірибесін өткізу жұмыстарының әрбір кезеңінде жүйелі түрде құрылған міндеттер шешіліп, тұлғаның шығармашылық қабілетінің дамуын зерттеу, сараптау, бақылауға арналған тапсырмалар көлемді түрде орындалды. Тәжірибе өткізу барысында осындай тапсырмалардың орындалуының негізгі мәні, тәжірибеден алынған нәтижелердің өзгеруін салыстыру және анықтау болып табылды. Қазақстандық ғалым Н.Д. Хмельдің пікірінше, қандай болсын мамандықты игерген адамды үш аспектіде сипаттау керек: мотивациялық, мазмұндық және әрекеттік. Біз осы тұжырымға сүйеніп, студенттер бойынан шетел тілін оқыту арқылы шығармашылық қабілетті дамыту іс-әрекет процесінде мотивациялық, мазмұндық және әрекеттік құрамдас бөліктер ұштасуы керек деп есептейміз. Біздің пайымдауымызша, жоғарыда аталған үш құрамдас бөлік бір-біріне өзара ықпал етеді, бірін-бірі толықтырып, дамыта түседі. Сонымен, студенттердің шет тілін оқудағы шығармашылық қабілетінің калыптасу мазмұнына негіздеме жасай отырып, біз оның сандық және сапалық сипатын көрсететін теориялық моделін ұсынылды. Осы модельдің критерийлері мен көрсеткіштері арақатынасының әртүрлі дәрежеде көрініс беруіне байланысты зерттелетін шығармашылық қабілеттің мүмкін болатын төрт шартты деңгейі анықталды: жоғары, жеткілікті, орташа, төмен.

Бірінші кезеңде тұлғаның шет тілін қатынас құралы ретінде меңгере отыра, жеке тұлғаның есте сақтау, ойлау қабілеттерін зерттеу үшін келесі әдістемелерді қолдандық. Осы әдістемелердің маңыздылығы шет тілінде жазылған сөздің мағынасын есте сақтау, еске түсіру және нақты аудармасын білу дағдысымен қатар, ойлау арқылы бұрынғы білгенін еске түсіру және керек ақпаратты қажет кезінде таба білу болып табылады.

Шет тілі пәнін оқыту үрдісін тиімді ету мақсатында техникалық оқу құралдарын (ТОҚ) қолдануды дұрыс деп шештік. Оқыту құралдарының атқаратын қызметі, негізінен, оқыту процесін жеңілдеті отырып оқу уақытын үнемдеу, сондай-ақ сабақ мазмұнын интерактивтілігін күшейту, мол ақпарат беру, оқытушы мен студенттің оқу әрекетінің тиімділігін қамтамасыз ету болып табылады. Сондықтан дыбыстық техникалық оқу құралдар қатарына жататын магнитофонды қолдана отырып, шығармашылық қабілетін даму барысында ой бостандығы және ой еріктілігі, логикалық ойлауды талдағыштық тұрғыға жетелеп өзін - өзі дамытатын белсенді ой еңбегінің атқаратын қызметі зерттелді.

Қалыптастыру кезеңінде қолданылған әдістемелер негізінен тұлғаның ой икемділігін және ой ұшқырлығын зерттеуге арналған. Зерттеуде қолданылған әдістемелер шет тілін оқытудағы шығармашылық қабілетінің мынадай қырларын калыптастыратынын және дамытатынын негіздедік:

- пікірлердің өзгеріп туындауы және өзіндік ізденіс;
- жаңа бірдеңе тудыру тұрғысындағы танымдық әрекет;
- оқу ісіне берілгендіктен өз еріктерімен еңбек етіп бір – бірінен асып түсуге, өзінің даралығын көрсетуге ұмтылыс жасау;
- өзін - өзі басқару, ой еркіндігі және логикалық ойлау жылдамдығы.

Қалыптастыру кезеңінде қолданылған әдістемелер қатарына көрсетілген бейне фильмнен кейін нақты сұрақтарға жауап беру арқылы студенттер өз ойларын ортаға салу, шәкірттердің тілге деген қызығуын арттыруға, білім деңгейін тексеру құралы ретінде ойындарды қолдану, әңгіме жазу және шығарма жазуды атаймыз. Сонымен қатар жобалық әдістемеден тұлғаның өзіндік ізденіс, өзінің даралығын көрсетуге ұмтылыс жасаумен, танымдық әрекеттерін жоғары деңгейден көрсете алуын байқаймыз. Зерттеу басындағы нәтижелерді зерттеу аяғындағы нәтижелермен салыстыру арқылы, біз осы жасалған жұмыстардан шығармашылық қабілетінің шет тілін оқытудағы даму деңгейін көре аламыз. Сондықтан зерттеудің нәтижелерін сараптай келе, қалыптастыру, ұйымдастыру және қорытындылау арқылы шет тілін оқытудағы шығармашылық қабілетін дамытудағы әдістемелерді үнемі жүйелі түрде қолданбасақ, онда шет тілін оқытудағы шығармашылық қабілетін дұрыс дамымайды. Кейбір дамыту кезіндегі дағдылардың пайда болғанымен, үнемі дамытылмаған соң жоғары интеллекті шығармашыл тұлға тәрбиелуіміз мүмкін емес.

Әрбір ойлау қабілетінің шығармашылық бағыты бар. Кез келген ойлау қабылдаудан басталады да әрекетпен аяқталады. Ойлау әрекетінің негізгі бөлімі – шешім қабылдау. Ойлау қабілетінің жылдамдығын зерттеуге арналған әдістемелер ойлау қабілетінің жылдам дамуы және танымдық белсенділіктің дербестігінен, ой еркіндігінің жоғары болуы және қиялға беріле білу ой икемділігі байқалды.

Бізге шет елдердің тілдерін оқып білу олардың тілімен қатар тарихын, мәдениеті мен өнерін, экономикасы мен саясатын, әдебиетін танып біліп, сана – сезімімізбен, рухани мәдениетімізді қалыптастыруда бірден – бір табыс көзі болмақ. Шет тілін меңгерудегі шығармашылық қабілетінің даму әрекетіндегі ойлау қабілетінің өзін - өзі басқару, танымдық әрекет дамуы, керек ақпаратты қажет кезінде таба білуі, қиялдау арқылы жаңа ой тудыруы, ой белсенділігінің дербестігі айғақ болады. Шет тілі тұлғаның рухани жан - дүниесін байытыды, ой - өрісін кеңейтеді, көркемдік талғамын тәрбиелейді, халақаралық достыққа, мәдениетке тәрбиелейді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Білімді адамнан әлемнің бүтіндей бейнесін қабылдай алатын шығармашыл таныммен тікелей қатынас жасайтын адамды дайындау, бүгінгі күннің негізгі талабы болып есептеледі. Қоғамның жаңа талап - тілектерін, жаңа әлеуметтік сұраныстарды қамтамасыз ету үшін шығармашыл ойлаушы, тәуелсіз жеке адамдарды, айрықша ұрпақтарды тәрбиелеу қажеттілігі бүгінде аса маңызды болып отыр. Сондықтан қазіргі білімдер жүйесіне мәнді өзгерістер енгізілуде. Ғылыми – прогресс дамыған ғасырдағы өмір әр алуан және күрделі болғандықтан, осы өмір талабына сай болатын ұрпақты тәрбиелеу қажеттілігі туындап отыр.

Шығармашылық қызмет адамнан барынша табандылықты, білімді, қабілетті талап етеді. Өйткені ол адамның ойлау қызметінің арқасында туындайтын жаңа білім, жаңа көзқарас.

Қабілеттілік адамның ақыл-ой өзгешеліктірінін жеке қасиеттерін көрсететін, кез келген адамнан табылатын қасиет.

Зерттеу кезінде адамның шығармашылық қабілетінің ерекшеліктері айқындалды және ғылыми – теориялық әдістемелер тұжырымдалды. Оқу – тәрбие үрдісі барысында шығармашылықты қалыптастырудың педагогикалық шарттары негізделді.

Шығармашылық қабілетін дамыту кезінде ойлау қабілетіне әсер ететін басқа да факторлар айқындалды. Қабілеттіліктің ойдағыдай дамуы адамда тиісті білім жүйесінің, икемділік пен дағдының болуына байланысты. Жүйелік адамдардың шығармашылық процесін жеңіл басқаруға мүмкіндік жасайды.

Ал, даму мен қалыптасу бір – бірімен байланысты жеке тұлғаның өзіндік ерекшелігін танытатын процестік сипаты бар ұғым. Даму қалыптасу орта, тәрбие әсерінен өзгеріске түсетін, жаңаратын күрделі құбылыс.

Бастысы, әрекет кезінде белгіленген мақсатты шығармашылықпен іске асыру.

Ғылыми – зерттеу әдістемесі бойынша «шығармашылық», «қабілет», «шығармашылық қабілет» ұғымдарына талдау жасалды. Пайдаланылған әдебиетті талдау, саралау арқылы білім беру жүйесіндегі жеке адам қалыптасуының ең басты компоненттері айқындалды: өзін - өзі ұйымдастыру, өзін - өзі дамыту (өзін жетілдірудегі саналы жұмыс).

Жеке тұлғаның өзін - өзі ұйымдастыру қабілетінің дамуына қажеттілік сферасы арқылы әсер ететіні және өзін дамыту, пайдалану адамның интеллектуалдық ерекшелігіне және еріктік бағытта болатын әрі қарай әрекетке дамитын қабілет екені анықталды. Өйткені бұл қабілет жоғарғы деңгейде өзін дамыта, ұйымдастыра алатын тұлғаларда ақыл –ойдың дербестігі, өзіне сенімділігі, табандылық сияқты қасиеттер арқылы шығармашылықты дамытады.

Өзін жетілдіру, өзін - өзі ұйымдастыру үшін қажетті аса маңызды қасиет – ол салауаттылық. Шығармашылықты дамыту үшін салауаттылық, рухани байлық. Өйткені ол үшін денсаулық мәдениеті, еңбек қабілеті, рухани байлық

кажет, сонда ғана адам өзін – өзі жеңеді, жетілдіреді, бұл жеңістің төресі. Бұл – шығармашылық.

Адамның барлық жақсы қасиеттері, жақсы сапасы тек қана биологиялық емес әлеуметтік жағдайлардан да болады. Өзін дамыту адамның интеллектуалдық ерекшелігін әрі қарай дамытатын қабілет болғандықтан ақыл-ойдың дербестігі, өзіне сенімділігі, сияқты қасиеттер арқылы шығармашылықты дамытатыны белгілі болды.

Шығармашылық қабілетінің дамуына әсер ететін тапсырманың шешу жолдарын әр-алуан ойға салып, өз бетімен шешу болып табылады.

Оқу барысында оқушы білімнің екі түрін меңгереді: табиғи және қоғамдық болмыс жағдайларында теориялық және практикалық міндеттерді шешудің тәсілдері туралы білімдер шешілді.

Пайдаланылған әдебиетке талдау жасау арқылы мынадай әдістемелер белгілі болды:

студенттердің ойлау қабілетінің жан – жақты дамуы үшін, жеке тұлғаның ізденісін арттыру қажет. Мысалға жаңа технологияны меңгеру арқылы: компьютер, интернет, медиатека және акпарат құралдары арқылы. Және дәстүрлі емес сабақ түрлерін өткізетін болсақ шығармашылықтың мынадай қырларының бірте – бірте дамуы мүмкін:

- өзіндік ізденіс, жаңа бірдеңе тудырудың әрекеті;
- өзінің даралығын көрсетуге ұмтылу;
- өзін - өзі басқару, ой өрісі, ой еркіндігінің жоғарылауы;
- оқу материалдарын өзі зерттеп талдау, синтез, салыстыру тәсілдері, қолдану жаттығулары;

Жобалап құрылған әдістемелер арқылы белсенді ауызша практиканы меңгеруге үлкен мүмкіндік туғызып, олардың шет тілін әрі қарай үлкен ықыласпен оқуларына зор көмегін тигізеді.

Зерттеу жұмысы кезінде ғылыми, дидактикалық және оқу - әдістемелік әдебиеттерге жасалған талдаулар арқылы тексеру жұмыстары жүргізілді. Жүргізілген зерттеу шет тілін оқыту арқылы тұлғаның шығармашылық қабілетінің даму жолдарын айқындады.

Бірінші кезеңде тұлғаның шет тілін қатынас құралы ретінде меңгере отыра, жеке тұлғаның есте сақтау, ойлау қабілеттерін зерттеу үшін келесі әдістемелерді қолдандық. Осы әдістемелердің маңыздылығы шет тілінде жазылған сөздің мағынасын есте сақтау, еске түсіру және нақты аудармасын біту дағдысымен қатар, ойлау арқылы бұрынғы білгенін еске түсіру және керек акпаратты қажет кезінде таба білу болып табылады.

Шет тілі пәнінің оқыту үрдісін тиімді ету мақсатында техникалық оқу құралдарын (ТОҚ) қолдануды дұрыс деп шештік. Оқыту құралдарының атқаратын қызметі, негізінен, оқыту процесін жеңілдете отырып оқу уақытын үнемдеу, сондай-ақ сабақ мазмұнын интерактивтілігін күшейту, мол акпарат беру, оқытушы мен студенттің оқу әрекетінің тиімділігін қамтамасыз ету болып табылады. Сондықтан дыбыстық техникалық оқу құралдар қатарына жататын магнитофонды қолдана отырып, шығармашылық қабілетін даму барысында ой бостандығы және ой еріктілігі, логикалық ойлауды талдағыштық тұрғыға

жетелеп өзін - өзі дамытатын белсенді ой еңбегінің атқаратын қызметі зерттелді.

Қалыптастыру кезеңінде қолданылған әдістемелер негізінен тұлғаның ой икемділігін және ой ұшқырлығын зерттеуге арналған. Зерттеуде қолданылған әдістемелер шет тілін оқытудағы шығармашылық қабілетінің мынадай қырларын қалыптастыратынын және дамытатынын негіздедік:

- пікірлердің өзгеріп туындауы және өзіндік ізденіс;
- жана бірдеңе тудыру тұрғысындағы танымдық әрекет;
- оқу ісіне берілгендіктен өз еріктерімен еңбек етіп бір – бірінен асып түсуге, өзінің даралығын көрсетуге ұмтылыс жасау;
- өзін - өзі басқару, ой еркіндігі және логикалық ойлау жылдамдығы.

Осы әдістемені қорытындылай келе, өзіндік ізденіс, өзінің даралығын көрсетуге ұмтылыс жасаумен, танымдық әрекеттерін жоғары деңгейден көрсете алды. Бакылауға арналған тапсырмалар немесе жаттығулар белгілі білімді қолдана отырып жасалған өзгеріске байланысты қорытынды жасау. Жүйелі жұмыс жасау күнделікті құбылысқа басқаша қарауға бағыттайды. Қысқаша бакылау жасаудың өзі көптеген құнды ұғымдарды түсінуге және қажет акпаратты жинауға ықпал етеді.

Қазақстандық ғалым Н.Д. Хмельдің пікірінше, қандай болсын мамандықты игерген адамды үш аспектіде сипаттау керек: мотивациялық, мазмұндық және әрекеттік. Біз осы тұжырымға сүйеніп, студенттер бойынан шетел тілін оқыту арқылы шығармашылық қабілетті дамыту іс-әрекет процесінде мотивациялық, мазмұндық және әрекеттік құрамдас бөліктер ұштасуы керек деп есептейміз. Студенттердің шет тілін оқудағы шығармашылық қабілетінің қалыптасу мазмұнына негіздеме жасай отырып, біз оның сандық және сапалық сипатын көрсететін теориялық моделін ұсынамыз. Осы модельдің критерийлері мен көрсеткіштері арақатынасының әртүрлі дәрежеде көрініс беруіне байланысты зерттелетін шығармашылық қабілеттің мүмкін болатын төрт шартты деңгейі анықталды: жоғары, жеткілікті, орташа, төмен.

Зерттеу басындағы нәтижелерді зерттеу аяғындағы нәтижелермен салыстыру арқылы, біз осы жасалған жұмыстардан шығармашылық қабілетінің шет тілін оқытудағы даму деңгейін көре аламыз. Сондықтан зерттеудің нәтижелерін сараптай келе, қалыптастыру, ұйымдастыру және қорытындылау арқылы шет тілін оқытудағы шығармашылық қабілетін дамытудағы әдістемелерді үнемі жүйелі түрде қолданбасак, онда шет тілін оқытудағы шығармашылық қабілетін дұрыс дамымайды. Кейбір дамыту кезіндегі дағдылардың пайда болғанымен, үнемі дамытылмаған соң жоғары интеллекті шығармашыл тұлға тәрбиелуіміз мүмкін емес.

Әрбір ойлау қабілетінің шығармашылық бағыты бар. Кез келген ойлау қабылдаудан басталады да әрекетпен аяқталады. Ойлау әрекетінің негізгі бөлімі – шешім қабылдау. Ойлау қабілетінің жылдамдығын зерттеуге арналған әдістемелер ойлау қабілетінің жылдам дамуы және танымдық белсенділіктің дербестігінен, ой еркіндігінің жоғары болуы және қиялға беріле білу ой икемділігі байқалды.

Зерттеуде қолданылған әдістемелер шет тілін оқытудағы шығармашылық қабілетінің мынадай қырларын қалыптастыратынын және дамытатынын негіздедік:

- пікірлердің өзгеріп туындауы және өзіндік ізденіс;
- жаңа бірдеңе тудыру тұрғысындағы танымдық әрекет;
- оқу ісіне берілгендіктен өз еріктерімен еңбек етіп бір – бірінен асып түсуге, өзінің даралығын көрсетуге ұмтылыс жасау;
- өзін - өзі басқару, ой еркіндігі және логикалық ойлау жылдамдығы.

Қорытындылай келе, шығармашылық қабілетке жалпы сипаттама беретін болсақ, біздің ойымызша қабілет психиканың сыртқы және ішкі көрінісі, сонымен қатар адамның ақыл-ой өзгешеліктерінің жеке қасиеттерін көрсететін, кез келген адамнан табылатын қасиет болғандықтан, шығармашылық қабілет адамның танымдық іс - әрекеті, белгілі ақпараттар, жаңа тәсіл, жаңа амалды қолдану және ойлау қызметінің арқасында туындайтын жаңа білім, жаңа көзқарас болып табылады. Шығармашылық қабілеттің жалпы ойдағыдай дамуы адамда тиісті білім жүйесінің, икемділік пен дағдының болуына тікелей байланысты. Бізге шет елдердің тілдерін оқып білу олардың тілімен қатар тарихын, мәдениеті мен өнерін, экономикасы мен саясатын, әдебиетін танып біліп, сана – сезімімізбен, рухани мәдениетімізді қалыптастыруда бірден – бір табыс көзі болмақ. Жалпы жасалған зерттеуді қорытындылай келе, шет тілін оқытудағы студенттердің шығармашылық қабілетін дамытудағы әдістемелерді жүйелі түрде қолдансақ, шығармашылық қабілетті біртіндеп дамытуға бағыт аламыз. Жүйелі жұмыс жасау күнделікті құбылысқа басқаша қарауға бағыттайды. Осы әдістемелерді қолдана келе, өзіндік ізденіс, өзіндік даралық және танымдық әрекеттерге ұмтылыс жасаумен жоғары деңгейден көріне алады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ:

1. Философиялық сөздік. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы., 1996. – 525б.
2. Педагогика және психология. Қазақ тілі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Мектеп., 2002. – 254б.
3. Момынбаев Б. Студенттердің техникалық шығармашылығын қалыптастырудың және дамытудың дидактикалық мәселелері. //Қазақстан жоғары мектебі.-2002. №1.-Б.88-89
4. Немов Р.С. Психология. Учеб. для студентов высш. пед. учеб. заведений. В 3 кн. Кн. 1. Общие основы психологии. – 2-е изд. – М.: Просвещение: ВЛАДОС, 1995. – 576 с.
5. Возрастная и педагогическая психология: Хрестоматия: Учеб. пособие для тех-ов/Сост. И.В.Дубровина, А.М.Прихожан, В.В.Зацепин. – М.: Академия, 1999.-314 с.
6. Никитин Б., Никитина Л. Мы, наши дети и внуки, - М.: Молодая гвардия, 1989. -331с.
7. Дружинин В.Н. Психология общих способностей. – 2-е изд., - СПб.: Питер, 1999. – 360 с.
8. Сиротюк А.Л. Обучение детей с учетом психофизиологии: Практическое руководство для учителей и родителей.-М.: ТЦ Сфера, 2000. – 192 с.
9. Пидкасистый П.И. и др. Психолого-дидактический справочник преподавателя высшей школы/ П.И. Пидкасистый, Л.М. Фридман, М.Г. Гарунов – М.: Педагог. о-во России, 1999. – 354 с.
10. Қазақстан Республикасының білім беру заңы. Астана., 2000 Егемен Қазақстан. - 24 тамыз 2001.
11. Годфруа Ж. Психология., изд. в 2 т., том 1. – М.: Мир, 1992.- 436 с.
12. Лук А.Н. Психология творчества. – Наука, 1978.- 201с.
13. Теплов Б.М. Способность и одаренность//Психолого- педагогическая хрестоматия. – М.1981. – 125с.
14. Кенжебаев Т., Молдаков Р. Әбунасыр әл-Фараби дидактикасы туралы. //Ұлт тағылымы, ғылыми – педагогикалық басылым.- 2002.- № 1.-Б.28-30
15. Башарұлы Р. Тәрбиенің толғақты түйіндері.//Ұлт тағылымы, ғылыми – педагогикалық басылым.- 2001.- № 3.-Б.17-22
16. Тойлыбаев. Б. Ұлттық тәрбиеде жеке тұлғаның қалыптасуы.//Ұлт тағылымы. –2004.- № 2. – Б. 7-10
17. Асанов Ж. Жеке тұлғаның қалыптасу мәселесі.//Қазақстан жоғары мектебі.- 2002. №2.-72 б.
18. Жапбаров А. Оқушының тілін дамыта оқытудың мазмұны. // Қазақстан жоғары мектебі.- 2004. № 2.- 63 б.
19. Педагогика. Дәріс курсы. Алматы.: Нұрлы әлем., 2003. – 368 б.
20. Холодная М.А. Когнитивные стили о природе индивидуального ума: Учеб. пособие для вузов.-М.: ПЕР СЭ, 2002. – 304 с.
21. Байжұманова Б. Бастауыш мектеп оқушыларының творчестволық қабілетінің дамуын экспериментальды зерттеу. //Ұлт тағылымы, ғылыми – педагогикалық басылым.- 2002.- № 1.-Б.54-57

22. Обучение иностранным языкам в школе и вузе: Метод. пособие для преподавателей, аспирантов и студентов/И.В. Вронская, К.К. Остапенко, Л.Н.Скопинская и др.-СПб.: Каро, 2001. – 204 с.
23. Сабыров Т. Оқыту теориясының негіздері. Алматы. Республика баспа кабинеті. 1993. – 96 б.
24. Гальскова Н.Д. Современная методика обучения иностранным языкам: Пособие для учителей. – М.: АРКТИ, 2003. – 192 с.
25. Пассов Е.И. Урок иностранного языка в средней школе. – М., 1988.-223 с.
26. Зимняя И.А. Педагогическая психология: Учебник для вузов.-2-е изд., – М.: Логос, 2003. – 384 с.
27. Абылкасымова А.Е. Познавательная самостоятельность в учебной деятельности студента.- Алматы: Санат, 1998.-160 с.
28. Жарықбаев Қ. Жантану негіздері. – Алматы, 2002. – 415 б.
29. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии – СПб.: Питер, 2000. – 720 с.
30. Выготский Л.Н. Воображение и творчество в дошкольном возрасте. - СПб.: Союз, 1997. – 180 с.
31. Сүлейменова Ж. Техникалық оқу құралдарын қолдану – заман талабы.// Қазақстан жоғары мектебі.-2004. №4.- Б. 163.
32. Фазлова Р.П. Неміс тілі сабақтарындағы жобалар.//Мектептегі шет тілі. – 2003. №1.-Б.64
33. Талызина Н.Ф. Педагогическая психология: Учебник для тех-ов.- 3-е изд. - М.: Академия, 2001. – 288 с.
34. Сәдуақасова Г. Өзіндік бақылау және оның функциялары. //Ұлт тағылымы, ғылыми – педагогикалық басылым.- 2004.- № 3.- Б. 38.
35. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, мамандығы “031940 – Шетел тілі: екі шетел тілі”. Ресми басылым, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі. Астана 2001. - 40 б.
36. 031940 – «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығына арналған типтік бағдарлама, Алматы. – 2003.
37. Бодыкова И.Н. Болашақ мұғалімдерді экологиялық іс-әрекет процесінде оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеуге даярлау. Автореферат. Алматы, 2002-24б.
38. Төлешова Ұ. Болашақ маман тұлғасын қалыптастыру.//Қазақстан мектебі, ғылыми – педагогикалық басылым. – 2001.-№1.- Б. 27.
39. Бадмаев Б.Ц. Психология в работе учителя: В 2-х кн.-М.: ВЛАДОС. – 2000. – 240 с.
40. Психогимнастика в тренинге: Каталог: 220 упражнений для развития способностей/ Под ред. Н.Ю. Хрящевой. – СПб.: Речь, 2000. – 256 с.
41. Столяренко Л.Д. Основы психологии: Практикум.-Ростов-н/Д.: Феникс, 2003.-704 с.
42. Сағынбекова З.Ә. Ағылшын тілі бойынша праткиаға дайындық кезінде оқушының шығармашылық қабілетін дамыту бағдарлары.//Қазақстан мектептеріндегі шетел тілдері.-2004. №2. - Б. 70.

43. Отечественская И.Б. Об одном из подходов к формированию творческого мышления личности // Менеджмент в образовании.-2003.-№3.-С. 106.
44. Жанадилов Т.А. Видеоефильмы в обучении иностранному языку.//Иностранные языки в школе.-2004.-№6.- С. 17.
45. Бәйнеш Ш.Б. Сабакта ойындарды колдануға қойылатын талаптар//Қазақстан мектептеріндегі шетел тілдері.-2004. №4. - Б. 24.
46. Колмагорова Е.А., Мадиярова Д.М., Тихомирова В.Т. Модели интерактивного обучения: Пособие для молодых преподавателей высшей школы. --Алматы, 2001.-32с.
47. Бориско Н.Ф. Самоучитель немецкого языка . Т. 2. – Киев: «Логос», 2004. – 512 с.
48. Әбіғали С.Ә. Әдістеменің өзекті проблемалары.//Қазақстан мектептеріндегі шетел тілдері.-2004. №4.-Б. 5.
49. Themen neu 1. Lehrwerk fuer Deutsch als Fremdsprache. Kursbuch. “Max Hueber Verlag”, 1992.-160.
50. Themen neu 1. Lehrwerk fuer Deutsch als Fremdsprache. Arbeitsbuch. “Max Hueber Verlag”, 1992.-120.
51. Themen neu 2. Lehrwerk fuer Deutsch als Fremdsprache. Kursbuch. “Max Hueber Verlag”, 1992.-160.
52. Themen neu 2. Lehrwerk fuer Deutsch als Fremdsprache. Arbeitsbuch. “Max Hueber Verlag”, 1992.-130.
53. Blick. Band 1. Mittelstufe Deutsch fuer Jugendliche und junge Erwachsene. Lehrbuch. “Max Hueber Verlag”, 1995.-127.
54. Blick. Band 1. Mittelstufe Deutsch fuer Jugendliche und junge Erwachsene. Arbeitsbuch. “Max Hueber Verlag”, 1995.-110.
55. Миролюбов А.А. История отечественной методики обучения иностранным языкам: Учеб. пособие для вузов, - М.: Ступени, ИНФРА-М, 2002. – 448 с.
56. Жапбаров А. Оқушының тілін дамыта оқытудың мазмұны.//Қазақстан жоғары мектебі.-2004. №2.- Б. 63.
57. Әбенбаев С. Оқыту процесіндегі оқушылардың эстетикалық тәрбиесін жетілдіру мәселесі.//Қазақстан мектептеріндегі шетел тілдері.-2004. №5(17).-Б. 15.
58. Хмель Н.Д. Жалпы білім беретін мектептегі педагогикалық процесс. – Алматы: Ғылым, 2002. – 320 б.
59. Педагогика: педагогические теории, системы, технологии. Под ред. С.Н. Смирнов. – М.: Академия, 2001. – 205 с.
60. Матюшкин А.М. Концепция творческой одаренности. // Вопросы психологии. – 1989.-№ 6.
61. Ясвин В.А. Тренинг педагогического взаимодействия в творческой образовательной среде/ Под ред. В.И. Панова. М: Молодая гвардия, 1997.
62. Хмель Н.Д. Біртұтас педагогикалық процесті жүзеге асырудың теориясы мен технологиясы. – Алматы.: Ғылым, 2003.
63. Психология одаренности: от теории к практике./ Под ред. Д.В. Ушакова. – М.: 2000.

64. Подласый И.П. Педагогика, М.: Владос, 2003. Кн.1: Общие основы : процесс обучения.
65. Бабанский Ю.К. Избранные педагогические труды. М.: Педагогика, 1989.- 560 с.
66. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии.-М.: Просвещение, 1989.-192 с.
67. Гин А.А. Приемы педагогической техники: Свобода выбора. Открытость. Деятельность. Обратная связь. Идеальность: Пособие для учителя.-М.: Вита-Пресс, 1999.-88 с.
68. Игры –Обучение, тренинг, досуг.../Под ред. В.В.Петрусинского // в четырех книгах.- М.: Новая школа, 1994.-368 с.
69. Храпченко Г.М. Проблемы содержания и методов обучения в школах Казахстана.- Алматы: 1983.-134 с.
70. Studieren in Kassel: CD-ROM. – 2000
71. Studium der Kulturwissenschaften.-Frankfurt: Europa-Universitaet Viadrina, 2002.-16с.
72. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии: Учебно пособие.- М.: Народное образование, 1999.-256 с.
73. Орлов А.Н. Управление учебно-воспитательным процессом в высшем педагогическом учебном заведении: Учеб.пособие для вузов.-Алма-Ата: Мектеп, 1989.-112с.
74. Бодалев А.А., Столин В.В. Общая психодиагностика: Учебник.-СПб.: Речь, 2000.-440 с.
75. Гиппенрейтер Ю.Б. Введение в общую психологию: Курс лекций: Учеб.пособие для вузов.- М.: ЧеРо, Юрайт, 2001.-336с.
76. Колкер Я.М. и др. Прагматическая методика обучения иностранному языку: Учеб.пособие для вузов/Я.М. Колкер, Е.С. Устинова, Т.М. Еналиева. – М.: Академия, 2001. – 264 с.
77. Общая психология: Курс лекций для первой ступени педагогического образования/Сост.Е.И.Рогов.-М.: ВЛАДОС, 2002.-448с.
78. Алибаева Н.А. Методическая разработка по немецкому языку.-Астана.: Фолиант, 2003.- 152с.
79. Рогова Г.В. Методика обучения английскому языку: Учеб. пособие для вузов.-2-е изд., перераб.и доп.-М.: Просвещение, 1983.-351с.
80. Стефановская Т.А. Педагогика: наука и искусство: Курс лекций: Учеб.пособие.-М.: Совершенство, 1998.-368с.
81. Давыдов В.В. О понятии развивающего обучения // Педагогика, 1995, № 1.- С. 29-39.
82. Дьяченко В.К., Кусаинов Г.М. Диалоги о школе 21 века / Под ред. К.Х. Закирьянова.- Алматы: Галым, 1995.-207с.
83. Крижанская Ю.С., Тетьяков В.П. Грамматика общения.- Л.: изд. ЛГУ, 1990.- 208 с.
84. Субханкулов М.Г. Психологические особенности контактных процессов в педагогическом общении.- Кокчетав, 1988.-42 с.

85. Философско-психологические проблемы развития образования/ Под ред. В.В. Давыдова.- М.: Педагогика, 1981.- 176 с.
86. Зинченко В.П. Психологические основы педагогики: Психолого-педагогические основы построения системы развивающего обучения Д.Б. Эльконина-В.В. Давыдова: Учеб. пособие для вузов.-М.: Гардарики, 2002.- 431с.
87. Адильгазин Г.З., Отеческая И.Б. Об одном из подходов к формированию творческого мышления личности// Менеджмент в образовании. – 2003.-№ 3.-С. 106-111.
88. Бишимбаева В. Формирование креативных качеств в высшей школе // Высшая школа Казахстана. – 2003.-№4.-С.9-16.
89. Хайруллина С.А. Иновационные технологии обучения немецкому языку // Иностранные языки в школах Казахстана.-2003.№6.-С.28-35.
90. Кунанбаева С.С. Динамика становления иноязычного грамматического навыка у билингов.-Алматы: КазГУМЯ, 1995.-170с.
91. Проблемы педагогики и методики преподавания иностранных языков: Сб. научных статей.-Алматы: КазГУМЯ. Ч.Ш.-1997.-57с.
92. Настольная книга преподавателя иностранного языка: Справочное пособие/Е.А. Маслыко, П.К. Бабинская, А.Ф. Будько и др.-5-е изд.,- Мн.: Высшая школа, 1999.-522с.
93. Вопросы контроля обученности учащихся иностранному языку: Метод. пособие/ Под ред. А.А. Миролубова. – Обнинск: Титул, 2001.-80с.
94. Оценка качества подготовки выпускников средней школы о иностранному языку/Сост. Е.Е. Горчилина. – М.: Дрофа, 2001. – 96
95. Нурмагамбетова Б.А., Сатынская А.К. Учителю об одаренности: Учебно-методическое пособие.-Павлодар: Изд-во ПаУ, 2004.-54с.
96. Наука и образование на рубеже тысячелетий: Материалы региональной научно-практической конференции молодых ученых.-Павлодар: ПаУ. Ч.П.- 2000.-125с.
97. Педагогика и психология высшей школы: Учеб. пособие для вузов/М.В.Буланова-Топоркова, А.В.Духавнева, Л.Д.Столяренко и др.; Под ред. С.И. Самыгина.-Р.н/Д.: Феникс, 1998.-544 с.